Thiery Am. Histoire d'Attila et de ses successens jusqua cetablissement des Hongrois en Europe, suivie des legedes et traditions. Т. II. Paris, 1856.

Толстов С.П. Города гузов (историко-топографические этюды) СЭ, 1947, №3.

Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта.М.,1962. С,23-24.

Толстов С.П. Древний Хорезм. М., 1948.

Ибн-Фадлах

Тизенгаузен Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Т.1. СПб, 1884; Архив АН СССР, ф. 23, д.6.

Тынышбаев М. Материалы к истории казак-киргизского народа, стр. 63.

Урантай Корумбай. Кипчпки, Насихат ал-казакие. Казань, 1900, с.9

Фирдоуси. Шах-наме

Хилков И. СПб, 1849.

Ховорс Х. История монголов. Т.I, 1889.

Худуд ал-алем. Minorsky V. Hudud al-Alam «The Regions of the World». A Persian Geography 372 А.Н. 982 A.D/ London, 1937

Шәкәрім Кудайберды оглы. Түрік, қырғыз, қазақ һам ханлар шежіресі. Оренбург, 1911.

Шарафеддин Йазди. Зафар-наме. Ташкент, 1972

Юдин П.А. Церемония ханских выборов у киргизов. Русский архив, 1892. №4.



## ТАРИХИ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ЖАЗУ МӘДЕНИЕТІ

Жазу көп заман ішіндегі мәдениет тарихының аса бір жарқын түрі, жазу болмаса дүниенің өткендегі тарихын, оның мәдениет белгісін, өнерін, сәулет өркендеуін, әдебиет шығармасын білу, әрине, зор қиындыққа түсер еді. Есею, өркендеу, ой-сананың ілгері басуы, ғылыми көзқарастың биікке өрлеуі, қоғам тіршілігіне күш беру – көбінесе ой мен жазуға байланысты. Осыларды еске түсіргенде, жазудың келіп шығуы осы күнгі білім қазынасының қайнар бұлағы, ой жүйесінің сарқылмас кеніші.

Сахарада қолданған жазулардың ізіне түсіп көрсек, ертедегі қазақ тайпаларының, түрік тілдес елдердің жазу үлгісі өте ерте дәуірден дәстүр болғаны байқалады. Оның ең биік сатыға жеткен кезі, әсіресе, V-VIII ғасырлар кезі, Жетісу мен Ертіс, Орхон, Енисей өзендері бойында топталған тас жазулардың осы күнге дейін сақталып, олардың ғылыми бір ғажайып жүйеге түсіп, осы күнгі қызықты дәуірде ғылымның таусылмас мирасына айналған түрі. Бұл жазулар сол кезде жасаған тайпалардың ұмытылмас ізі, олардың өсу дүниесіне келтірген ашық үлгілері. Орхон жазуы

бойынша қыпшақтар түрік қағанатын елу жыл билеп отырғаны айтылады. (*Моин Чор*).

Орта ғасырларда қия тасқа, болмаса құлпытасқа түсірген әдемі жазулар, эпиграфиялық белгілер, Қазақстан сахарасында өте көп болған. Олар әрбір түпкірлерде, өзен бойында, Қаратау, Ұлытау, Маңғыстау сияқты өлкелерде мың-мыңнан кездесіп отырады. Олардың тасқа түсірген іздері бізден бұрынғы III-I ғ, I-V ғ, VI-IX ғасырлардың арасын көрсетеді. Кейін шыққан жазулар ойғыр, не араб әріптерімен түсірілген ескі қыпшақ, қаңлы, қарлық тілінде, не одан тарап шыққан қазақ, не басқа түрік тілінде ұшырасып отырады. Бір өкінішті жері, бұл Қазақстандағы тас жазулар әлі күнге ғылым саласына кірмей, осы күнге дейін белгісіз болып келеді.

Түркологтардың Совет комитетінің VI-шы пленарлық жиылысында тасқа түсірілген эпиграфикалық жазуларды зерттеп, суретке түсіріп, басып, альбом шығару мәселесі қойылған болатын. Онда Совет өлкелерінің көп жері қамтылған, бірақ Қазақстандағы тасқа түсірілген Орхон, ойғыр, араб әріптерімен жазған сөздер, эпиграфиялық жазулар туралы бір ауыз сөз айтпаған.

Егер Қазақстан өлкесінде топталған көп құлпытастағы эпиграфикалық жазуларды топтап, фотоға, суретке түсіріп, альбом жасап көпшіліктің алдына тартса, ол ашылған бір кітапханадан кем болмас еді. Тарихи заманнан, неше ғасыр бойы үсті-үстіне топталып келе жатқан «Көк тастағы», «Құлпытастағы» эпиграфикалық жазулар – қазақ халқының білімді, ой-сананы, жазуды жақсы көргенін, оған аса ынта қойғанын аса жарқын түрде суреттейтін бір ашық



дәлел. Осы ғажайып деректерді тағы толып жатқан қазақ жазуларын еске алып отырып, қазақтарды «Младописменный» халық, болмаса «жазуы болмаған ел» деп атау ешбір анықтыққа келмейтін, үстіртін айтылған пікірлер дер едім.

Ғалымдардың барлауынша археологиялық зерттеудің нәтижесінде Қазақстан сахарасында бес түрлі жазудың іздері сақталған. Оладың ең ескі түрі Орхон жазуынан көп бұрын шыққан, соған ұқсас келетін таңба сияқты жазулар. Олар осы өлкені ерте кезде қоныстанып, әрі көшіп, әрі егінмен шұғылданған, түркі тайпаларының ескі түбі – сақ, ғұн, үйсін, қаңлы жұрттары екені көрінеді. Географиялық бір өлкеге ғана сақталып, және жазудың бір жүйеде қалыптасуы, әрине, оны шығарушы осы Қыр Сахараны көп заман қоныстаған, ерте кездегі тарихи ұлы қауымдар, солардың мәдениет белгісі екені байқалады.

Бұдан көп заман кейін, осы жазуға ұқсас, соған жалғаса келетін, V-VI ғасырларда ол жазудың жаңа түрі тәртіпке түседі. Оның ескі түрі алғашқы шығып өркендеген мәдениет орталығы Түрік қағанаты астана еткен Жетісу өлкесі, содан ол Ертіс бойына Орхон, Енесай, Селенгі өзендеріне жайылады. Бүгінгі ғылымда «Орхон жазуы» деп аталатын бұл жазу IX ғасырға дейін өмір сүрді. Бірақ оның тарихи дәстүрі қыпшақ, карлұқ, жағмаут (Иағма), Шекті (Чегил) тайпаларының мүсін тастарында кейінгі ғасырларға дейін кездесіп отырады. Ең соңғы Орхон жазулары тек Күншығыс Түркістанда (XI-XII ғғ.) кездесіп отырады.

Орхон жазуының соңын ала, кейін соғдақ елінен ауысқан ойғыр жазуы белең алады. Бұл кезде христиан дінінің әсерімен, кейбір түркі тайпалары (Оғыз, Кере-

ит, Найман, Меркіт, Өңгіт-Уақ, Ойғыр) Сирия жазуын талисман етіп, онымен діни кітаптар, қабір тастарын, кальендарын жазып отырады. Ең соңында арабтар билеген заманнан бастап (VIII ғ.), совет дәуіріне дейін халықтың ой-санасына ықпал еткен араб жазуы.

Ең ескі дәуірде қазақ сахарасын қоныстаған тайпалардан белгілі жазу қалдырған елдер ғұндар, үйсіндер, қаңлылар. Бұлардың жазумен түсірген заңдары да болған (Багурин...). Олардың мекендеген қонысы ұланбайтақ кең дала, олардың ішінде ең әдемі сұлу жерлері Алтай, Хангай (Когман), Саян таулары, Монғолия, әдемі өзендері Енесай, Орхон, Ертіс, Іле, Орталық Қазақстан, Күншығыста, кейін Қытай елі тартып алған Кансу, Өр Төс бойлары, Као-Чан (Күншығыс Түркістан), Тәңірі таулары (қытайша Тянь-Шань), Жетісу, Сырдария, Арал теңізінің бойы, бүкіл Орта Азия төңірегі. Біздің заманымыздан екі ғасыр бұрын (177 ж.) ғұндар Жайық бойын Каспий теңізіне дейін, одан да әрі барды. Осы айтылған өлкелерде ғұн дәуірінен қалған мәдениет белгілері орасан көп. Олардың ішінде көзге ерекше түсетіндері алтыннан, күмістен, қоладан жасаған әдемі дүниелер. Халық шеберлері жасаған ғажайып көркем өнері. Бір үлгімен жасаған бұл сұлу өнердің көбірек жолығатын жері – Алтай, Орталық Қазақстан, Жетісу, Талас өзенінің бойы, Қырғыз жерлері, Арал теңізінің жалғасы, Каспий төңірегі, Солтүстік Кавказ, Қырым, тағы басқа жерлер. Қытайлар күшпен тартып алғанға дейін ғұндардың мәдениет орталығы болған жерінің бірі – Кансу, Өр төс өлкесі болған еді.

Ең ескі дәуірдегі ғұндар біздің заманымыздан екі мың жыл бұрын, Шан-Инь, Жоу заманындағы Қытай тарихында «Ху» деген атпен белгілі болған. Олар



мал бағушы, кен қазушы, көптеген мықты тайпалар. Олардың күшейіп, ұлы биікке шыққан кезі біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын. Олардың ұрпағынан шыққан мықты қолбасшысы, ел билеуші Түмен, оның баласы Бөде (Мөде). Бөде «оғыз ханның дастанында суреттелген оғыз ханның бір аты, ол ғұн ұлысын орасан күшейтті. Оның ерлік ісі Қытай тарихында әдемі айтылған. Бөдеден кейін ғұн елін басқарған Жабғу тәңірі (161-126жж. б.з.бұрын), ұлы әскер басы, ықпалы күшті дана кісі. Олар Күншығыс пен Күнбатыстағы көптеген тайпалардың тарихи дәуірден келе жатқан туыскандық байланысын біріктіріп, ұлы бір күш жасады. Оларды Қытай үкіметі тең түсірді, екінші ғасырларда Қытайды өзіне бағындырып, оларға жыл сайын салық салып тұрды. Ғұндарға ұлы күш берген елдер – ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, олармен туысқан қыпшақтар (кюеше), қырғыздар, қай-оғыздары, ойғырлар, тағы басқа тайпалар. Ғұн заманындағы тарихи уақиғаларды есінде сақтаған қырғыздар, қыпшақ, қаилар.

Ғұн мен үйсіндерді ерлік ісі – бар өмірін Қытайға қарсы жұмсауы, олармен көп заман соғысып өтуі, оларға қарсы мықты үкімет жасауы, қауымға күшті тәртіп кіргізуі. Осыған байланысты олардың кеменгер адамдары, атакты әскербасылары, шешен билері де аз болған жоқ. Үкімет басқаруда олар ең ескі жазуды қолданды.

Қытай анналдарының суреттеуінше, ғұндар сол кездегі ең ұлы мемлекеттердің бірі болды, Қытай елімен тең таласып, олардың тарихи дәуірден ұлы жауы саналды.

Бар өмірін Қытаймен соғысумен өткізген ғұндар олармен әлденеше рет кездесті. Ең жойқын соғыс

әсіресе біздің заманымыздан 214 жыл бұрын Қытай әскерін бастап шыққан Мын-Тяньмен соғысу. Бұл соғыс болардың алдында Қытайда қорқынышты әңгімелер көбейіп, «бізді Ху елі жоймақшы» (цан будет погублен Ху) деген сезіктену болады. Осының ықпалында Қытайдың патшалары (Цинь-Ши-Хуанди, т.б.) өзінің ұзын камалын тұрғыза бастайды («Китайские императоры для ограждения себя от Ху построил долую стену»). Бірақ бұл камал ғұндарға ешбір әсер еткен жоқ, олардың күні артыла берді. Дегенмен, 214 жылғы соғыста ғұндар жеңілді. Оларды қытай әскері Өр төстен, Инь-Шань тауынан қуып шығып, бостырды. Ғұндардың аса жақсы көрген орталығының бірі «Күміс тау» (Инь-Шань) – мал өсірудің, егін салудың шүйгін алабы, алтын, күміс, қола шығарудың кені. Қытай тарихының айтуынша, шекарада тұратын бір қарт ғұнның қария сөзі бойынша Күміс тауды Қытай әскері тартып алғанда ғұндар топ-тобымен ботадай боздап, Күміс таудан шыққысы келмейді, ақырында Қытай әскерінің қудалауымен шұбырып, не Жетісуға, не Алтай тауындағы туыскандарына босып кетеді.

Бұдан соңыра, біздің заманымыздан Жетісуға қалың әскер жіберіп, әскерін қырып босқа қайтты.

Ғұндардың Күнбатыс пен Солтүстікті билеген жерлерінде мәдениет орталығы болған жерлері Жетісу, жоғарғы Ертіс бойы, Орхон өзенінің жағасы (Монғолия), Арал теңізінің бойы. Біздің заманымыздан бұрын бір ғасыр бұрын Қазақстан мен Орта Азия елдерін билеген ғұнның атакты кеменгер адамы (тәңірі Күт) Шижи деген әскер басы. Оған үйсін қаңлы, қыпшақ, қаиы (оғыз), қырғыз, ойғыр елдері қарады. Оның мәдениет, саясат орталығы Шу, талас өзендерінің бой-



ында болды. Қытай тарихының айтуынша, Шижи осы Жетісу өлкесінде ұлы үкімет құрып, өзінің астанасын Талас өзенінің жағасында тұрғызды. Алым-салықты Күнбатыс еліндегі көп тайпалардан алып тұрды.

Осы кезде ғұн үкіметін басқаруға Шижи мен оның інісі Қоқанье таласады. Бұл соңғысы Қытай үкіметін жақтап, соған жағынғысы келеді. Оған Шижи мен ғұнның атақты билері бар күшімен қарсы тұрады.

– Бұл не деген сөз, біздің жауынгер әскерінен аз ба? Біздің дәстүріміз бойынша халықты өздері ғана басқарады. Қытай қанша мықты болғанымен ғұн елін тегісімен жұма алмайды.

Осы кезде Шижи күнбатыс мықты тайпалардан күн алып, үкіметін Жетісуда бекітеді.

Аса бір көңіл қоятын жарқын нәрсе, Шижи кезінде Шу, Талас өзендері бойында ұлы мәдениет орталығы құрыла бастауы. Бұл ғажайып оқиға Қытай тарихында өте көркем түрде сипатталып, кең жайылған, жібек қағаздарға қаланың суреттері түсіріліп, ол бүгінге дейін сақталып келген. Ол мәліметтердің бейнелеуінше, Талас қаласы ерте кездегі Самарқанд сияқты ұлы қаланың бірі болған. Бірақ аянышты жері, қаланың ғұн дәуіріндегі түпкі іргесі қазылмай, сол күйінде бүгінгі жаңа қаланың астында қалып қойған. Талас қаласы туралы жазылған байтақ мәліметтер еуропа тіліне көптен бері аударылып келеді. Оны біздің ғалымдар да әр уақыт есіне түсіріп отырады. Олардың ерекше қарауынша «Семиречье славилось своими городами, центрами ремесла и торговли западнотюркского каганата». Гомердің қытай тарихынан көруінше, Қытай әскері ұзақ уақыт жол шегіп, неше мың миль өткен соң

Шижиның астанасы Талас қаласына жетті. Шижиның қолында бірнеше Рим жалдама әскері бар еді.

Қытай анналдарын зерттеуші А.Херманның архивтен тауып көруінше, Шижиның екінші бір астанасы Шу өзені болған (біздің заманымыздан бірінші ғасыр бұрын). Оны ең алғаш жазған Сыма-Цянь былай дейді: «Шу бір үлкен мемлекет, Күнбатыста, Қытайдан көп алыс жерде, маңайы шөл өлкеде тұрады. Онда тұрушылардың заңы, әдеті мал бағушы жүндер». Жүн деп, ескі Қытай жазуларында ғұндардың ескі аталарын атайды. Олар қытайдың өшпенді жауы. Бұл тарихи бейне Махмұд Қашғари келтірген уақиғаға дәл келеді. Ол кісі айтқан ғой – «Ескендір Зұлқарнайын (Македонский) заманынан бұрын жасалған ескі қаланың бірі Шу қаласы». Оны салдырған Шу деген ел басқарушы (ғұн). Бұл сөздің құрылысына ерекше мән берген В.В.Радлов былай деген: «Древнейшая крепость Шу близ Баласагуна (более позднего), построенный царем Шу, как бы современником Александра Македонского. Крепость существовала в такое время, когда городов Сайрама и Баласагуна еще не было. У казахов вместе звука Ч заменился звук Ш и река Чу называется Шу. Очень вероятно, такие же произношение было тогда у тех тюрок, которые жили на берегах Чу».

Бұл сөзді В.В.Радлов бойынша В.В.Бартольд қостайды. Ол кісінің барлауынша, ерте кездегі Чу өзені бойында жасаған түріктердің сөйлеуі бүгінгі қазақтардың сөйлеуімен бірдей болған. Демек, «Шу» деп аталған ел басқарушының аты «Шижи» атының аңызға айналған бір түрі болуы ғажап емес.

Қытай тарихының айтуынша, «Шижи построил свою столицу и организовал шелковую дорогу от ки-



тайских пограничных западных территорий, которая вела через столицу Шижи к Антиохии и Маргиане» (Мерв). Оның тағы да барлауынша, «Шижи Орта Азияда үлкен үкімет құрып, Талас өзені бойында өзінің астанасын тұрғызды. Талас қаласын ең алғаш жасаған ғұн тайпасының зор тәңірісі – Шижи. Алатаудың теріскей бетінде, Талас өзені бойында біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын тұрғызды. Үкімет орталығы осы Талас қаласында болып, ғұндар жаз күні Орталық Қазақстанды жайлап қайтып жүрді. Қытай тарихының үзбей айтатыны «Шижи Қытайлардың ұлы жауы. Біздің заманымыздан 36 жыл бұрын Қытай Жетісуға жойқын әскер шығарып, Шижины құртпақшы болады. Әскерді басқарушы Чень Тан қалың қолмен Шансиден шығып, мыңдаған шақырым жер жүріп Талас қаласына жетеді. Бұл арада жойқын соғыс болады. Шижи Қытай әскерін мұнараның басына шығып атады. Бірақ не керек, Қытай әскері Шижиның Сарайын өртеп, өзін қолға түсіреді, өлтіріп, басын кесіп Қытайға алып кетеді.

Шижи мен Қытай әскерінің бірнеше күн аянбай соғысқан бұл ғажайып оқиғаны келістіре жазған ғалым, доктор Дайвендек. Ол Қытай анналдарын толық зерттеумен бірге олардың мұрағатында сақталып жатқан Талас қаласы туралы көп суреттер, карталар табады. Суретті карталарды жылтыр бетті жібекке түсірген. Олардың беттері, жиектері толығынан Талас қаласының, ондағы сарайдың түрін суреттеуге арналған. Қытай әскері бұл қаланы қалай қоршап алғаны топтаған суреттермен анықтауға арналған. Дайвендектің айтуынша, бұл жібек карталар, суреттер Қытайдың патшалар мұрағатында сақталып келген. Сондай жібекке, алғашқы түсірген Күншығыста Түр-

кістандағы көп жазуды, суреттерді, карталарды, көп жинаған белгілі ғалымның бірі – француз зерттеушісі Едуард Шаванни. Ол кісі де Қытайдан алыс жердегі елдерді бағындыруға шыққан Қытай әскерінің суретін көрсетеді. Соның ішіндегі бір ерекше сурет бұзыла бастаған мұнараның суреті. Қытай жазуында оны «Дуноу» деп атаған, бірақ дұрысында Қазақстандағы атақты мұнара «Дың» болуы керек.

Осы келтірген бай, әдемі жазуларды тереңірек ойлап қарасақ, Талас пен Шу қаласы ту ескі ғұн, үйсін дәуірінің өзінде атақты қалалардан саналып, мәдениеттің көркем байтақ орталығы болғаны көрінеді. Сондықтан олар тарих бетінде, жер бетінде көп мәдениет белгілерін қалдырған. Шу қаласы кейін IX-XIII ғасырларда жаңа атпен Баласағұн аталып, оның жойқын қалдығы сол күнге дейін Шу өзені бойында «Ақтөбе» деген атпен ақталып келеді.

Демек, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар Қазақстанның көп жерінде ерте дәуірдегі қала мәдениетін бірінші рет жасаған әйдік ұлыстар екені көрінеді. Академик В.В.Радловтың қытай тарихынан пайдаланған хабары бойынша, – «в середине III в. до н.э. многие тюркские племена соединились в одно могущественное государство, которые китайцы называют государством Хун-Ну, достигшим в царствование Моде (Боде) наибольшего значения (209-179). Они распадаются на тюрков западных и восточных, враждующих друг с другом, которые соединились вместе лишь благодаря походам Боде. На севере жили кипчаки, каиы, кыргызы и Дин-Ланы (Теленгиты). В числе Западных тюрков китайцы называют Усупь к югу от Балхаша, далее на запад канглы (кан-гю) до Амударви, к юго-западу



от них до Каспийского моря юз-джи. Бода покоряет все эти племена» (В.В.Радлов. Об уйгурах, 125. F.Hirth. Uber Wolda – Hunnen). Олардың қалдырған қола мәдениетінің ізі Жетісуда, Талас өлкесінде, Сырдария алабында, Арал теңізінің жағасында топ-тобымен кездесіп отырады. Дионский Периегеттің хабарлауынша, «ғұндар Каспий теңізінің алдында тұратын скифтермен қатар Арал теңізінің бойын қоныстайды». Қытай тарихының барлауынша, олар тегісімен Күншығыс түркітерінің ұрпақтары, қытай тарихында оларды Хун-Ну (гунны) деп атайды (В.В.Радлов, Уйгуры, 102-103). Олардың көпшілігі Арал теңізіне, қаңлыларға одан да әрі көшіп келген ғұндар (жубандар) (В.В.Радлов, Ху, 128). Бұларды бергі кезде толығынан зерттеген совет ғалымы С.П.Толстов. Ол кісінің көрсетуінше, Қытай анналдарының хабары бойынша біздің заманымыздың бірінші ғасырларында ғұндардың екінші бір мәдениет орталығы Арал теңізінің жағасымен, Сыр мен Амударияның төменгі тараулары. Ол өлкедегі қауымдарды басқарған кісінің атын Қытай тарихы Хуни деп көрсетеді. С.П.Толстовтың салыстыруынша, бұл Хуни Византия тарихында кездесетін ХунҒа дәл келеді, Орта Азияда жасаған Кидарит (Кидар) ғұндардың патшасы. Кидар сөзі X ғ. кездесетін кердері сөзімен тығыз байланысы бар. Олар XIII ғ. дейін Хорезмнің күншығыс теріскейінде, Амудария мен Арал теңізінің жағасында жасаған ел. Кейін Кердері Кіші жүз қазақтарының білімді, саналы тайпасының бірі болды.

Кердері ту баста Амударияның төменгі жағасында болған ғұндардың қаласы. Кердері қаласын бірінші рет айтқан арабтың географы Ибн Хордаубех (IX ғ.). Ал-

Истахридің суреттеуінше, Кердері қаласының жанынан үлкен арық өтіп жатқан. Мақдисидің барлауынша, Хайталда (ескі ғұндардың бір аты) екі Кердер қаласы болған, біреуі – Кердер, екіншісі – Кердерен-хас. Якуттың жазуында (XIII ғ. 25-жылдары) Кердер Хорезмнің шеткейінде тұратын түріктердің бір өлкесі. Оларда қыстақтар өте көп, бағатын малы да сансыз көп. Бірақ Кердеріні сынап, Афрсияп заманынан қалған ерлік менменді асып тұратынын әңгіме етеді.

Кердер ғұн дәуірінде шыққан қала екенін П.И.Лерхта келтірген. Ол кісінің зерттеуінше, бұл қаланың аты Приск Панийский жазған ойлардағы ғұндардың бір атасы Кидариттен алынған дейді. Лерхтың бұл анықтауын Н.И.Веселовский де қостаған.

С.П.Толстов осы келтірген мәліметтерді толығынан сипаттап, Амударияның төменгі екі жақ бетінде бір атпен айтылған екі қала болғанын айтады. Оның бірі Амудың оң бетінде, Шымбай қаласына таяу тұрғанын оны Кердері деп атаса, енді бірі Амудың сол бетінде, оны Керуен-хас деп атаған. Бұл екі қаланың атын С.П.Толстов Кіші жүз ортасында әлі күнге сақталған деп анықтайды. Оның таңқалатын жері, бұл Кердері тайпасы осы күнге дейін сол араны қыстақ етіп келеді.

Оның үстіне Кердері тайпасының аты ерте заманнан бері қарай Амудария жағасының байтақ бір өлкесі, «Дешті Қыпшақ» деген сөз сияқты. Арабтар бұл өлкені, Хорезмді жаулап алғанда, Кердері өз еркіндігін берік ұстап, жеке бір ел болып отырды. Якуттың Кердеріні сынап, оның асқақтығын Афрасиаппен салыстыру мұны ашық көрсетеді.

Демек, Кердерілер Арал теңізінің жағасында мыңдаған жыл отырған ескі ғұндардың қалдығы.



С.П.Толстовтың байқауынша, Арал теңізі мен Сырдария ғұндары ту баста Жетісудан жағалап келді. Ғұндардың ұлы мемлекеті жойылып біткен соң (біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын), қаңлылар (Кангюй) Күнбатыс ғұндармен бір қауым жасап, бірлесті. Олар Талас қаласында отырып Шижы бастаған ғұндардың ең мықты одағы болды.

Бұл ғұндардың Шүйгін қоныстары Күншығыс, Орталық, Күнбатыс Қазақстан өлкелері «Часть хуннов оставалась в Киргизских степях и эти Хунны (Гунны), жившие еще в IV и V вв. в стране к северу от усуней носят у Китайцев название Юебань (Субан), которые по культуре стояли выше других племен. В Китайских известиях о них мы впервые встречаем легенду о волхвах (баксы), умеющих вызвать дождь и бурю; тот же легендарный мотив – колдовство объяснялось действием камня яда (жада тас), т.е. нефритом, мы встречаем в рассказах истории Средней Азии до XV в. включительно.

Субандардың, не суандардың мәдениет сатысы өзге тайпаларға қарағанда өте жоғары болған. Бұлар кейінгі түріктер, демек қытайлар түріктерді ғұндардың ұрпағынан деп санайды. Олардың айтуынша, субандардың әдеті, ғұрпы, тілі – ұйғырдықімен бірдей. Олардың өзгешелігі аса тазалығы, күніне тамақ ішкен сайын жуынатын болған.

В.В.Бартольдтың тексеруінше, «Из среды субаней (субанов) вышли (амударинские) хиониты классических писателей и иранского священного писания Авесты, дошедшие до границы Персии и упоминающиеся в IV и V вв. как враги персов, то как их союзники с римлянами».

Бұл хиониттерді тағы да эфталит деп атайды, өздерінің жергілікті тайпа аты абдел (абдал), болмаса «ақ ғұндар». Олар ту баста Жошылармен туыстас тайпа болып, патшасының атын Кидар деп атаған. V ғасырда жазған Рим жазушысы Приск Абдалды эфталит деп атап, «Кидарит ғұндары» деп келтірген. Грек пен Рим жазушылары айтқан тәрізді үнді хабарларында да эфталитты ғұн деп атаған. Жошылар мен абделдер Амудария жағасын ерекше сүйген елдер. Абделді гректер – эфталит, армян жазушылары – heptal деп атап келді. Бұл атты жергілікті тайпалардың өзінің айтуынша, дұрыс жазған Византия жазушылары, ол ат өзінің тарихи түрін кейінгі заманға дейін сақтап, түрікмен мен Кіші жүз ұлысының абдал тайпасы түрінде келіп жетті. П.И.Небольсиннің байқауынша «казактың абдалы түрікмендер сияқты». Түрікменнің абдалы Қаны тайпасынан, олардың таңбасы жаңа туған «ай» тәрізді. Фиофилакт Сианокаттидың анықтауынша, абдел және эфталит екеуі бір сөз.

Абдал мен Кердерінің ту баста біріккен жері Арал теңізінің бойы, Амудария мен Сырдарияның төменгі жағасы. IV-V ғасырларда оларды «ақ ғұн», «қара ғұн» деп атады. Бұл жер ескі дәуірдегі ғұндардың мәдениетін, өнерін айқындап суреттейтін, оның жоғалып біткен қалаларының ізін топ-тобымен сипаттайтын, таңқаларлық бір өлке. Оны С.П.Толстов «ғұн мен түріктердің батпақ өлкеде сақталған қалаларының орыны» деп сипаттайды. А.Н.Бернштам да солай суреттеген. С.П.Толстовтың терең қарауынша Арал теңізінің бойы ғұн мәдениетін зерттеу үшін аса бір қымбатты өлке, тарих үшін, тіл үшін бұл табылмайтын бір түпкір. Оның анықтауынша, абделдердің V ғасырдағы саяси, мәдени



орталығы Бұхарға жақын тұрған Пайкент қаласы болған. Абдалдардың күшті болған кезінде қаңлы мен соғдактар тегісімен оларға бағынды. VI ғасырда абдал (эфталиты) алғашқыда түрік қағанатына қарсы шығып, сонынан оларға қосылуы. Олардың көпшілігі Арқа сахарасында, Жетісуда жасады.

С.П.Толстовтың зерттеуінше, ғұн мәдениетінен қалған ұлы белгілер, әсіресе, Күйік-қалада, Кескен-Күйік қалада, Жанкентте, Жеті-Асарда көп кездеседі. Олардан шыққан көзе сауыттардың өрнегі Жетісу мен Монғолиядан табылған өрнектерге тіпті жақын, олардың жасалған мезгілі біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын.

Ғұн мәдениетін, оның жарқын өнерін ашық сипаттайтын белгілер, әсіресе, Жеті-Асар қаласының орнынан көп шыққан. Оның ішінде ғұндар дәуірінде қолданған, олардың әдісіне дәл келетін қазан, көзе сауыттар, зергерлік шығармалар. Олар өзінің түр бейнесі жағынан Жетісуда кездесетін Кеңкөл обасынан табылған нәрселерге тым ұқсас, соның ішінде темір қанжар, піл суретін түсіріп қоладан жасаған алқа, III-IV ғасырларда жұмсалған мыс ақша, тағы басқалары.

Жеті-Асар қорымының ішіндегі ең үлкені Алтын-Асар, ерте кезде жасалған ұлы қақпа, берік қамал. Халық легендасы бойынша «оның іші толған алтын» деп, «Алтын-асар» атаған. Мүмкін, Иран хикаясында айтылатын Хұсрау екіншінің (Сасапид) Амударияның төменгі жағынан 12 жыл бойына керуенмен алтын тасытты деп айтуы, осы Алтын-асармен байланысты болуы таңқаларлық нәрсе емес. Алтын-асардың қақпасын, төңірегін бір ғана фартификация тәсілімен тұрғызған. Одан табылған мәдениет белгілері орасан

көп, және әр түрлі формада кездесіп отырады. Қала қақпасының ішінде көз тартарлық етіп салынған мықты тұрақ үйлерінің орны көп жерде кездеседі. Онымен қатар жарты көшпелі ел тұратын жеңіл үйлер, кейде киіз үйге ұқсаған құрылыстардың орны аз жолықпайды.

Сырдарияның төменгі тарауында ғұн дәуірінде жасалған ескі қаланың бірі – Жанкент. Ол Жеті-Асарға өте жақын тұрады. Ол да ғұн дәуірінде шығып, кейінгі түркі тайпалары кезінде Сырдарияның ескі тарауында мықты етіп жасалған, және X ғасырларда өте күшті етіп бекіткен берік қаланың бірі. Түркі тайпалары мұсылман болған кезде (VIII-XII ғғ.) оны Шахристан деп атады. Бұл өлкені бұрын ғұндар билеп келсе, кейін оның тегінен тараған оғыздар, қыпшақтар, қаңлылар, үйсіндер ие болды.

«Огузы – этнические переоформление эфталитов. Гунны внедрились в низовья Сырдарьи из Семиречья... Никакого перерыва в Культурной Истории Сырдарьинских городов между эфталитами (абдал) и огузским периодам их истории усмотреть невозможно. Огузская культура X в. – прямое развитие эфталитской культуры V-VI вв».

Жоғарыда көрсеткендей, абдалдардың бір астанасы – Пайкент (Варахша). Бұхар қаласының түбінде сақталған, бұл ескі орданың ішінен қазып шығарған монументтік қымбатты белгілер, V ғасырдағы сарайдың бейнесі көзді ерекше тартады. Оны жасаушы көшпелі тайпалардан қауымдасқан ақ-ғұндар, болмаса эфталиттер (абдалдар).

Демек, Жеті-асар, Жанкент, Күйік-қала орнында сақталған қымбат белгілер, Сырдария мен Амударияның төменгі тарауларында жасалған ескі



мәдениеттің өркендеуіне ұлы әсер еткен ғұндар, әсіресе, III-IV ғасырларда жасаған ғұндар. Бұл жерде сақталған олардың тарихы, мәдениет белгісі, тілі, жазу түрі тегін емес.

В.В.Бартольдтың зерттеуінше де абдалдардың (эфталиттың) Кушан дәуіріндегі өнері Орта Азияда биік орындалған қымбат кеніштің бірі. Олардың өздерінің рухани тіршілігінде үндістан жазуы кароштиді қолданды, ол жазуды Күншығыс Түркістанда жасаған ғұндар тегіс пайдаланып, оның іздері Хотан, Лоб-Нор көлі маңайында сақталып келді. III ғасырда абдалдардың сұлтандары будда дінін қабылдады, бірақ оған халық көңіл қоймады, ескі тәңірге табынды.

Ұлы ғалымдардың терең зерттеуінше, ғұндар туралы жыл сайын айтылатын ескі байтақ шежірелер, тарихи анналар Қытай тарихында, рим, грек жазуларында орасан көп, олар ғылымға жаңалық кіргізу үшін, Сахара мен Орта Азия үшін табылмайтын қымбат кеніштер. Қытай мен Рим жазушыларының көп жыл ішінде айқындап, толық сипаттауынша, ғұндар мыңдаған жыл ұлы сахараны қоныстаған, Қазақстан мен Орта Азияны көп жыл билеген, өздерінен көп ұрпақ, бай мәдениет қалдырған әйдік ел. Олар белгілі түркі тайпалары үйсіндердің, оғыз-қаилардың, қыпшақтардың, қаңлылардың, найман, керейлердің арғы атасы. Қытай тарихы мұны ашық жазған: «Предки тукюеского дома есть отдельная отрасль дома Хунну (гуннов)». Оны ұлы ғалымдардың бәрі қостаған, «Тюрками считали их предшественников Хуннов, приобретших впоследствии известность в Истории Европы». «Для них и для более поздних племен было характерно деления общества на 24 племенных объединений». Көп ғалымдардың

зерттеуінше: «Хунны были тюрки. С небольшим через 400 лет возникает на месте Хуннской империи новое, бесспорно тюркское государство». Хунны и гунны один и тот же народ – тюрки. Оны Дегин, Абель-Ремюза, Саин-Мартен, В.В.Радлов, тағы Еуропаның басқа ғалымдары мен біздің совет ғалымдары жақсылап көрсеткен.

Орта Азия мен оларды қоныстаған ғұндарды Қытай тарихының білуі біздің заманымыздың III ғасырынан бұрын, содан бері қарай. Ол кез ғұндардың ұлы үкімет құрып, ғасырлар тұқым қуған патшалық жасап, Қытайға қарсы тұрған кезі. Бірақ Қытай анналарының баяндауынша, ғұндардың аталары «Ху» (куу) атымен өте ескі дәуірден белгілі, тіпті біздің заманымыздан мың ғасыр бұрын ян патшалығы кезінен келе жатқан ел. Академик В.В.Радловтың барлауынша, «Местожителство этих древнейших тюркских народов указываются в нынешних провинциях Шень-Си, Хэнан и Гань-Су и в горах лежащих отсюда к северозападу. Хунь-Юй суть предки позднее пишет: при императоре Яоани назывались Хунь-Юй, во время династии Чжеу Хань-Юнь, во время династии Цин-Хун-Ну (гунны).

Ғұндардың тарихын Қытай тілінен француз тіліне аударған XVIII ғ. ғалымы И.Дегин. Ол кісінің көп жерде айтуынша, «түріктердің шығуы – ескі ғұндардан екені анық». Монғол мен түріктердің арасында оншалық айырмашылық жоқ, Монғолияда туған Шыңғыстың елі түріктердің бір бөлігі. Ғұндардың түрік екені сөзсіз, олар кейін түрік аталды, бұлар Қытаймен алысқан мықты үкімет, олардың ізін ала кейін түрік қағанаты дүниеге келді.



Дегинның көп мәліметпен келтірген бұл жарқын ойлары оның соңын ала шыққан Еуропаның атакты Прай мен Гиббонға, тағы басқаларына өте әсер етті.

Ерте дәуірдегі ғұндардың дүниеге келіп шығуына көп ой бөлген француз ғалымдары Абель-Ремюза мен Клапрет.

Қытайлар ғұн мен түріктердің атын әділетсіз бұзып, оларды қорлап, намысына тиетін қылып айтатын болған; оларға әрқашан дұшпандық көзбен қарап менмендік көрсететін. Бір халықтың атын әрбір дәуір өткен сайын өзгертіп отырған. Бір ғана «ғұн» халқының өзін бір кезде Ху, бір кезде Хунь-е, бір кезде Хянь-Юнь, бір кезде Хунну деп атаған. Дегин айтқандай, Хун мен ғұн екеуі бір сөз. Ескі дәуірдегі ғұндар тегісімен түріктер, бергі кезде оның Күншығыстағы бір бөлігі монғол болуы мүмкін.

И.Клапрот Абель-Ремюзаның айтқанын тегісімен қабылдаған, Қытай анналында әр түрлі болып айтылған үш-төрт сөз бәрі бір мағынада, ғұн елінің аты. Түріктердің ғұнмен туысқан ел екенін, олардың арғы атасы екенін Абель-Ремюза өзінің шығармасында айқын көрсеткен.

Күншығыс тарихы мен этнографиясын жүйрік білетін асқан ғалымның бірі – академик А.А.Куник. Бұл ғұлама мен академик В.В.Радловтың, Н.А.Аристовтың, Г.Н.Потаниннің Қазақстандағы ерте дәуірдегі түрік екенін Мадьяр шежіресіне сүйене отырып, ашық, келістіре айтқан. «Түріктердің буындары, – дейді ол кісі – Оңтүстік Россияда ту ғұндар заманынан келеді. Түрік тайпаларының ежелгі ұясы Алтай тауы. Ол жерден тараған түрік қауымдары алдымен Күнбатыс Азияны меңгеріп, одан әрі Қара теңізге дейін барды.

Ғұндардың әскерлері түркі тайпаларынан еді, олардың ескі ізімен кейбіреулері кейін де келіп жетті».

Бұл ғұламаның ашық ойларына ерекше ой бөлген, әсіресе, В.В.Радлов. Бұл екеуі бірігіп, Глубковскийдің жазған «печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар» деген кітапқа тұжырым жазады. Ол екеуі түріктердің ғұн тайпасынан тарағанын сирек жолығатын мәліметтермен анықтаған, оған қарсы болған ғалымдарды сөгіп, білмейтіндігін бетіне басқан. Ғұндардың ең ескі дәуірдегі түрік екендігін көп ашық мәліметтермен келістіре суреттеген ғалымдар Ф.Хирт, Е.Х.Паркер, О.Франке. Н.И.Веселовский мен Н.А.Аристовтың анықтауынша да ғұндардың өсіп-өркендеуі деп түсінген.

Көп ғалымдардың Қытай анналдары бойынша аса көңіл қойып суреттеуінше, ғұндар ең ескі заманнан біздің заманның V ғасырына дейін ұлы үкімет құрған, Қытайдың шекарасынан Күнбатысқа, теріскейге (Алтай, Саян, Ханғай таулар) дейінгі жерді билеген, көп тайпаларды өздеріне бағындырған мықты ұлыс болған. Олардың аса даңқты болған кезі біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын, Бөде тәңірінің басқарған кезі. Бөдені жақсы зерттеген ғалымдар оны Оғыз ханның бір аты деп түсінеді. Бөде мен Оғыз хан туралы айтылған аңыздар біріне-бірі өте ұқсас, екеуінде де сюжетке негіз болған әке мен баланың араздасуы, бірімен-бірі соғысып, әкесін баласы өлтіріп, таққа өзі отыруы, ұлан сахаралағы, көп тайпаларды біріктіріп, ұлы үкімет жасауы, халық ішіндегі тайпаларды 24 жұртқа (әкімшілік) бөліп, оларды басқаруға кеменгер басшыларды (би, бек, дархан) отырғызу. Бұл дәстүр әсіресе, ғұндарда, оғыздарда, қыпшақ, жалайырда (12-



ата) кейінгі заманға дейін сақталып келген. Мөденің дұрыс аты – Бөде. Ғұндардың бір атақты бегінің аты Цюкюй Бө де (Жекей Бөде) – (Б.І, 136). Бұл ат қазақтарда да солай айтылады. Қарқаралы өлкесінде Қойаныштағай тайпасының бір адамы Бөде, оның баласы Серік деп аталған.

Бұдан анықтайтын мәселе, Оғыз қаған аңызын ерте заманда шығарған ғұндар екені даусыз, оны сол кезде қолданған тайпалармен, кейін тағы да жолығатын тайпалардың аты ашық көрсетеді. Оған ғұнның атақты тайпаларының қытайша әр түрлі жазатын Хянь Хоянь (Колан), Киан (қазақша – Киан), Лан, Хайби, Икюй (Қазақша Екей, Жамбыл ақын осы Екейлерден). Ғұн тайпаларының бір аты – Окір (Окар), бұл ат қазақ тілінде сақталған. Қазақтың найман тайпасы найманнан кейінгі атасы Окір (Өкреш) дейді. Олардың шежіресінде Окір-Найман, не Өкреш-Найман ең атақты елге жатады. Демек, наймандардың өзі олардың тарихында ғұндардан тарағаны байқалады. Мұндағы «окір», «өгіз» сөзінің «р» мен айтылатын бір түрі. Наймандар ерте кезде ұлы той жасап мүшел тартқанда «көк бұқа» сойып, елінің қуанышын көкке жеткізгендей көтеретін. Халық музыкасында наймандарда «көк бұқаның күйі» осы күнге дейін айтылады. Монғол дәуірінен бұрын Алтайда бір үлкен ас болып оған найман, керей, уақ, меркіт елі жиналып бас қосқанда топ-тобымен әкеліп қырған «Көк бұқаның» бір мүшесі найманның бір атасы Балталы-бағаналыға жетпей қалады. Оған өкпелеген бағаналының басшысы елін артынан ертіп, Алтайдан Орталық Қазақстанға көшіп келеді. Бұл аңызды бірінші рет жазып алған Г.Н.Потанин, бірақ оның жазуында легендаға айналған «көк бұқаның» орнына «жылқы»

деп атаған. Алтайдағы наймандар оған разы болмай «Киржанға өкпелеген қыңыр найман» деп атайтын болған.

Күнбатыстағы ғұндар арасында грек пен латын жазушыларының хабарында аты кейін қазақ ұлысында сақталған тайпалардың аты кездеседі. Мәселен, дай (Адай), Кидар (Кердері), орхиап (оғыздар), коман (қыпшақтар).

Ғұндардың Қазақстан мен Орта Азиядан күнбатысқа ауғанын көп ғалымдар әдемі суреттеген. Олардың ішіндегі ең атақты тайпалары Алтай мен Орталық Қазақстанды қоныстаған жұбандар (юебань), Арал теңізі мен Сырдария, Амудария бойын мекендеген ақ-ғұн, қара-ғұндар (Абдал, Кердері, Адайлар).

В.В.Бартольдтың, тағы басқа көп ғалымдардың көрсетуінше, «Ғұндарды тегінде түрік деп атайды. Қытайлар өзінің тарихында VI ғ. түріктерді ғұндардың ұрпағы деп көрсеткен».

Ескі түрік тарихын көп зерттеген аяулы ғалымның бірі – Ф.Хирт. В.В.Бартольд сияқты ол кісі де XIX ғасырдың соңында талай жаңалықтар ашты, Қытай анналдарын көп заман зерттеп, оның ішінен түрік тарихына негіз болатын көп нәрсені жарыққа шығарды. Ол кісінің ерекше мән берген күрделі ойы түрік тайпаларының тарихы ғұн дәуірінен басталады. Олардың ғұннан шығуына ешбір талас жоқ. Өйткені түріктердің арғы тегі ғұн екені ап-айқын. Ғұндардың ерекше бөтен ел екенін, Еуропа халқына ұқсамайтын жұрт екенін ашық түрде суреттеген грек пен латын жазушылары. Олардың ішінде ең ертерек кездегі (б.з. II ғ. бұрын) Эратосфен (б.з.б. 194 жылы өлген), оның жазуларын пайдаланған Страбон (б.з.б. 63 – б.з. 19 ж),



Плиний (I ғ.), Помпоний Мелос (I ғ.), Дионисий Периегет (II), К.Л.Птоломей (II ғ.). Эратосфеннен Страбонның алып жазуында екінші Дионисидің хабарлауынша, Каспий теңізінің Күнбатыс алабынан жоғары қарай төрт түрлі халық тұрады. Олар скиттер, ғұндар, каспийлер, албандар. Птоломейдің айтуынша, біздің заманымыздың екінші ғасырында ғұндар Борисфен өзенінің жағасында болған. Армянның жазушысы Мойсей Хоренский (III ғ.) ғұндарды хунк деп көрсетеді.

Эратосфеннің хабарлауынша, ғұндар ол айтқан өлкелерде біздің заманымыздан екі жүз жыл бұрын тұрған. Бұл кезде ғұн ұлысы Орал тауының екі жақ алабын тегіс жауып, Еділден жоғары қарай созылып отырды. Олардың қауымын ақ-ғұн, қара-ғұн деп атаған. Птоломейдің хабарлауынша II ғасырларда ғұндар Каспий төңірегін жақсы көріп, ол жердегі өзеннің атын Данк (Жайық) деп атаған. Олар Еділдің төменгі жағынан бір астана тұрғызып, оны Балаңжар деп атаған. Бергі кезде ол қала хазарлардың астанасына айналады.

Ғұндар тайпасы Күнбатысқа бірнеше ауып барады. Ең соңғы рет барғаны IV-V ғасырлар. Бұл кездегі ғұндар да аса даңқты болып, күшті үкімет, көп әскер жасады.

Оларды қызықты етіп әдемі тілде жазған латын жазушылары, олардың ішінде Аммиап Марцеллин (IVғ.), ал Клавдий, Иордан, Менандр, Приск Панийский, Феофилакт Симокатта. Мұның айтуынша, парсылар өзінің теріскейінде созылып жатқан көп ел ғұндарды түрік деп атайды. Олардың бір өзгешелігі, ел басқаратын адамдарын қадірлеп «қаған» деп атайды. Қаған Рум патшасы Маврикиге елші жіберіп, өзінің күшті ел екенін білдіреді. Жазған хаты былай деп басталады: «Румның патшасына ұлы Қағаннан, жеті жұртты

басқарушы, жеті ықылымды билеуші, әбдел (эфтал) елін өзіне бағындырушы, Еуропаға ауып барған ауарлардың (ғұндар) одағы Істеміс (Стемвис) қаған. Түріктердің есінде сақталған екі ұлы бейнесі бар. Бірінші, ескі дәуірден бері қарай олар ұлы апатқа ұшырамаған, жер сілкінуді білмеген. Екінші – олардың табынатын сәуегей орны аспан мен жер. От, аспан, жер-су, жерге қарап бас ию олардың әдетті ісі. Аспанды «Тәңірі» дейді, оған арнап жылқы, сиыр, қой сойып құрбандық шалады, сәуегейлік жыр шығарады. Олардың арасында бақсы, абыз деп аталатын ойшылары бар, олар ілгеріні болжап аңыздар шығарады. Ғұндардың Еуропаға кейін ауып келген тайпалары бұрынғы ауарларға (ғұндарға) келіп қосылды. Олар тегісмен түрік қағанатына бағынады.

Төртінші ғасырдың соңында, V ғ. басында латын тілінде ғұндардың өмірін, тарихын суреттейтін ерекше карта жасалады. Ол карта қазір Британ мұражайында сақтаулы тұр. Бұл картаға қарағанда латын ғалымдары жалғыз Еуропадағы ғұндарды біліп қана қоймай, олардың шыққан жерінде жасаған ата-тегін де, Орта Азиядағы, Қытай шекарасындағы ғұндарды ашық суреттей білген. Оларды әр уақыт ғұндар-скифтер деп отырады. Картаны жақсылап зерттеген мадьяр ғалымы К.Немет деген кемеңгер ғалым. Ол кісінің зерттеуіне негізгі дерек болған жоғарыда көрсеткен латын жазушылары, олардың ішінде ғұндардың өмірін бізден 200 жыл бұрын жазған Эратосфен – Стрибон, Аполлодар, германдардың қария аңыздары ғұндар туралы айтылатын, ғұндардың бақсылары, тағы басқалар.

Дегенмен, жергілікті ғұндардың көпшілігі IV-V ғасырларда Қазақстанда, Орта Азияда, Алтай



тауының ішінде, бүкіл Күншығыс Түркістанда жасады. Оның үстіне Аділ өлгеннен кейін, оның балалары Ернак Деңізек Орта Азияға қайтып келіп, ол жердегі тайпаларды жаңадан біріктірді (*Бернштам, 210*). Қазақстандағы жергілікті ғұндардың ұлыстары жұбандар, қияндар, кердерілер, абдалдар. Жұбандардың, қияндардың қоныстаған жерлері Алтай, Ертіс бойы, Зайсан, Орталық Қазақстан, Оңтүстік Орал. «Юебань не ушедшие местные гунны, далее на запад не прошедшие». Олар Қазақстан жерінде үзілмей отырып, олардың басшысы Шоңшы Чубань V ғасырда ғұн елінің атынан Қытайға елші жіберіп, сауда мәселесін көтерді. VI ғасырда олар он оқ түрік қағанатының үлкен бір ұлысы болды. «Шоңшы Чубань» аталды.

Арал теңізінің Сырдария, Амудария өлкесін қоныстап, қалада отырған ғұндар – ақ күн, қара күн, абдал (эфтал), кердерілер кушан мәдениетіне үлкен үлес қосып, VI ғасырларда олар Күнбатыс түрік қағанатына қосылды.

Бұл жергілікті ғұндар туралы әдебиет орасан көп. Ұлы сахараны ерте кезде сакпен қатар отырып қоныстаған ғұн тайпаларын, сонынан түрік қағанатына қосылып, олардың жеке-жеке тайпалар болғанын (оғыз, қыпшақ, найман, керей, қоңырат, арғын) ұлы ғалымдар көп деректермен мейлінше терең суреттеген. Олардың ішінен, әсіресе, жеке шығатын Ф.Хирт, В.В.Радлов, В.В.Бартольд, Де Грат, Ед.Шаванн, Ф.Альтгейм, К.А.Иностранцев, А.Н.Бернштам. Қазақстан мен Орта Азияны жасаған ғұндар туралы бірнеше жарқын деректер берген ғалымдар Меншен-Хелфен, Х.В.Бэйли, К.Еноки, Л.Базин, Е.А.Томпсон. Көп жерінде менмендік көрсетіп, империализм көзімен қарайтын ғалым, ол – Е.А.Томпсон.

Қытай мен Рим тарихында ашық сипатталған мәселелер ғұндардың қауым құрылысы, олардың тұрмысы, әдет-ғұрпы, байлығы мал өсіру, кен қазу. Олар ерте кезде Сарыөзеннің бойын, Қансу, Өр төс өлкелерін қоныстап, Алтай, Тәңірі-тау алабтарын жебеледі. Олардың әдет-ғұрпын түркі тайпаларының мезгеуімен бірдей. Олардың сол қалпында осы күнгі түркімен мен қазақтардың бір түрі деп салыстыруға болады. Оларды жаз мезгілінде көшіп, биік таулардың салқын төскейінде жайлап, қыс мезгілінде қалада, ауыл, қыстақтарда отырған, үйлерін көбінесе балшықтан жасап, Сарыөзен бойында ғұндар жерді үңгірлеп қазған үңгір үйлерде (оуто) отыратын болған. Дун-Хуанда сақталған әдемі үңгір үйлердің сақталған түрі солардікі болуға тиіс.

Олардың ең көркем дүниелері – жазғы киіз үйлері, әдемілеп жасаған ордалары, ата-бабасына арнап түсірген жазуы бар құрбан тастары, түйе, өгіз жегіп жүретін әдемі күймелері. Бұлардың барлығы бергі кезде қыпшақта, ноғайда, қазақтарда толығымен сақталып келді.

Ең бір ес қоятын нәрсе, ел басқару ісі, қауымның құрылысы. Ғұндар хандарының атын «Көктен туған, көк жаратқан» деп ат қойып, – «Тәңірі Құт Тәңірі» деп атаған, қытай жазуында «тіңлі көто тан-ху» «Тәңірінің ұлы Тәңірі». Ел билейтін ұлы басшыларын «төрт мүйіз» деп атаған. Олар көбінесе жете, тегін «мүйіз» күшті, алып, хайуан дәу бұқаның мүйізінен алған мезгеу. Ерте заманда «бұқа» ғұндардың бағынатын бір төтемі, оны ардақтап, кісі формдас түрін алтын, күміске де құйып отырған (Ноин-Ула). Ұлы бидің атағы Жуки-данышпан, кемеңгер, білгіш, қазақша – Жауке, енді бірінің атағы



ду-юй, қазақшада «дүй» – ұлы, биік, қазақтар айтады ғой, «мынауың бір дүй ғой» деп. Бергі замандағы сияқты ғұндар көп тайпаларын 24 жұртқа (ұлысқа) бөліп ұстаған. Ғалымдардың оған таңқалатыны: «замечательно, что некоторые черты государственного устройства Хуннов (гуннов) повторяются и в новейшей истории Средней Азии, так число 24 имело значение как в политической жизни Хуннов (24 владения) и в истории огузов на Сырдарье».

Қытай анналдарының суреттеуінше, ғұндар жылында үш рет түлен тартып, ұлы той жасайды, оны «сой» деп атап, асқан жүйрік аттарды жарыстырып, жел жетпейтін түйелерді жүгіртеді.

Жаңа жыл түскенде (бірінші ай) ел басшылары ағылып Тәңірі құттың ордасына жиналады, бәрі бірігіп, ел мәселесі туралы кеңес құрады. Бесінші айда, мал семіре бастаған кезде, аталардың Жер ұйық жеріне жиналып, бабаларына ас береді, аспанға, жерге, аталар рухына табынып, ұлы құрбан шалады. Күзде, жылқы толық семірген кезде орман ішін аралап, жер тәңірісіне арнап құрбан шалады, бәрі қол көтеріп табынады, малдың, адамның санағын алады.

Ғұндар жаратылыстағы барлық көркем бейнелерге бас иді, аспанды, жерді, суды, тау-тасты, ұлы орман ағашты ерекше сүйді, оларды асыра көтеріп қадірледі, көкке мезгеп теңеді. Бұл дәстүр кейінгі түркі тайпаларына, оның ішінде оғыздарға, қыпшақтарға, қазақ, қырғыздарға зор әсер етті, Жер су, Жер ұйық, Тәңірі тау не Хан Тәңірі табынатын отанның көркем бейнесіне айналды. Олардың аса бас иіп табынғаны Алтай көк пен таулары, Тарбағатай күнгедей ұлы биік Тәңірі тау барлығы киелі деп санады. Ол әдемі таулар ғұндардың

ата-бабасының Жерұйығы болған Сәуегей жер, онда ерте кезде мұнара, дың, құлпытастар орнатып, оған барып бас иетін, жазда қызықтайтын, таудың ішіндегі үңгірлерге жазу түсіріп, ұрпақтарға із қалдырған. Орхон, Енесай, Ерті, Іле өзендерін таңсық етті, өзінің ата-бабаларының кеніштерін сол арада тұрғызып, ұлы «дың» жасады. Алтай тауын қытайлар «ғұн тауы» деп атады. Ол жерде ата-бабасына арнаған биік мұнаралар (дың, храм) бар. Жыл сайын ол жерде түлен тартып, ас береді.

Демек, олардың ерекше қасиеттегені ата рухын қадірлеу, оған бас ию, жыл сайын ас беру, аспанға, Тәңірге табыну, айға қол көтеріп бата қылу, шығып келе жатқан күнге қарап табыну, оларға арнап сүтпен, қымызбен құрбандық ету, оны іргеге құю. Бұл әдет тұтасымен қазақтарда сақталды, барлығы тіршіліктің үміті үшін, мал, бас өркендеп ілгері басу үшін істеледі.

Халықтың, Отанның басына ауыртпалық түскенде, Қытаймен қанды майдан соғысқа шығарда, барлық ғұн тайпалары Алтайдың әдемі тауына жиналып, қария сәуегейлер оның биік басына көтеріліп, қолын көкке көтеріп, сәуегейлік сөздер айтып, жыр мен ерлік дәуірін еске түсіреді. Оны естіген халқы ұран шақырып, елімізді, жерімізді Қытайға бермейміз деп анттасады. Алтай тауының Ертіс жақ бауырында жылқыдан боз қасқа әкеліп құрбандық шалып, барлық ел болып анттасады. Боз қасқаны әкелгенде, оның алдынан сәуегейлер, бақсы-жыраулар қарсы шығып, қолын көкке көтеріп, елінің аман болуын тілек етеді. Құрбандыққа көбінесе жылқыдан – айғыр, түйеден – бура, сиырдан – бұқа, қойдан – қошқар әкеп шалады. Ф.Клеердің барлауынша, жылқыдан құрбан шалу тәртібін Еуропа елі түріктерден үйренді.



Ғұндардың әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты, мал бағуы тегісімен қазақтікімен бірдей, құда түсу, қалың беру, күйеудің ұрын (жасырын) келуі, қызға әдемі жасау тарту, әменгерлік, тізе бұту, атқа табыну, түскен келіннің атасының үйінде отқа май құюы (от-ана, май-ана). Демек, от – үй ошағының киелі түрі, сақтаушысы, бәрі түркі тайпаларында сақталған. Кісі өлгенде «бетін жырту», «жоқтау айту», ас беру кейінгі заманға дейін келді. Қазақ әйелдерінің «бетім-ай!» – деп жәй отырғанда күрсінуді осыдан шыққан. Мұның бір қызық жері, «бетін жырту» түрік қағанаты кезінде Сарайдың іргесінде суретке де түсірілген. Оны Пенжікент қаласын қазғанда оның қабырғасынан «бетін жыртудың» бір топ суреті кездескен.

Ғұндардың ой-санасына негіз болған бір жүйе – олардың төтем болған хайуандарды қадірлеп ардақтауы. Олардың ішінде ерекше орын алған, әсіресе, көк бұқа, марал, бөрі. Көк бұқа – ең құдіретті төтемнің бірі, ел билеуде оның алапаты, күштілігі өз алдына бір елес болып тұрады. Бұқа төтемінің сипаты алтынға, күміске, қолаға түсірген суреттерінің жиі кездесіп отыруы. Бұқаның ең көркем түрі Ноиы – ұла обасынан табылған – күміс табақтағы сурет. Оның маңдайы, төгілген шаштары адам бейнесінде түсірілген. Бұқаны ардақтаудың негізгі – сайып келе мал өсірудің мегзеуін білдіреді. Ол ақылды, өзі алпауыт жандар, шөбі, суы көп шүйгін жерді күні бұрын біліп, болжап отырады. Латын жазушысы Ермий Созоменнің бақылауынша, «Күндерде бір күн сәйгелден мазасы кеткен бұқа көлді жүзіп өтіп оның арғы бетіне шығады, оның ізімен бақташы бірге шығады. Ол жер созылып жатқан бір шүйгін жер, оны

еліне келіп айтады. Жаңа туған балаларға ер алпауыт болсын деп Өгіз (Өкір) қоятын болды.

Қытайдың ескі жазулары бойынша, ғұндардың жақсы көрген баласына беретін алғыс бата сөзі поэзия түрінде айтылған аса таңсық нәрсе. Онда не деген:

«Ай мүйізді аққошқарым бастаған отарлы қойым сенікі болсын, қамыстай сүйір құлағының жиегінде кара меңі бар мөлдір көзді боз айғырым бастаған ұлан байтақ боз жылқым сенікі болсын, шудалары төгілген, түсінен адам шошитын қара бурам бастаған отарлы түйем сенікі болсын, мүйізі қарағайдай, бөрі келсе оны жармай тыныш таппайтын көк бұқам бастаған кара малым сенікі болсын».

Демек, мұнда мал өсіруді әдемі түрде айтып жеткізумен бірге, ол кездегі малдың түрі, оның ерлік қасиеті орасан күшті болған, оларды бөрі оңайлықпен жей алмайтын болған. Айғырдың, бұқаның, қошқардың бөріге қарсы тұрып айқасуы бергі кездегі қазақ аңыздарында да жақсы айтылып отырады.

Рим жазушыларының ғұндардың ортасынан жазып алған аңызы бойынша, ғұндарға елес беріп, жол көрсетіп отыратын киелі нәрсе – ақмарал. Бір топ ғұн аңшылары Мэотіс батпағынан шыға алмай қиындыққа түскенде кенеттен бір марал келіп, батпақты кесіп өтіп, судың ар жағына шығып тұрады. Оған таңқалған ғұндар маралдың ізімен бірге шығады. Олар шыққан кезде ақмарал орнынан тайып, көз ішінде жоқ болады. Бұл аңыз Рим жазушыларына үлкен әсер етіп, әрбір әдебиет сюжеттерінде еске түсіріп отырады.

Ақмаралды осы күнге дейін қадірлейтін ғұндардың ұрпағы қазақ ұлысы. Жақсы туған қызын әрі ақылды, әрі сұлу болсын деп Ақмарал деп атайды.



Қытайдың ең ескі замандағы шежірелерінің суреттеуінше, ғұндардың арғы тектері (Ху, Жүн, 722 ж.) ылғи ақ бөрі мен ақмаралды тобымен қолдарына ұстайтын болған. Бөрінің ғұндарға ұлы төтем болғандығы олардың ескі аңыздары бойынша, қыздарының бөріге ғашық болуы. Оған мына мысалды келтіруге болады: Ғұн патшасының екі әдемі қызы бар еді, екеуі де адам таңқалғандай сұлу еді. Ғұнның билері оларды Күн Тәңірісі деп атайтын. Ғұн патшасы оларды көкке жақын биікте тұрсын деп елсіз-күнсіз жапан түзде биік мұнара (дың) тұрғызып, сонда жатқызады. Үш жыл өткен соң анасы айтты «балаларды үйге алайық» деп, әкесі оған рұқсат бермеді. Осыдан бір жыл өткен соң, бір картамыс көкжал бөрі күндіз-түні мұнараның түбіне келіп ұли берді, ол арадан кетпей үйшік жасап алды. Сінлі қыз айтты, әкеміз бізді көкпен бірге тұрсын деп мұнда қойған еді, енді бөрі келе бастады. Бәлкі, оның келуінде бір бақыттың елесі болуы мүмкін. Сінлі қыз бөріге шығуды әңгімелеп айта бастаған еді апасының зәресі ұшып, – не дейсің, ол хайуан ғой, ата-анаңның абыройын төгіп қорлайсың ғой! – деді. Кіші қыз оны тыңдамады, бөріге шықты, бір ұл келтірді, ол көп ел болып тарайды.

Тап осы сияқты мұнарада өсірген бір сұлу қыздың легендасы қазақтың ескі сөздерінде де кездеседі. Бірақ ол қыз бөрінің орнына биікте күнмен шағылысып жүкті болады, одан туған кемеңгер баладан атақты ер Домбаул бастаған Қият ұрпақтары көбейіп шығады. Тегінде қияттардың өзі ғұндардың бір атасы. Бөріні төтем ретінде қадірлеу ғұндармен қатар үйсіндерде түрік қағанатында, ойғырларда, оғыз-қыпшақтарда кілең орын алып отырады. «Оғыз наме» жырында бөрі Оғыз

ханға жол көрсетіп отыратын басшының бірі, әсіресе қыстың үскірік айларында боран ұйытқып соғып тұрған кезде бөрі қара жолмен жүргендей сарнатып отырады. Оғыз адасып жүрген кезде оған айғыры ерік бермей еліне тура тартып өзінің тауларына алып келеді. Оғыздың осы айғыр мен бөрі бастаған керуені артында көп керуен түйесі бар Бұланты өзенінің жағасындағы құлпытасқа түйірілген. Керуеннің алдында бүткендей жүгірген алып бөрі, оның соңын ала жүгірген Оғыз ханның алып айғыры. Бұл сурет Орталық Қазақстан кия тастарында ғұндар дәуірінде ап-анық көрініп тұрады.

Бөрінің кісімен дос болған суреті Орталық Қазақстанда (Баянауыл) бір обаны қазғанда табылған «алтын қабақ» атты дөңгелек мыстың бетіне ойып түсірген сурет. «Алтын қабақ» – ілетін тесігі бар, мыстан не алтыннан жасаған нысана, ерте кезде, жастардың той үстінде атысып ойнайтын ойыны. Орталық Қазақстаннан табылған «алтын қабақ» бүгінде Ғылым академиясының Ленинградтағы этнография және антропология мұражайында сақтаулы тұр. Оның бір бетінде кісінің басы мен тұлпардың әдемі мүшесін біріктіріп жасаған, гректер оны кентавр дейді, енді бір бетінде қожасының бөріні еркелетіп отырғанын суреттеген. Бөрі көкірегін жоғары көтеріп, қожасының сылап-сипағанын әуес еткендей болады. Мұны жасаушы қыпшақ шеберлері болу керек.

Ғұн дәуірінде бір үлгімен жасалған мәдениет, өнер белгілерінің орасан көп жолығатын жері Алтай, Саян таулары, Орхон, Ертіс бойлары, Орталық Күнбатыс Қазақстан өлкелері, Жетісу, Талас, Сырдария өзендерінің алабы, Арал, Каспий теңіздерінің бойы, Солтүстік Кавказ, Қырым, байтақ Қырғыз өлкесі.



Олардың алтыннан, күмістен, қоладан жасаған әсем бұйымдары осы айтылған өлкелерде топ-тобымен кездесіп отырады. Ғұн өнерінің Қытайға әсер еткен ескі, әрі жойқын түрі Қансу, Өр төс бойында көп сақталған. Соның ең жақсы үлгісінің бірі – Дунхуань үңгірінің қабырғасында сақталған көркем бейнелер.

Ғұн шеберлері ескі дәуірде жасаған ұлы бейне, әсіресе, алтыннан құйып істеген кісінің алтын мүсіні, бөрінің алтын басы, екеуі де табынатын нәрсе. Қытай анналдарының көрсетуінше, ұрпақтары бабасына бас игенде көкке қарап осы алтын мүсінге табынып отыратын.

Біздің заманымыздан 121 жыл бұрын Қытай әскері ғұндарды жеңгенде көп талаудың ішінде олардың алтын-күмістері тегісімен Қытайдың қолында кетеді.

Ғалымдардың зерттеуінше, ғұн мен үйсіндердің тарихи бай дәстүрін өзіне мирас еткен қазақ пен қырғыздар, Алтай елдері, ғұнның ескі өрнегін бүгінге дейін сақтап келген. Оның ашық дәлеліне зерттеушілер Ноин-Ула обаларынан, Пазырықтан табылған киіз кілемдерді – сырмақ, текемет, түс-киіз, киіз есік, аяққап, бау, тағы басқаларды салыстырып отырады.

Этнографиялық белгілердің ұқсас болуымен қатар, қазақтың жалпы тұрмысы, мал бағуы, оған істейтін ырымдары, жұтқа ұшырап қиындық көруі де ғұндардыкімен бірдей еді. Оның үстіне ғұн мен үйсіндердің тарихи Отанына ие болған бірінші түрік қағанаты, ол біткен соң оның орнын басқан қазақ тайпалары.

Ғұндар Қытаймен жауласып өткен ерте кездегі ұлы мемлекет. Осыған лайықты олардың бір жүйеге түсірген белгілі жазулары болған, ол жазу Орхон

жазуының ең ескі түрі. Мұны бірінші рет VI ғасырдың басында, түрік қағанаты болмай тұрған кезде еске түсірген – будда дінін үгіттеуші елші Сон-Юнь. Ол Лоб-Нар өлкесін қоныстап отырған Тугю-Хун ұлысын басып өтеді – через землю царства тугю-Хун (hun). Ол кісінің айтуынша, тұл Тугю-Хун (түрік ғұндары) жазулары Тоба Вэй жазуларына ұқсас. Тоба Вэй патшалығы заманында (386-558жж.) оларда бітік жазатын қалам ұшы болған, қытай жазуларында пи-тэ деп аталады. Ондай бітік ғұндарда да болды (*Бартольд, V, 3,8,508*).

Көп ғалымдардың жобалауынша, Орхон жазуының шығуы VI ғасыр емес, III ғасыр, не одан көп бұрын. П.М.Мелиоранскийдің байқауынша, түркі түркі тіліндегі руналар III ғасырдан белгілі.

Абель Ремюза мен Г.И.Спасскийдің дәлелдеуінше, ғұндардың жасырын жазатын жазулары, тасқа түсірген жазулары болған. Алтайда, Бұхтарма өзенінде, жоғарғы Ертіс бойында, оның ішінде Зырянов кенінің қасында, Гусиная присталь маңында қия тасқа түсірген Самра бітіктер тегісімен ғұндардікі екені байқалады.

Мадьяр, Румынияда, Балқан тауларында табылған руна жазуларын ол жерге IV ғасырда алып барған ғұндар. Академик В.В.Бартольдтың көрсетуінше, ғұндар түріктің тіл элементтерін, оның ішінде бітік сөзін мадьярдың есінде қалдырғаны көрінеді.

Ертедегі руна жазуларын біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын күмәнсіз пайдаланған елді қытай жазулары Усунь деп атайды. Олардың мекендеген жері Ертіс пен Жайсаң көлінен Күнбатысқа қарай созылып жатады. Алтайдағы рундардың тілі жергілікті елдің өз тілі, мадьярдағы жазулар осы арадағы шығыс елінің тіліне келеді.



Е.Блошенин зерттеуінше, түріктер руна жазуын ғұндардан мирас етті. Бұл жазуды ғұндар біздің заманымыздан III ғасыр бұрын қолданып, негізін арамей жазуының бұрын рунаға ұқсас ескі жазуының бір түрінен алды.

Орхон жазуынан көп бұрын рунаға ұқсас ескі жазу болғанын В.В.Бартольд, С.В.Киселев, С.П.Толстов та айтады. Киселевтің зерттеуінше, «время зарождения тюркской руники обязательно к III-IV вв.», демек, ғұн заманына тиісті.

Томсеннің анықтауынша, өз тілімен ерте заманнан сөйлеп келе жатқан түріктердің VI ғасырдан анағұрлым бұрын жасаған ел, түрік сөзінің өзінде бұрыннан келе жатқан сөз. Бұл сөзбен ерте кезде бүкіл бір династияны (сүле) көрсетпекші болған. Бірақ, В.Томсен мен О.Доннер Орхон жазуының кейбір әріптерін арамей жазуынан шыққанына өте күмәнді болып қарайды.

Ұлы ғалымдардың терең зерттеуінше, ғұн тілі ең ерте дәуірдегі түріктердің ескі тілі. Үйсін мен ғұндардың екеуі де ескі түрік тілімен сөйлескен, ғұндардың тілі Чао-Чюй (ойғыр) тілімен бірдей.

Клапроттың қадағалап қарауынша, ғұндардың түрікпен туыстас ел екенін Абел Ремюза өзінің шығармасында айқындап көрсеткен. Олардың әдеті, ғұрпы Қытай мен Рим жазушыларының суреттеуінше түріктермен бірдей. Ғалым Қытай анналдарынан ғұнның 20 сөзін тауып, олардың түрікше сөйлегенін баяндайды.

Ғұн мен түріктердің бір ұядан шыққанын жарқын түрде көрсеткен ғалымдардың бірі – Нейман. Ол кісінің баяндауынша, түріктер ғұнның негізгі елі, бұлар сол ерте заманның өзінде түрікше сөйлеген.

Қазақ сахарасы мен Орта Азия тарихында кездесетін түркі тайпаларының барлығы ғұндардан тарап өсті. Олардың ең қадірлі ісі – жылқыны әдемілеп бағатындығы, асқан тұлпар атты қадірлеп, оны культке айналдыруы. Бұл әдет қазақтарда осы күнге дейін сақталды. Қытай тарихында ғұндардың тұлпарларын күнінде 1000 ли (500 километр) жүгіретін жүйрік деп атаған. Ондай асқан жүйрік Бөденің әкесі Тұман ханда болған. Күніне мың ли жүгіретін ғұнның тұлпарлары асып түскен ұлы қазына дейді Қытай жазушылары.

Ғұндардың шаруашылығы, тұрмысы, шығуы, тілі сөйлеуі тегісімен түрік екендігін тағы да толып жатқан деректерді көп ғалымдар келтіреді.

Ғұндардың ескі дәуірдегі кісі аттары, олардың сол кездегі сөйлеген сөздерінің бірталайы кейінгі заманға дейін келіп жетті. Академик В.В.Бартольдтың анықтауынша, ғұндардың тілі ең ескі түрік тілінің бірі. Ғұндар екінші ғасырда Орал өзені бойын қоныстап отырғанда, Птоломейдің хабарлауынша, олар ол жерді Даик деп, кейін Мениндр Дайх деп жазады, демек Яик деген сөз. Мүмкін ғұндар кейін айтылатын и не ж-ның орнына д әрпін пайдалануы ғажап емес. Бұл «Яик» сөзін ерте кезде қолданғаны анық, бірінші түрік сөзі деп түсінуіміз керек. Екінші бір өте ерте кезде қолданған сөз «Картасым» (Қардасым). Бұл «қардасым» сөзі ескі дәуірінде айтылған бірінші түрік сөзі. В.В.Бартольдтың зерттеуінше, «Картасым» скиф (сақ) заманында айтылған өте көне сөз сияқты. Күнбатыс ғалымдарының болжауынша, ескі түріктер скифтермен туысқан ел, антик заманында көшіп жүрген ел. Курцияның Александр Зұлқарнаин туралы жазған кітабында Сырдарияның арғы бетін мекендейтін скиф (сақ) патшаларының бір



туысқанын Картазис деп атаған. Оған ой бөлген Нельдеке бұл ескі түрік сөзі «Қардашы» болу керек деп түсінген.

Гутжмід оны «Мүмкін, түрік халықтарының тарихта ең алғаш болғанын сипаттайтын бірінші із» деп көрсеткен.

Академик В.В.Бартольдтың зерттеуінше ең ескі дәуірдегі деректер Герадот тарихында да бар. (IV, 23). Ол әсіресе сол кезде жасаған тайпалардың бірі аргимпейлер (аргымбайлар), түрікше айтылатын әдемі сөз исі (ащы), айранға сүт қосып ішетін ащы сусыны.

Қытайлар түріктерді ғұнның ұрпақтары деп атады. Түріктердің ең ескі сөзі осы ғұн тілінде сақталып келді. Олардың ең ескі дәуірде сөйлеген сөздері біздің заманнан 1022 жыл бұрын жазылған Қытай шежіресінде кездеседі. Ф.Хирттың анықтауынша, бұл сөз «Самое древнее известное тюркские слово» «the oldest Turkish word on record», бұл «кынлук» деген сөз, беріректе айтылуы «кынжар» – қанжар.

Бұл сөз біздің заманымыздан 47 жыл бұрын ғұндар Қытай үкіметімен келісім жасап отырғанда тағы кездеседі, Қытайдың жазуы бойынша цин-лу, ескі замандағы сөйленуі цин-лук не кын-лук – парадный меч гуннов, қазақша айтқанда ғұндардың ұзын селебесі.

Ерте кездегі Қытайдың Чжоу заманында оларға үлкен әсер еткен Қансу, Өр төс, Күншығыс Түркістанда ескі түрік тілінде сөйлеген ғұндар, солардың арғы аталары. Олардың тілінде «иер», «су», «ат» Тәңірі, ажұн (дүние) сөздері айтылатын болған. Мұндай мысалдарды тағы да көп ғалымдар келтіреді.

Қытайдың ескі анналдарын жақсылап пайдалана отырып, ғұн мен ескі түріктердің (прато-

түріктер) тілдерінен көп жаңалықтар ашқан көбінесе ХХ ғасырдың ғалымдары, олардың ішінде Ф.Хирт, К.Ширатори, Л.Базен, О.Менхен-Хельфен, Ф.Альтхейм, Е.Пуллейбланк, Совет ғалымдарынан Ю.А.Зуев, В.В.Бартольд пен П.Пельо Қытай энциклопедиясынан көруі бойынша сәнбилер де түрік тілімен сөйлегенін дәлелдейді. Олардың ойын осы кезде Л.Базин де қарсы алды.

Ғұн тілінен көп жазбалар сақталған жерлер Күншығыс Түркістан, Хотан, Керия, Лоб-Нор көлінің бойы, Дунхуань, Күнбатыста Мадьяр жер. Мадьярлар өзінің туысын ғұнмен, қыпшақпен, пешенекпен байланыстырып, бұл мәселеге ерекше көңіл бөледі. Олардың ғұн туралы тарихи аңыздарын ашық түрде сипаттаған ғалым Кираль-де-Дада. Бұл кісінің болжауынша, Мадьяр жерінде екі түрлі жазу түрі сақталды. Оның ескісі ғұн-скиф жазулары, соңғысы қыпшақ жазулары. Ғұн жазулары руна әріптері сияқты белгілермен жазылған, түрі Орхон-Енисей жазуларына ұқсас. Бұл жазудың ең ескі түрі Nagy Szen-Miklostan табылған алтын көздегі жазу. Түрі Орхон жазуының ескі замандағы түрі.

Ғұндардың герман тілі мен мадьяр тілінде сақталған ескі қария сөздерін жақсы пайдаланған ғалым Ю.Блеер. Ол кісі ғұндар ескі түріктер, мадьярлардың кейбір тайпалары осылардан таралды. Германдардың ғұн туралы айтылатын байтақ қария сөздерін терең зерттей отырып көп жаңалықтар айтады. Аса таңсық нәрсе – «Скелер» туралы Еуропаға мәлім болған ғұндардың ескі аңыздары, олардың шежірелері.

Ғалым ғұндардың түрікше сөйлеген сөздерін мысалға келтіреді, оның ішінде кісі аттары Еллас (елалас). Ернақ, Дінізек, нәрселерден – king lo – қынлы –



(селебе), kutsz – күз – қыз, қыз бала, kul – kischi – күл кіші (слуга), т.б.

Түрікше сөйлеген ғұн сөздерінің бір тобын келтірген ғалым Ширатори екенін біз жоғарыда келтірдік. Ол кісі ғұндарды «күн» (күнну) сөзімен жазады, оның ерекше көңіл қойғаны «Тәңірі» – аспан, көк, біз «көк Тәңірінің ұлымыз» деп айтуы, енді бір ғажайып сөз тоз, тuz қазақша төзім, төзу – дана, кемеңгер, ойшы.

Ғұн сөздерін көп зерттеген ғалымның бірі В.А.Панов. Ол зерттеуші ғұндардың не сөзін Қытай тарихынан тапқан. Олардың ішінде белгілі сөз Чен-Ли, тан-ли (Тәңірі), тоу-ло – турук, тұрақ (стоянка), гу-ту – Құт (счастья), уеп-чи, янги, ян-ши қазақша жеңге – әйел (біздің заманымыздан екі жүз жыл бұрын), Оу-то – одақ, қазақша отау (біздің заманымыздан екі жүз жыл бұрын), ци-лынь-сілік – таза, тап-таза, қазақша сілкіу – тазарту.

Ең таңқалатын нәрсе – ғұндар сол ескі заманның өзінен Еуропа елімен қарым-қатынаста болып, сауда жолын бірінші рет кеңінен ашып, өзінің тарихын, қария сөздерін, шеберлік істерін Күншығыс пен Күнбатыс елінің арасына молынан таратып, мәдениетте ұлы бейне қалдырды. Латын жазуларының суреттеуінше, ғұндар сәулет өнерін де, қол өнерін де жүйрік біліп, грек пен латын мәдениетінің үлгілерін пайдаланып отырған. Оған дәлел ретінде латын жазушылары Да-пай өзені бойында жасаған Еділдің әдемілеп жасаған үлкен Сарайын, оның әйелі Керке үшін жасаған көркем Сарайды ашық түрде суреттейді. Жазушылардың айтуынша, Керкенің Сарайы топталған қолы шебер күң әйелдерімен толы болған. Олар қазақ әйелдері сияқты сырмақтың не кілемнің үстіне жиылып, әдемі шебер

қолдарымен неше алуан сұлу кестелер, бас киімдер, әдемі шапан, тондар, бояумен неше алуан қымбат дүниелер жасайтын болған.

Ғұндардың дәуірі жалғыз тарихта емес, Еуропа елдерінің ұлы эпос жырларында, тарихи легендаларында жарқын түрде сақталған. Олар туралы барлық қария сөздің тобын келістіре жинаған жоғарыда келтірген Веер мен А.Тьерри. Бұл ғалымның көрсетуінше «имя Атиллы завоевало в Истории человеческих гениев рядом с именем Александра и цезаря». Ғұндар туралы әдемі қария сөздерін, әсіресе, Скандинавия жырларында, германның ескі эпос жырларында (Нибулін жыры), латынның, Мадьярдың хикаяларында жиі кездестіреміз.

Ескі заманнан келе жатқан өздерінің қария сөздерін, легенда, мифтерін, қызықты ерлік жырларын ғұндар Еуропа жұртына таратып, оның күдіретті бейнелері «Ұлы Едда», «Кіші Едда» сияқты Скандинавияда айтылатын дүниежүзілік әдебиетке мирас болып, әрі қызықты, әрі көркем, әрі тамсанып айтылатын эпос жырының шығуына үлес қосты. «Ұлы Едда» жырының бас қаһарманы шығыс елінен Еуропаға барған төзімді, кемеңгер елбасшысы, жылқы өсіріп қымыз ішкен, көрмеде мүсін аттар байлаған, ерлікті 12 жасынан бастаған, атакты алып тұлға. Бұл атакты ер, жүйрік бейне, ұлы алып Еділ. «Нибулін» жырында оның айтқан нақыл сөздері, тапқыштығы, ғажайып Сарайда отырғаны, алтын қазынасының керемет мол болғаны суреттеледі. Еділдің Каталаун соғысында болғаны (451 жыл), оның қайтыс болғаны (453 ж.), ол өлгенде ғұндардың тегіс қара жамылып қайғыруы, тұлпар аттың жүгіріп келіп өліп жатқан Еділді иіскеп көзінен жасын төгуі, туысқандарының көп әйел тобы-



мен қосылып жоқтау жырын зарлатып айтуы, атақты сәуегей Бел бидің қабір үстінде сөйлеген сөзі, оба басында отырып сыбызғымен үн қосқан қойшының сыры – осылардың барлығы ескі дәуірдегі ғұндардың түрік-монғол эпосының құдіретті негізін, оның тамсана айтатын легендаларын күшейте, қызықтыра бастағанын көрсетеді. Қазақ, қырғыз Алтай эпосына негіз болған құдіретті нәрсе – қаһарманның қамыққанда түс көруі, толғау сөздер айтуы, осы легенда ғұндар заманынан келеді. Еділ өлерінің алдында түс көріп қатты шошынады, өтетін өмір оның көзіне қолынан ұшып кеткен ақ сұңқар құс болып сипатталады, бақшаға еккен ағаштар тегісімен жапырағы қурап сарғаяды, өшіп сұлағандай болады. Бұл легенда ғұндардан алынып, «Ұлы Едда» жырына кірген, ол қырғыздар айтатын, Манастың түсін, қазақтар айтатын Ерсананың, Орақ ердің түсіне түп-тура келеді.

Ғұн мәдениетінен, оның жазу үлгілерінен көп із қалдырған өлке, әсіресе, Күншығыс Түркістан, Хотан, Керия, Абдал, Лоб-Нор көлінің бойы, оның шығысында тұрған Тунхуан үңгірлері, Өр төс, Қансу бойлары. Бұл атақты өлкелер ғұндардың ота тектеріне ұлы қоныс болып, онда көп тарихи мұра қалдырған алтын Отан.

Бұл таңқалатын өлкелерді, ондағы қымбатты дүниелерді көп жыл бойы зерттеген атақты ғалымдар Аврель Штеин мен Ю.Д.Андерсон.

Аврель Штеин Тағлы-Мекен құмының ортасына кіріп, онда не заманнан құм басып жатқан бірнеше қалаларды қазып, көп жаңалық табады. Ол қалалардың атын жергілікті ойғырлар тарихи заманынан бері қарай келе Дандан-Ойлық, ескі Ниа қаласы, Миран, Лоулан деп атаған.

Дандан-Ойлық бүгінгі Хотан қаласының теріскей шығысында, Керия дариясынан алыс емес, Ниа қаласының қалдығы Ниа өзенінің бойында, Тағлы-мекен құмының орта кезінде, Миран қаласының қабырғасы Лоб-Нор көлінің оңтүстік батысында, ескі өзеннің жағасында, оған таяу Абдал, Лаулан қаласының сақталған жері Лоб-Нор көлінің батыс бұрышында, ерте кезде бірталай үлкен қала болған. А.Штеиннің суреттеуінше, бұлардың көбі біздің заманымыздан кейін V ғасырға дейін жасап келген, демек, барлығы ғұн дәуіріне барып тіреледі.

Аврель Штеин қазып тапқан қымбат дүниелердің ішіндегі ерекше көңіл бөлетін қызықты нәрселерді жазу үлгілері. Зерттеуші ол жазуларды не үнді тілінде емес, не қытай тілінде емес, жергілікті халықтың өз жазуы деп анықтаған. Ол жазулар руна әріптері сияқты, кейде Үндістанның Карошти деп аталатын жазуына ұқсас түрде тізілген. Карошти үлгісімен жазылған ескі жазулар руна жазуына өте ұқсас, Үндістанның тек қана теріскей батыс өлкесінде кездесіп отырады. Оларды бірінші ғасырларда қолданған Кушан үкіметі кезінде үлкен әсер еткен ғұндар. Онымен қатар Ниа қаласының үстіңгі бетінен өн бойына жазу түсірген үш түрлі ағаш қалақ табылады. Қалақтардың түрі сопақ, кейбіреулері төртбұрышты, бір жақ шетінде қолмен ұстайтын сабы бар, жалпақшалау келген қалақша. Жазу екі бетіне бірдей түсірілген, жасалған дәуірі біздің заманымыздың үшінші ғасыры. Тап осы тәрізді төртбұрышты ұстайтын сабы бар ағаш тақтаға түсірілген жазуы С.П.Толстов Топрақ-қала қаласын қазғанда табады, бірақ тілдері басқа болуы мүмкін.



Руна сиякты ескі жазулардың бір тобын Штеин Лоулан қаласын қазғанда табады. Бұл қала Лоб-Нор көлінің жағасында, қытайлардың ғұндарды өзіне бағындырып, оларды бақылау үшін әкімшілік қамалға айналдырған кезі (арғы заман мен бергі заманның бірінші ғасырлары). Лоулан қаласынан Штеин ағашқа, ұзын қағаз бетіне түсірген көп жазулар табады; олар белгісіз жатқан жергілікті тұрғындардың өз тілінде оннан солға қарай жазылып отырған, түрі арамей жазуына ұқсас. Бұл жазулармен қатар Қытай үкіметінің II-III ғасырлардағы әкімшілік құжаттары табылған. Штеиннің байқауынша, Хотан қаласынан бастап Лоуланға дейінгі өлкелер, Тарим бойындағы тұрғындар тегіс бір тіл үлгісімен сөйлеген.


Лоб-Нордан шығып, Күншығысқа бет алып жүргенде, Штеин жөнекей бір діңді (мұнара) көріп, соның ішін қазып көреді. Одан қолма-қол жазу түсірген бір жіңішке ағаш қалақ табады. Жазу арамей (руна) жазуына ұқсас, бір жолмен жоғардан төмен қарай жазған бірінші ғасырдың белгісі. Түрі Талас өзені бойынан табылған руна жазуы бар ағаш қалаққа ұқсас.

Штеиннің анықтауынша, жазумен сызып толтырылған бұл ағаш қалақтар Түркістанның ескі дәуірінде байтақ эфиграфикалық дәстүр болғанын бірінші рет ашып сипаттайды.


Түрікше руна жазуының ең ескі түрлерін А.Штеин, әсіресе, «Мың будда» (Тун Хуан) үңгірінен табады. Бұл көп тайпалардың мыңдаған жыл ішінде қоныс етіп, жерді қазып үй жасап, оның қабырғаларына әдемі сурет, топталған неше алуан тілде жазулар қалдырған «жер ұйық» – табынатын орын. «Мың будданың» үңгірінен табылған ең ғажайып нәрсе – жер астына

көміп шыққан кітаптардың шығуы, олардың ішінде түрік рунасымен жазылған кітаптар, Манихей дініне бағынатын түрікше, ойғырша жазулар. Солардың арасында ескі түрік тілінде жазылған руна жазулары да кездескен. Оның ең таңқаларлық бір ескі үзіндісі түрік рунасымен жазылған кішкене кітап, жазуы солтүстік елдерде қолданған руна әліппесіне өте ұқсас. Оны қазір «түрік рунасы» деп атайды. Бұл кітапша толығынан ескі қария сөздермен, айлатық – «ерік бітік», болжау, жору, бал ашу үлгілері жазумен толған. Түрік рунасын бірінші рет ашқан марқұм Томсен бұларды қарап шығып айтқаны, бұл «аса бір жарқын ойлар, әрі толық, әрі жақсы сақталған, тамсанып тұратын естелік, ескі түрік әдебиетінің бүгінге дейін сақталып жеткен түрі».

А.Штеин ашқан жазулардың кейбіреуін кейінірек Бойе мен Л.Дойель басып шығарды. Олардың түрі мына сиякты болып келеді:



Ноин-ұлы обасынан табылған көзе сауыттың аркасында осы тәрізді белгілер бар:


 – біздің заманымыздан екі ғасыр бұрын жасалған.

В Китайской Летописи говорится, что буквы письма тюрков походят на буквы народа ху, т.е. древнего названия гуннов.


Будда дінін үгіттеуші Сон-Юньнің айтуынша, ғұндардың жазулары Тоба-Вэйдің жазуына ұқсас болған. Олар екеуі де Қытай жазуын керек қылмай өздерінің үкімет жазуы болған. Бұның бір тамаша жері, бұл екі ұлыстың екеуі де ерте заманнан «бітік» – жазу



мен сөзді қолданған. Бұл сөздің (бітік) түбірін бірінші рет ғылым жүзіне кіргізген ғалым К.Ширатори. Бұл сөз ескі заманнан келе жатқан сөз. Қазақтар, Алтай, Сібір елі тастаған ескі жазуларды «Самра бітік» (бітік) деп атайды. Ғұндар бұл сөзді Мадьяр еліне дейін таратқан.

Біз жоғарыда бір мысалда айтқан едік, ойды жазуға түсіретін қамыс құлақ қаламның ұшын Тоба-Вэй мен ғұндар «біте» деп, жазушы бітікшіні «біте-чин» деп атаған. «Бітік», «бітікші» сөздері Орхон жазуларында жиі кездесіп отырады.

Ғұн мен үйсіндерден қалған жазудың көбірек жолығатын жері Қазақстан өлкесі. Оларды ең алғаш ашып, ғылымға енуіне көп еңбек сіңірген белгілі ғалым Г.И.Спасский. XIX ғасырдың басында ол кісі Алтай мен Ертіс бойын, Орталық Қазақстанды жақсы зерттеп, оның архитектура, жазу үлгілеріне ерекше көңіл қояды. Алтай, Ертіс, Бұқтарма өзендерінің бойындағы руна жазуларын терең зерттеп, олардың арасынан Орхон жазуынан көп бұрын қия тасқа түсірілген ескі жазулар табады. Олар түрі Орхон жазуына ұқсап келсе де, бірақ одан ерекшелігі бар екені сезіліп тұрады. Мәселен:

 Ертіс бойында, Павлодар

төңірегіндегі Бабров обаларын (№3) қазғанда, оның ішінен аюдың сүйегіне қиып жасаған ең ескі жазулардың бір белгілері табылады. Осы сияқты ғұн дәуірінде түсірілген, не ескі түркі руна жазулары осы күнге дейін Бұқтарма, Күршім, Қалғұртты өзендерінің бойындағы қия тастарда жиі кездесіп отырады. Оның көбірек сақталған жері, әсіресе, Қалғұртты совхозының орталығына таяу жерде, қия тастың бетіне түсірілген әдемі жазулар. Бұл жазуды жақсы көретін кісілердің хабарлауынша, Қалғұрттының жазу түсірген

кейбір тастары құлап, жерде шашылып жатқаны көрінеді.


Бұл байтақ ескі руна жазуларын қазақтардан естіп білген академик В.В.Радлов жоғарғы Ертіс бойын Орхон жазуының ең алғаш шыққан орталығының бірі деп таныған.

Ғұн жазуының ең ескі түрінің бірі Байкал теңізінің төңірегінде бір обалардан табылған. Ол обаның жасалу түрі ішін ағаштан қалап шығарған; оның жасалуы арулау үлгісі Алтайдағы Пазырық, Қотанды, Шибе обаларынан аумады. Әрқайсы әр дәуірде салынса да, халықтың ғасырлар бойы сақталып келе жатқан тәртібі, халық салты ашық сақталған. Байкалдағы бір обаны қазғанда оның ішінен жиектері кемтірілген қола өрнегі табылады. Оның өзгешілігі, бетінде алты әріппен жазылған жазу өрнегі бар, түрі Орхон жазуына ұқсап келсе де, одан айырмасы ашық көрінеді. Бұл обаны зерттеген Ю.Талько-Грынцевичтің анықтауынша, обаның бұйымдары бірінші ғасырда жасалған. – Сондықтан, – дейді зерттеуші – «Қытай анналдарының көрсетуінше, бұл ерте кезде жасаған түрік тайпасы болу керек. Олар біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын барлық ұлыстарын біріктіріп, байтақ мемлекет құрған ғұндар».

Демек, Орхон сияқты келетін ғұндардың ескі жазулары табылған жерлер Ноин-Ұла, Байкал төңірегі, Алтай, Ертіс, Орталық Қазақстан (Байқоңыр), Үлек, Жайық бойлары.


XIX ғасырдың орта кезінде Манғыстауды зерттеуге барған М.И.Иванин тағы да сол сияқты қатар тұрған бірнеше белгілерді суретке түсіріп алады. Оны ғылыми




тұрғыда хабарлаған П.Савельев мынадай әріптерді мысалға келтіреді: . Осы формдас жазулар Елек өзенінің бойында, Оренбур облысына қарайтын Прохаров обасын қазғанда соның ішінен шыққан екі күміс табактың бетінен табылған. Жазуды зерттеуші ғалым П.К.Каковцев оны арамей жазуына ұқсас деп анықтаған.


Мұның бір аса тамсанатын жері, тағы сол тәрізді Орхон жазуынан көп бұрын тараған ескі жазудың бір түрі, тағы сол Елек өзенінің бас жағында, Орскі қаласынан тым алыс емес, бір өндіріс орнын қазғанда, жер астынан бұзылмай сақталған көзе сауыт шығады. Оның бетінде де жоғарыда көрсеткендей жазуы бар. Ғалымдар көріп, көзе сауыт біздің заманымыздан IV ғасыр (дұрысы III-IV ғғ.) бұрын болған деп көрсетеді. Оның ең тамашасы – сол кезде Қазақстан өлкесінде, Елек, Жайық бойында қолданған әліппе жазудың ізін қалдырған.


Осы тәрізді жазу Алматы қаласының түбінен, Есік өзені бойындағы сақ дәуіріндегі обаны қазғанда, оның ішінен табылған күміс табактың бетінен табылған. Жазудың түрі Алтайдан, Ертіс бойынан, Елек өзені бойынан табылған жазулармен бірдей.



, ептеп Орхон жазуларына ұқсап келеді. Мұндай күміс ыдыстың не көзе сауыттың бетіне жазу түсіріп отыру сақ, ғұн, үйсін заманындағы шеберлердің аса әдеттенген бір ісі. Оны Қазақстан мен Қырғыз өлкесіндегі, Алтайдағы, Оңтүстік Сібірдегі обалар жарқын түрде суреттейді.



Таңба сияқты ескі жазу белгісі Орталық Қазақстан өлкесіндегі Манақа өзені бойындағы қия таста, не

Байқоңыр өзені жағасындағы жылтыр кара тасқа түсірілген. Оның түрі:  Жазудың оң жағы сынып жерге түскен, бірақ қанша қарап ізі табылмады.

Осындай жазулардың Алтайдан, Абақан бойынан табылғандарын С.В.Киселев арамей жазуымен салыстырып, Оларды Орхон жазуының «прототип» деп анықтаған. Ғұн заманында балалар ойнайтын асықтың жонған бетіне түсірген таңба-жазулар  Орхон жазуындағы әріптерге ұқсайды.

С.В.Киселевтің суреттеуінше, Орхон жазуынан көп бұрын шыққан, бұл сияқты жазу белгілері үйдің төбесіне жабатын көзе тақталарда сақталған. Оны Абақан қаласынан 8 километр жерде ғұн заманында жасалған Сарайдың түбін қазғанда табылған. Жазудың түрі: . Сарайдың ішінен аңызға айналған сәуегей бақсының суреті кездеседі. Ол оң қолында бөрінің басын түсірген жалау ұстап, сол қолында жылан ұстап тұрады. Сурет ғұн тұрмысын әдемі суреттейтін бейне.

Ғұн дәуірінде қолданған Орхон жазуына ұқсас жазулар қырғыз өлкесінде, Талас өзенінің бас жағынан көп табылған. Олардың ішінде, әсіресе, Талас бойынан табылған ағаш қалақтағы белгілер,  әріптері, Баткен ауданы, Ақтөбе қаласын қазғанда табылған әріптер .

Осындай ағаш қалакқа, теріге жазып түсірген ескі жазуларды С.П.Толстов Топрақ қаланы қазғанда жолықтырған. Оның ішінде мынадай әріптер бар:  болмаса: .



Ондай жазу белгілердің (бірінші ғасырға жататын) бірнеше тобын Қаратөбе мен Бестөбедегі ескі некропольдерден табады. Оның ішіндегі белгілер:

† X K 7 A I, қатарынан жазылғандары, болмаса:

У+УУУ, яки: У I A > 7 I A УУУ.

Мұндай жазулардың ең бай жері әсіресе, Талас өзенінің бойы. Талас қаласы біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын ғұндардың байтақ астанасы болып, жазуды осы арадан таратты. С.В.Киселевтің байқауынша да Жетісу өлкесін қоныстаған түркі тайпаларының руна жазулары Орхон жазуынан көп бұрын шыққан. Ол кісінің анықтауынша, «можно считать вполне установленным наличие в Семиречье рунической письменности и притом более орхонского типа, чем орхонская».

Из Сериречья «тюркоязычный алфавит широко распространился на восток» до Енисея.

Академик В.В.Радловтың баса қарауынша руна жазуының Күншығысқа тарауына зор әсер еткен әсіресе, жоғарғы Ертіс бойын қоныстаған тайпалар. Олар Жетісуда тәртіпке түскен руна жазуын Енисейде отырған қырғыздарға дейін таратты. Бұл мәдени істің тарауында үлес қосқан тайпалар қыпшақтар, басімелдер, қарлықтар, жағмауыттар (ягма).

Зерттеушілер руна жазуының алғашқы шығуы екі ортамен байланыстырады: біреуі Жетісу (Талас өзенінің бойы), екінші Енисей. С.Е.Малов осыны есіне ала отырып «Енисей жазуы V ғасырдан» деп болжаған. Бірақ Л.Р.Кызласов VII ғасырдан деп анықтайды.

Талас бойынан, Жетісудан, Сырдария бойынан табылған руна жазулары өте ерте замандікі. Яғни ғұндардың Талас қаласында, Сырдың аяқ шеніндегі қалаларда отырған дәуірінде жазылған нәрселер. Олар ғұн тәртібіне байланысты ағаш қалаққа, күйдірмеген кірпішке, мүсін тасқа қиып түсірілген жазулар. С.Е.Маловтың байқауынша, «бұл ағаш қалаққа қиып түсірген әріптер Орхон жазуымен салыстырып қарағанда бүтіндей басқа екені байқалады».


Руна жазуын қиып түсірген ағаш қалақтың табылған жері Талас өзенінің басы, Қырғыз өлкесі, ескі заманда күкірт не ашутас қазып алатын Ачикташ деп аталатын кен орнынан табылған. Жазудың мазмұны жол жүргенде, жұмыс істеп жүргенде сыйынып, жалбарынатын тілектің бір түрі. Бұл ағаш қалақтардың бір тобы бүгінде Қазақстанның Орталық мұражайында сақталып тұр. Олардың жазу үлгісі мына түрде:

Ескі руна жазуынан Алатау төңірегінде табылғаны, Кеген ауданы, Қарқара өзені жағасында биік тас мүсінге қиып түсірген «Ашинақаған» ғұндардың бір кемеңгер қарты, кейін түрік династиясын ұйымдастыруға ірге болады. Ашина ел басқарып отырғанда өзінің Сарайының қақпасына бөрінің басына арнап жасаған алтын туын іліп қоятын.

Мүсін тас түрік дәуіріндегі мүсін тастардан өзгешерек, өте биік, екі метрден артық. Ондай биік граниттен мүсін жасау бір ғана ғұн дәуірінде болған. Оның 4-5 метрлік ең тамаша түрлері, әсіресе, Атасу өзенінің



бойында не Қарқаралы тауларының ішінде кездеседі. Жазудың құрылысы:



Ғұн мен қаңлылардың дәуірінде қолданған руна жазуының бір түрі Сырдария бойында, ерте кезде күнелткен Артық ата қаласының түбінде бір күйдірмеген кірпіштің бетіне түсірілген. Бұл кез ғұндардың Сырдария бойында, Арал теңізі түбінде ұлы мәдениет жасап, «культурно-болотные городища» қалдырған кезі, Шижының Талас қаласын астана етіп, онда ұлы Сарай тұрғызған кезі (*жоғарыдан қара*).

Ғұндардың жазу үлгісі тек тарихи белгілерде ғана сақталып қалған жоқ. Ол Қытай анналдарында айқын түрде суреттеліп отырады. Олардың көрсетуінше, ғұн мен үйсіндердің, қаңлылардың бір тәртіпке түсірген әліппе жазулары, ресми жарлықтары болған. Ол жазуды олар саяси істе, рухани тіршілікте (ағаш қалақ), ыдыс-сауыттарда, құрбандық (табыну) істерінде пайдаланып отырған. Оның бірталайын біз жоғарыда мысалға келтірдік. Ол жазуды ескі Қытай анналдары Ху (Куу) елінің жазуы деп көрсетеді. Демек «Ху» (Куу) ғұндардың ескі аталары. Чжоушу (*глава 50*), Суйшу (*гл. 84*) айтылған: «түріктердің жазулары Ху (Куу) елінің жазуына ұқсас».

Біздің заманымыздан 105 жыл бұрын жазылған бір анналда ғұн жарлығы туралы былай делінген: «Владения, лежащие от Усуни далее на запад до Анвси (Бухара) были близки к Хуннам (гуннам). Если посланник от Хуннов проезжал с Шаньюевым (Ханским) ярлыком то

в каждом владении препровождали его по почте и не смели не давать съестных припасов».

Тағы сол анналда айтылған: «От давани (усуни, фергани) на западе до Анвси хотя говорят различными языками, но в обыкновениях весьма сходятствуют и в разговорах понимает друг-друга». По определению современных ученых «это были разные наречия тюркского языка».

Ғұндардың хаттары көбінесе қақтаған ағаш қалақшаға, не теріге жазатын болған (грамота на дщице, длиной 30 см.). Ең таңсық нәрсе – Қытай үкіметіне арнаған ресми хаттары. Ол хаттарда ғұнның ел басқаратын Тәңірлері өздерін ұлы бейнеде, жойқын алып түрде көрсетіп, «біз көк пен жерден туған, таққа күн мен ай әкеліп отырғызған ғұн Тәңірісі» деп көрсететін болған.

Біздің заманымыздан 192 жыл бұрын ғұнның атакты алып ері Бөде, көрші елге тыныштық бермейтін қанішер Қытай елін сөгіп, оларға жазған хатында былай деген: «Қынжылғыш алжыған кәрі патша, батпақтың арасында туып, жылқы мен сиырдың арасында өскен, талай рет жеріңе бардым, әуес еткенім сенің еліңді білу еді».

Одан бір жылдар өткеннен кейін (176 жылы б.з.б.) жазған хатында Күншығыс Күнбатыстағы тайпалар, Орта Азия, Каспий теңізіне дейінгі жер бізге бағынады. Жалғыз-ақ бір қиянат нәрсе – Қытайдың шекарада тұратын ұлықтары көрші елдің тынышын кетіріп, оларға тілін тигізеді. Бұл біздің татулық туралы жасасқан келісімге тура келмейді. Хуандиді татулыққа шақырып, Тәңірі құтлук деп қол қояды.



Енді бір хатында айтқан: «Егер екі жұрт татулыққа келіп жарасса – олардың елі де қуанышта болады, жігіті де, аты да тыныштық табады». Ең тамаша хаттың бірі біздің заманымыздан бір ғасыр бұрын, Талас қаласындағы ордасында отырып көп тайпалар атынан жазған Шижиның хаты. Шижи Бөде сияқты атақты ердің бірі, Қытай еліне жирене қараумен аты шығып, оларға қарсылық көрсетіп, солардың әскерінің қолынан өледі. Қытай әскері біздің заманымыздан 36 жыл бұрын Талас қаласында Шижины өлтіріп, басын Боғда ханға тартады. Міне, осындай Қытай үкіметіне қарсылық көрсетіп жазған хаттар ғұн үкіметі құрығанға дейін көп болған. Олар Қытай мұрағатында сақталды ма, не жоғалып кетті ме, оны ешбір ғалым атамайды.

В.В.Бартольдтың зерттеуінше, Иранның теріскей өлкесінде тұратын түрік әскерлері, олардың Сахарада тұратын адамдары араб алфавитінен гөрі өздеріне ертеден дәстүр болған ойғыр жазуын ерекше жақсы көрген. Ескі тайпалардың орда құруынан бастап, баксы, бітікші, абыз дәстүрі бергі қазақ ұлысына дейін келіп жетті. Орыс ханнан бастап (XIV ғ.), бергі XVIII ғасырдағы Әбілхайыр ханға дейін әрбір қазақ ұлысын басқарған хандардың бітікші-абыздары болған. Оны Бұрындықтың Бұхараға жазған хаттарынан, Тәуекелдің Россия патшасы Федор Ивановқа жазған ұлы хатынан, Тәуке ханның 1694 жылы достық туралы Петр біріншіге жазған дәстүрлі хатынан (*Казахско-русские отношения XVI-XVIII вв., с.14, абыз Тәуекел-Мамет*), Қайыпханның 1718 жылы ұлы Петрға жазуынан (*сонда, 28 б.*), Әбілхайырдың Россияны дос көріп, ұлы Петрға хат жазғаны (*28-б.*), Әбілхайыр ханның Россияға қосылуы туралы Анна Иоаннаға

жазған ашық хаты (*1730, с.36, рис.1, Қазақ тексті*), Әбілхайыр ханның Қазақ өлкесінде қала салу туралы патша үкіметінен көмек сұрауы (*1734 ж., 121-122б.*), Ұлы жүз Қодар бидің, Төле бидің, Сатай батырдың, Қангелді батырдың 1733 жылы Анна Иоаннаға жазып, бізді көмегіңізге ал деп өтінуі (*с.102, рис.2, Қазақ халқының тексті*). Орта жүзде ең атақты абыз Түмен бітікші. Ол көбінесе Жәнібек пен Шақшақ Бөгенбай бидің қызметінде болған (*1747ж., 351, 355-б.*). Жалпы айтқанда, абыз (бітікші) жазуды жүйрік білетін, оқымысты кісі (*733- б.*). Сондай абыз Ұлы жүз Төле биде (*484-485-б.*), Абылайда, Әбілмәмбетте, Әбілпейісте де аз болмаған. Ол үшін Абылайдың Екатерина II патшалыққа отырғанда оны ардақтап, өздерінің досы екенін сипаттауы, қазақ әдебиетімен әдемі жазылған (*1762ж., 645-644-б., рис.7, Қазақ тексті*). Сондай бір жүйрік хатты Абылай 1764 жылы Орынбордың генерал-губернаторы И.Реинсдорпка жазады (*693-692-б., рис.8, Қазақ тексті*). Қазақша ең әдемі жазылған хаттың бірі – Найман елін басқаратын Әбілпейіс Әбілмәмбет ұлының хаты (*1762ж., 636-б., рис.6, Қазақ тексті*). Онда Күншығыс Қазақстанда, әсіресе, Семейде, Аягөзде сауда ісін күшейтіп, халықтың мұқтаждық ісін жоғары көтеруді сұраған. Мұндай қазақ білгіштерінің ойымен айтылған әдемі сөздер мұрағатта орасан көп. Оның кейбір нұсқаларын И.Н.Березин хрестоматиясына кіргізген (*Құлан-Қыпшақ Құлатай елінің билерінің хаты. Хрестом.1-2об., 8-8об., 1825; Солтыбай төренің генерал-губернаторға жазған хаты, 1814ж., с. 54; Қамбар сұлтанның патшаға жазған хаты, с. 56; Найман басшыларының Омбыға жазған хаты, с. 57-58*).



Қазақ шежіресінің көрсетуінше, XVI-XVII ғасырдағы ұлы бітікшілердің ең атақтысының бірі Мәстек абыз, Аққозының баласы Сапақ абыз, екеуі де Сүйіндіктен, Сапақ үлкен бақсы, екі тұлымын белінен салбыратып, тау-тасты кезіп, тасқа жазу түсіріп жүрген. Жаяу жүруге ешуақытта шаршамайды, ат пен түйенің жүгіруінен қалыспай боздатып отыратын болған. Сондай атақты бітікшілер Алтайда, Ертіс бойында қоныстайтын Қыпшақ, бәсентиин, Найман, Керей, Уақ (Үнгіт) ортасында көп болған, олардың ішінен ел аузында сақталып қалғандары бәсентиин Өтеміс абыз, Танаш абыз, Мұрат Баубек абыз, уақтардың көп абыздары (*Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы жазулары. Ғылым Академиясының кітапханасы, 98, 99, 105-б.*).

Бұл бітік жазуды, абыз болуды қазақ халқына мирас етіп қалдырған тарихи тайпалар жоғарыда көрсеткен қыпшақтар, қаңлылар, оғыздар, қарлықтар, наймандар, керейлер, оңгіттер (уақ), жағмауттар (яғма, болмаса Жетісудың бура-наймандары), шектілер, барлығы кейін қазақ ұлысына кірген тайпалар. Монғол дәуірінен бұрын бұлардың әрқайсысы өз алдына әкімшілік құрып, орда жасап, қарым-қатынасқа ілгеріде Орхон жазуын пайдаланып, кейін не ойғыр, не араб жазуын дәстүр еткен елдер. Әлішер Навоидің бақылауынша, бітікті әдемі жазған бақсылар, әсіресе наймандар, жалайырлар, керейлер, қоңыраттар ортасында көп болған. Солардың бірі – Сақи бақсы. Ол өзі әрі ақын, әрі қол өнеріне шебер, түрікше, парсыша жақсы жаза білген. Әскерде алып ердің бірі. Кейде кедейлікке түсіп, адамнан безіп, дала кезіп жүрді. Жырында айтқаны:

*Мойныма жаға қылып қарға тақтым,  
Түсіп қалмай жүрудің ойын таптым.  
(Алишер Навои. Шығарма, Т. IX, 130-б.)*

Ондай атақты бітікшілер Жетісуды, Талас қаласын мекендеген қарлықтар, жағмауттар (яғма), шектілер ортасында аз болмаған (*Th. Hyde, Verterum, presarim et parthorum religion historiae. Oxforol, 1760, c. 281-281*). VIII ғасырда Шу қаласын мекендеген қарлықтардың елге білім тарататын ұстаз бітікшісін Әли Шашақ деп атаған (*Abdulla bin Ahmed al-Maqdisi (XIII ғ.). Дамаск, 1961ж., c. 155*).

Бір өзгеше құжат, осы XX ғасырдың бас кезінде Талас өзені бойынан Мани (Манихей) әсерімен жазылған бір кітаптың мазмұны табылған. Оны жазуға түсірген Жетісу тайпаларының бітікшісі Ағ-Дөкей деген кісі. Кітапта кездесетін сөздер «Арғу Талас», «Шегіл (Шекті) қаласында тұратын алтын арғу Қаша, Шу бойындағы Жаға-Кент, Орда-Кент қалалары», «Орда шегіл қаласының бастығы Тәңірі», «Ұлұғ түріктердің ханы Шегіл-Арслан Елтеріс» (*W.Radloff, Alt-Turkische studien. Изв. Акад. Наук, т. VI, 1912ж., №12, c. 763-778*). Жетісу бақсыларының (бітікші) сүйген ісі тасқа, ағашқа, сүйекке, теріге, киізге (киіз кітап) жазу түсіріп отыруды өзгеше әдет қылған. Жетісу, Тарбағатай, Алтай тауларының ортасында Сары бақсы, Сыншы бақсы, Шашты бақсы, Қызыл бақсы (*A.V.Gabain. Turkische Turfanmexte, X, 10, 18, 177, 455*).

Ойғыр жазуын көп заманнан қолданған елдің бірі қыпшақ пен қаңлылар. Оның жарқын дәлелі, әсіресе, Орталық Қазақстанның ескі күмбездері Жұбан-Анада (IX ғ.), Ботығай кешенінде (Нұра өзені) аса көркем



түрде кездесіп отырады. Бытығай (Ботағай) кесенесін бірінші рет (1830 ж.) суретке түсірген А.Шахматов. Ол кезде кесене бұзылмай, тарихи архитектурасын жақсы сақтап тұрған кезі. Оның ішкі үш қабырғасының жоғарғы биігіне жуан ағаш салдаулардан екі қатар фриз (додеге) қадап, оның бетін қыпшақ тілімен жазылған ойғыр алфавитімен толтырған. Бұл өте үлкен, арнаулы жазу. Бірақ, А.Шахматов дұрыс жазуын түсіре білмегендіктен ешкім оқып шығара алмай келеді.

Қыпшақтардан ойғырша, арабша жазатын бітікші абызды Көкем бақсы деп атаған. Оның аты 1299 жылы жазылған Византия тарихында кездеседі (*Togan, Kipiz, 332*). Енді бірі – Көсе бақсы, арабша әдемі жазушы, қобызын арқасына салып, XIII ғасырдың ішінде Мысырға елші болып барып жүрді. Ондай Мысырға барған қобыздарды ол жердің суретшілері қағазға да түсіріп отырды (Эйхгорн).

Қыпшақтардың араб әрпімен жазатын атакты жырауы – Барақ бақсы. Тақтағу хан кезінде ол Тәбризде отырған Фазан ханға елші болып барып, Рашидеддиннің шежіре жазуына үлкен көмек көрсетті.

Дешті Қыпшақта жасаған жыраулардың ең құдіреттісі – Сары-Салтық, бақсылардың атасының бірі, асқан абы, білетін кісі. Халық оны Сары бақсы, Сары абыз, Сыншы бақсы, Шашты бақсы деп атаған. Мүмкін ол эпикалық жырда аңыз етіп айтылатын «Баба түкті Шашты абыздың» өзі болу керек. Баба түктінің ордасы Қаратаудың теріскейінде «Баба Ата», «Баба Түкті» деген атпен осы күнге дейін сақталған. Махмұд Қашғаридың картасында бұл жерлер қыпшақтардың қыстап отыратын орыны.

Бақсылардың бір ерекшелігі – олар бар өмірінде исламға қарсы болып отырған. Сондай жойқын күрес, әсіресе, XIV ғасырдың 20-30 жылдары. Бұл жылдары исламды таратушы Шағатай ұлысының ханы Тармашыринге қарсы шығып, оны өлтірумен бітеді. Қыпшақ даласын күшпен исламға кіргізуді ойлаған Өзбек ханға бақсылар бастаған халық соғыс ашып, Өзбек хан оларды тегісімен қырады, бір бақсы тірі қалмайды. Өзбек хан Сырдарияның төменгі жағасына Қорқыт кесенесі тұрған жерге құлпытас тұрғызып, онда жазған: «Қорқытқа еріп исламға қарсы болмандар».

Ойғыр жазуын өзіне дәстүр қылған елдер наймандар, керейлер, өңгіт-уақтар, меркіттер, барлығы ерте кезден Қазақ ұлысының тайпалары. Елді орхон ойғыр жазуына үйретуде бұлардың үлесі зор еді. Өңгіт-уақтардың меркіт тайпаларының ғажайып ерлік жыры «Ер Көкше», «Ер Қосай», Керей «Қамбар» жыры осы күнге дейін халық аузында сақталған.

Рашидеддиннің билердің айтуынан жазуынша, найман мен керейлер тарихи заманда саудагерлер, миссионер арқылы несториан (Айса) дінін дәстүр етіп, солар арқылы олардың Армениядағы, Сириядағы дін басқармасымен хат жазысып отырады (*Rashideddin, Сборн. Lemonuceй, I, ч. 1, с. 127; G. Oppert, Derpresbytor Johannes in sage und geschichte. Berlin, 1864, s.89*). Несториан болған керейт жазуларын көп зерттеген француз ғалымдары (*Jaint-Martin, Memories, II, p.280*).

Несториан дінін қолданатын керей мен найманның қыздары тегіс Шыңғыс ханның балаларына шығып, олардың рухани тіршілігіне үлкен әсер еткен. Соның ішінде, әсіресе, Оқтайдың әйелі Торқын-Хатун мен Толының әйелі Сұртоқты-бикем. Бұл Сұртоқты Керей



Он ханның немересі, ықпалы күшті болған. Ол өзінен туған төрт баласы – Мөңке, Күблай, Алауке (Хулағу), Арық-Бұқа білімге тойғызған (*Марко Поло, с. 243; Рашидеддин, I, кн. 2, стр. 72*).

Осындай жағдай наймандар мен керейлер ортасында ерте кезден дағдылы іс болғандықтан бітікші абыздары да аз болмаған. Керей Он ханның ұлы бітікшілері Құтты-Бұқа барлық керей елін жазуға үйретеді (*Рашидеддин, т. I, г.1, 128*). Шыңғыс хан үкіметін құрған соң, оның ең сенімді бітікші (абыздары) бір ғана керей мен найманнан, не өңгіт (уақтар) болады. Оның ерекше сенген бітікшісі Керей Абушқа (Абуша) абыз (*Рашидеддин, I, 1, 134*). Оқтай ханның ұлы бітікшісі Керей Қарыдай (Кәрітай). В.В.Бартольд, т. I, 534; (*E. Blochet, introduction a l'histoire des Mongals Rashid ed-din, p. 42*). Мөңке ханның ұлы бітікшісі Керей ұлысынан болғай, ол Мөңке ханның балаларын ойғыр жазуына үйретеді (*D. Ohsson, histoire des Mongols, t. II, p. 260*). Екіншісі хатшысы жалайыр Бала бітікші Хұлағу ханның бас секретары Керей Мұқыр бітікші, Көке-Баяут. Мұқыр шеберлікті де жақсы білген. Ол Қалаукеге (Хулағу) алтыннан, күмістен ақша жасап берген. Сол кездегі тіл бойынша ол ақшаны (монета) «бәліш» деп атаған (*Рашидеддин, I, 134, 177*).

Ең ескі жазу «Шыңғыс ханның нақыл сөздері» «алтын дәптер» не «білік» деп атаған (*Рашидеддин, т. I, кн. 2, с. 259-265*). Ол жазу Оқтайдың ордасында сақталып тұрған. Ол кездегі бірінші Орда осы күнгі Алакөлдін жағасында «Ала-Қамақ Сарайда» деп аталған, Жоңғар Алатауының түбіндегі ескі қала. Ондағы алғашқы құрылтайға Баты да барып жүрген, кейін Плапо Карини, Темір де барып тоқтаған. XV

ғасырдың шежіресі «Мүйіз ал-ансаб» кітабының көрсетуі бойынша, Оқтай хан «алтын дәптерді» бір ғана үңгіт (уақ) бітікшісіне тапсырып қояды. Атақты билер, әскер басылар, ел басқаратын сұлтандар болмаса, оны басқа кісіге оқытпайды. Монғол дәуірінде қазақ тайпаларынан түрікше құжат жазатын тайпалар – қыпшақтар, арғындар (Марко Поло), жалайырлар, қаңлылар, (Қадырғали Жалаири), коңыраттар, кетелер. Олардың дәстүрі кейінгі қазақ заманына ауысады.

Көп ғалымдардың анықтауынша, монғолдардың мәдениет өркендеуіне зор әсер еткен, әсіресе, найман мен керейлер. Олар көп заманнан бері үкімет жасап, саяси, мәдени, тұрмыс жұмысына ойғыр алфавитін молырақ пайдаланған жұрт болған соң, оны көрші елдерге де таратып отырды. Шыңғыс хан оның аталары осы, екі елмен XII ғасырдан араласу арқылы ойғыр алфавитін монғолдарға басқа тайпаларға да тарата бастайды. Найман мен керейлердің ортасында көп жыл бірге жасасып, қарым-қатынаста болғандықтан, олардың ортасында бітік жазу, қағазға басатын «Мөр» бар екенін көріп таңқалады.

Найман хандарының жазған бітіктерін, қағазға түсіретін мөрін сақтап жүрген атақты бітікші (абыз) «Тау Тоң» деген кісі. Наймандар жеңілген соң, қария абыз Шыңғыс ханның ордасына келіп, оның балаларын ойғыр жазуына үйретеді (*Abel-Bemusat, Nouveaux. Melanges Asiatiques, t. I-II, Paris, 1829; P. Pelliat, Nates Jur le "Turkestan", pp. 33-35; В.В. Бартольд, Соч. т. V, 620*).

Ергене-Көң ойпатынан тарап шыққан қияттардың бір ұлы жырауы – Есей-Бұқа, қыпшақ пен наймандардың атақты ойшысы, ақыл иесі, ұлысқа тәрбие беретін,



өзі ғалым, өзі ұстаз, өзі жырау. Шыңғыстың ордасына келіп кеңес береді, кейін Өктай заманына дейін жасайды. Туып-өскен жері Алакөлдің маңы, Ертістің бойы. XIII ғасырдың 30-жылдары әбден қартайып, жиылысқа күймеге отырып барып жүрді (*Raшиdedдин, т. I, кн. 1, с. 158*).

Керей мен наймандар түркі тілінде сөйлеген бір туысқан елдер. Кейін олар Қазақ пен Өзбек ұлысына қосылды. Олардың шығу тегі түрік тілінде сөйлеген өңгіттермен бірдей (*Raшиdedдин, I, кн. 2, с. 190*). Өңгіттер қазақтың «Уак» деп аталатын Орта жүздің бір тайпасы. Өңгіт руы осы арада әлі сақталып келеді. Олардың тарихи заманнан тұратын жері Ертістің жағасы, бүгінде Семейтау, Бесқарағай өлкесі. Өздерінің шежіресі бойынша – Ер Көкше, Ер Қосай ұрпағымыз деп санайды. Керей, Меркіт, осы өңгіттермен аталас.

Найман мен керейлердің түрік тілінде сөйлеген тайпалар екенін XIX ғасырда жазып кеткен ғалымдар Н.А.Аристов (*Заметки, с. 303*), Ю.Клапрот (*J. Klapproth, Tableaux historiques de l'Asie. Paris, 1826*), Ховорос (*H.N.Howorth, History of the Mongol*). XX ғасырдағы атакты ғалымдардан найман мен керейлердің түркі тайпасы екенін айқын шешкен ғалымдар Мураяма (*S.Murayama, Sind die Naiman turken oder Mongolen. Central Asiatic journal, vol. IV. 1968, p. 3*), Чехословак ғалымы П.Поуха (*P.Poucha, Die geschichte der Mongolen. Praha, 1956, s. 56-60*), қазақ ғалымы Сәрсен Аманжолов (*Вопросы, стр. 58*), А.Инан (*A.Inan, Naiman meselesi. "Turk tarih Kurumu Belleteni, cilt 96, 1960, s. 539-545*), совет ғалымдарынан Л.Л.Викторова (*К вопросу о найманах. «Ученые записки ЛГУ», 1961, №305, с., 137-155*).

Осы ғалымдардың жаңадан табылған тас жазуларға сүйеніп зерттеуі бойынша, несториан (Айса) үлгісіне кірген наймандар, керейттер, онгіттер, меркіттер бір ғана түрік тілімен жазатын болған (*K.Enoki. The Nestorian christianism in China. – L'Oriente cristiano nella Storia della Civiltà, Rota, 1964, p. 46-48*).

Ең таңсық нәрсе – Алтай мен Монғол жерінен табылған өңгіттер мен керейлердің жазулары (*Enoki, 46-48*). Көп табылған, әсіресе, өңгіттердің тас жазулары. Олар ерте дәуірде құлыптасқа киып түсірген түрік сөзі, тілі қыпшақ тілімен бірдей. Орысша жазуында айтылған: «Изучение языка несторианских Онгутских эпитафии показывают, что они относятся к языкам Кипчакской группы» (*S.Murayama, Über die nestoriani jchen grabnichriften in der inner Mongolei in Sud – China. – L'Oriente Cristiano nella Storia della civiltà. Roma, 1964, pp. 77-80*).

Осы тәрізді Несториан болған найман, керей, өңгіттердің түрік тілімен жазғандары Гоби шөліне таяу тұратын «Қара-Хото» қаласын қазғанда табылған. Оны қазушы отанымыздың ғалымы П.К.Козлов (*Монголия и Амдо и Мертвый город Хара-хото. М. 1947*).

Бұл қаланы салдырған керей мен өңгіт-уактардың басшылары, Гоби шөлінде, Оңтүстік бағысында, Езін-Чол өзенінің төменгі арнасында, оң жағында тұрады. Бұл қаланы қазғанда оның ортасынан Несториан үлгісімен салынған табынатын мұнаралар, діңгектердің қабырғасы, олардың ішінен сирия, түрікше жазылған көп жазулар шыққан (*Пигулевская Н.В. Сирийские и Сиро-тюркские фрагменты из Хара-Хото и Турфана. «Советское востоковедение», I, 1940, с., 213-234*). Ғалымдардың зерттеуінше, Қара-Хото қаласынан



табылған керей-өңгіттердің жазуы Жетісудан табылған Сирия-түрік жазуларымен бірдей. Демек, Несториан үлгісіне әдеттенген тайпалар Сирия мен Армян елінен келген үгіт таратушылардың ықпалында болғаны көрінеді (*Рашидеддин, I, кн. I, с. 132*).

Марко Полоның жазуынша, бұл несториан дініне кірген наймандар, керейлер, өңгіттер (уак) әрі көшіп мал өсіріп, әрі суармалы егін салып, қыс айларында белгілі қыстауларда, не қалаларда тұратын ел болған. Монғолдардан бұрын керейт елін басқарған Орталық Азиядағы ең ұлы кісі – Керей Он хан, шын аты Тұғұрұл, Маркөздің немересі (*Рашидеддин, I, I, 27*). Керейлердің қыстаулары Алтай мен Қаңғай тауының ішінде болған. Олардың ішіндегі ең атақтылары Өрен-Қорық, Төс, Құласын, Өтегей, Құба-кия (*Рашидеддин, I, кн. I, с. 127*). Наймандардың қыстаулары Ертістің бас жағында, Алтайда, Шыңғыстауда, Қара-Қорымда (*Рашидеддин I, I, с. 136, 137*).

Он ханның орталық қаласы Исақ – Монғол Алтайында тұрған. Найманның әскері Он ханды осы орталық қаланың түбінде, Некен-Усун деген қыстақта атып өлтіреді (*Рашидеддин, I, кн. I, с. 132, 133*). Екінші қалалары Язен, Юймын, Қара-Хото (*Марко Поло, Минаев аудармасы, 272*). Керей, наймандармен көрші тұрған өңгіттердің бірнеше қалалары болған. Орталық бір қаласы Өңгу-Қапқа, қытай жақ шетінде болған. Онда тұрған тайпалар Он ханға бағынатын өңгіттер (Уак), қоңыраттар (*Марко Поло, 94, 278; Рашидеддин, I, кн. I, с. 161, ун, Онгу*). Екінші бір орталық қаласы Теңдік. Марко Полоның баяндауынша, «Тендук город в славной равнине, стан Ван-Хана (Тугурула). Сошлись на той равнине Тендук две величайшие рати. У потомков

попа Ивана (Ван-Хана) много городов и замков. Главный город называется Тендук. Там живут мусульмане идолопоклонники и христиане-несторты. Среди них потомки попа Ивана (керейтского Ван-Хана).

Тайпалардан тұратын арғындар (аргон), өңгіттер (уактар), керейлер, наймандар, ойғырлар. Арғындар ұстамды, ақылды екі тайпадан құралған. Поп Иван осыларды басқарған, басқа көрші мемлекеттерді өзіне бағындырған. Оның ұрпағынан қалғаны Жор (георгий) осы Тендук қаласында тұрады. (*Марко Поло. Перевод Минаева, 86, 94-95, 278*). Рашидеддин бұл қаланы өңгіттердің еліндегі «Кендук» деген қыстақтың аты деп жазған (*I, кн. I, 141*). Түріне қарағанда Тендук (Түндук) Ертіске таяу тұрған қаланың аты болған. Керей мен өңгіттердің (уак) жеріндегі үлкен қаланың бірі Махмұд Қашқари көрсеткен «Хатун сыны». Махмұд оны картасына кіргізіп Гоби даласында көрсеткен. Несториан әдетіне кірген тайпалардың көп тұрған қаласының бірі – Езен, үлкен әкімшілік, сауда орны болған. Оның қирап жатқан үйіндісі Гоби өлкесінде, Езен өзенінің сол жақ жағасында осы күнге дейін сақталған (*Марко Поло, 84*). XIX ғасырдың соңында қирап қалғаны біздің ғалымдар тексеріп, көп жаңалықтар жазып алған (*Г.Е.Грум-Гржимайло. Описание путешествия в западный Китай, т. II, Спб. 1899, 62*).

Гоби даласындағы үшінші үлкен сауда қаласы – Қара-Хото, Езен өзенінің төменгі оң жақ жағасында Несториан (тарса) үлгісімен жасаған, керейттер, өңгіттер, наймандар, ойғырлар, таңғұттар отырған. Онда тарса (несториан) дініне табынатын көп аббаттар, мектептер, көп үйлер болған (*Марко Поло, преданне о церкви Иоанна Крестителя (Он хана). Перев. И.П.Минаева, 1956*,





с. 69; Изд. Юла, I, 183-186). Бұл қалалардың өзгешелігі, ерте дәуірде қолданған орхон, ойғыр, сирия жазулары кездескен, Шеркеу-аббаттардан қағазға, жібекке жазылған «тарса» (икон) жазулар шыққан. Оларды түркі мен сирия тілінде жазған керейттер, өңгіттер, наймандар, ойғырлар (*Пигулевская Н.В. .... Лесеченко, Е.И. Шафрановская Т.К. Мертвый город Хара-Хото, М. 1968*).

Оңтүстік Алтайда сақталған наймандардың монғол дәуірінде қирап қалған қаласының аты «Ақбалық» («*Город красивее и больше других – Акбалук*»). Марко Поло, стр. 291). Қара-Қорум астанасында ел басқаратын хандар, сұлтандар, бектер осы оңтүстік Алтай іргесіне келіп аң аулайтын жердің (қорық) шеті (*Марко Поло, 291*).

Наймандардың қирап қалған қаласының бірі – «Шамбалық» (Чамбалық), Шам өзені бойында, Ертіске таяу жерде тұрған. Онда тұрған тайпалар найман, меркіт, өңгіт (*Бартольд, I, 272; Pelliot, Notes sur la "Turkestan", 22*). Жоңғар Алатауына жақын жерде тұрған қаласы Кіші Талас (Махмұд Қашқаридің картасында Кемі-Талас), Марко Полода Жинчин-Талас (Чинчин-Талас), Шинжин-қала (272). Наймандардың қирап қалған ордасы, әкімшілік сауда орны «Найман-Сүме» – Монғолия жеріндегі бір үлкен қала (*Марко Поло, 24, А.М.Позднеев. Монголия и монголы, II, 30*). Жоңғар Алатауының төңірегінде Несториан ықпалымен салынған қаласын «Тарса-Кент» деп атаған. Ондай екінші «Тарса-Кенттің» қалдығы «Тарс-Төбе» атында Созақ қаласына таяу жерде, Қаратаудың теріскейінде сақталған. Алакөлге таяу жерде тұрған наймандардың бір қаласы «Қыялық» (*Рашидеддин, Жами ат-таварих*).

*Критический текст. А.А.Ализаде, т. II, ч. I. М. 1980, 1-11, 22-24*). Тарихтың көрсетуінше, XII ғасырға дейін найман, қаңлы, қыпшақ, арғын, қарлық аралас тұрған. Олардың мекендеген жері Ұлы Алтай, Ертіс бойы, Қара Ертіс, Көк Ертіс, Алакөл, Тарбағатай, Әміл, Кіші-Талас.

Қыпшақ қалаларынан тарихта аты жақсы сақталғаны, әрі ең ескі түрі, Жұбаныш қаласы. Махмұд Қашқаридің жазуында картасында  , Қазақ шежіресінде Жұбан-Ана, Рашидеддиннің жазуында

 (I, 1, 80). Бірақ комментаторлардың «Инанч», «jafeng» деп жазулары дұрыстыққа келмейді. Жұбан-Ананың VIII ғасырда күйдірген кірпіштен тұрғызған кесенесі Жаңа Арка ауданында, Сарысу өзенінің оң жағасында тұр. XIX ғасырда оны Шоқан Уәлиханов зерттеген (*Собр. Соч. т. III, 232-233*).

Махмұд Қашқаридің баяндауынша, Жетісудағы көп қалаларды, қырда тұрған Жұбанч (Jubang) қаласын тұрғызған Тоң-Алып (Афрасиабтың) қызы Қаз, ұлы Барысқан, Ыссық көлдің жағасында тұрғызған қаланың атын өз атымен Барысқан деген. Ол Махмұдтың әкесінің өзінің туған қаласы (*МК, III, 424, Ташкент*). Балқаш көлінің ол кездегі аты «Қаз суы», Афрасиабтың қызы Қаздың маңайына аң аулап баратын жері. Іле өзені мен Жұбанч Сахарасының арасында тұрған қаланың аты Екі-Өгіз (*МК, I, 91*). Оны XIII ғасырдың саяхатшысы Рубрук Эквиус деп атаған. Махмұд Қашқари мен кейін Рашидеддин жазатын Jubang (Жұбанч) қаласы Балқаш көлінің теріскейінде тұрған. Оның аты да ту



баста «Қаз» деп аталған. (МК, III, Ташкент, 163, 165). Қазақ шежіресі бойынша Жұбан-Ана қаласы деп осыны айтады. Бұл жойқын қалдығын бірінші рет зерттеген А.И.Шренктің экспедициясы, соның қарамағында болған геозедист Нифантьев. Оның айтуынша, бұл қаланың қирап жатқан орны Сарысудың оңтүстігінде, Мойынты өзенінен 25 шақырым Күнбатысына қарай, Егіндібұлақ деген сайда тұрады. Бұл жердегі тамаша нәрсе – күйдірмеген кірпіштен жасалған «огромный Курган, укрепление с многочисленными боиницами. Построен для отвращения нападения врага» (Архив Акад. Наук СССР, ф. 317, ап. 1, №48, Нифантьев. Типогр. Описание Южной части Киргизской степи, 1843 г.).

Қыпшақ, қаңлы қалаларынан Орталық Қазақстанда болған атақты қаласының бірі – Қара-Қорум, Торғай өзенінің аяқ арнасында болған. Оны жақсылап жазған Жувейни, Рашидеддин (I, 1, 80-81), Шарафеддин Иазди (Ташкент, 1972, 17 б., 18а). 1216 жылы монғолдардан қашқан Ертістің меркіттері (Керейт ұлысынан), осы Қаракорум қаласына келіп тығылып, монғол әскері оларды (Қайдаул өзенінің бойында) тегісімен қырып бітіреді (Джувейни, изд. Казвини, II, 102; Бартольд, I, 435-436). Жувейнидің баяндауынша, Жошы Отырар қаласын өзіне қаратқан соң, Торғайдағы Қаракүм астанасына барып демалады (Бартольд, I, 482). Демек, Бұланты, Байқоңыр өзені бойындағы кітап тұрған суреттерді, жазуларды, таңбаларды түсірген осы Қаракорум даласында тұрған бітікші, абыздар екені сөзсіз.

Орталық Қазақстанда жасаған қыпшақ қалаларынан Рашидеддиннің көп айтатыны Қыр-Қала (Рашидед-

дин, Критический текст. А.А.Ализаде, II, 1, 135), Түргү-Балық (تورغو باليق, 147, 202),  
К о ш к і

(کوه ديبكى شاه چاربه, 147). Қыпшақ қалаларын тобымен әдемілеп жазатын, әсіресе, Шарафеддин Иазди. Онда айтылған қалалар Алашаһір

(توغوليك), Тогулық (توغوليك), Қара-Шаһір (425 б), Мау-Балық (57а), Аязлық (421б., 425), Төре-Құрған (243 а), Керейт-Қала (60 а), Сұр-Қала (307 а), Қарачық (157 а, 210 а), Қарасман (Қараспан), Орда-Базар (396 а). Махмұд Қашғаридің мысалға келтіруі бойынша, Қаратаудың теріскейінде тұрған қыпшақтың үлкен сауда қаласы Кенжек-Сеңгір деп аталған (МК, I, 444), оларды енді бір қаласының атын Хордарбех (قوردرت) деп атаған. Ол осы күнге дейін сақталып келген (قوردرت) екеніне сөз жоқ. Осы арадан Ертістің (قوردرت) орта кезінде тұрған қыпшақтың астана қаласына дейін 80 күн жүріп барады (Бартольд, V, 549).

Демек, осы айтқан қалалардың барлығы шаруашылықпен, мәдениетпен, жазу үлгісімен тығыз байланысып отырған. Бірақ, оларда сақталып жатқан мәдениет, шаруа, өнер ісі әлі зерттелмей босқа жатыр. Монғолияда сондай қалаларды, құлпытасты зерттеген монғол ғалымдары қанша жазулар тапты. Монғолиядағы ескі қалаларды зерттеп, қанша құлпытасты алдынан өткізген ғалымдар қандай жаңалық ашты, тарихи заманда монғолдармен көрші отырған наймандардан, кейрейлерден, өңгіттерден (уақ) қалған мұраларды тауып,



оларды түркі тілінде жазған орхон, ойғыр жазуларын тауып, ғылымға көп жаңалық келтірді (*Enoki, 46-48*). Бұған көп үлес қосып келе жатқан монғол ғалымдары. Олардың зерттеуінше, ең ғажайып нәрсе керейт пен өңгіттердің түрік тілінде сөйлеген тастағы сөздерін жарыққа шығару (*S. Murayama, Uber die nestorianischen grabinschriften in der inner Mongolei in Sud - China, - L'Oriente, Roma, 1964, pp 77-80*).

С.Е.Маловтың зерттеуінше, Енесей мен Тува жерінде тұрған құлпытастардың таңбалары ескі үйсіндікі (Үш әліп ≡), Қаңлынікі (ай таңба 𐰽), өңгіт-керейт елінің таңбалары (крес ✱).

Ең тамаша жазудың бірі, Енесей өзеніне құятын Уюк-Тарлақ өзенінде тұрған құлпытастағы Орхон жазуы. Сөз өлеңмен айтқан жоқтау түрінде жазылған:

- Сіз еліме, Күнге-айыма, ұланыма, бүдүнума,
- Сізден алтмыш ја шымда адырылтым.
- Атым Елтуған тутук бән, елімка елчісі ертым,
- Алты бағ бүдунка бек ертым.

(С.Е.Малов, *Енесейская письменность, стр. 11*).

С.Е.Маловтың бақылауынша, бұл Уюк-Тарлақ құлпытасының жазуында бірталай диалектикалық өзгешілік бар. Соның бірі – «алты бағ бүдын». Бұл ат қазақ шежіресінде «алты ата», «алты ұлыс» болып сақталған. Шежіреде айтылғаны: «Бір атадан алты ру ел болып, алты сан алаш атанды» (*Насаб Наме-и Қазақ», мендегі ескі қолжазба*). Ескі түріктерде «алты ата тарихы» болғанын Қытай анналдарында айтылады (*француз аудармасы: D. Michels, Historie geographiq. De Jeizeroyaumes fondes en China pas les tatares, Paris, 1890*).

Алас (Алаш) сөзін бірінші рет қолданған ескі үйсіндер. Жуан – Жуандар V ғасырда Жетісуға шабуыл жасағанда, үйсіндер көп тайпаны қосып «Алас» деген бір қауым құрады. Бұл сөзді Қытай иероглифтерімен жазғанда одан үйсін екені көрінбейді (*В.В.Кюннер, Китайские известия, стр. 95*). Үйсіндерді «алас» деп атау Қара-Қытай (Ляо) заманында да (XII ғ.) айтылады (*с. 98*). Демек, Уюк-Тарлақ құлпытасында «алты бағ бүдын» (алты алаш) деп жазуы, онда үйсіндердің ескі таңбасын түсіруі – оны үйсіндердікі екенін көрсетеді.

Өзгеше құлыптас Абақан өзенінің бойынан, Ачурадан табылған Орхон жазуы. Ол жазудың мазмұны бір ғана найман елінің тарихын суреттейді. Онда айтылғаны:

*Ел өгасі Инанч-білгэ (Бұқа хан),*

*Оғлы аты Күч-Оре оғлан,*

*Ер атаңыз Ore бег*

*Еліңіз үгун қызғану...*

*Јағыға тегміш су теңі јеті бің оғлан ерті.*

(С.Е.Малов, 48, 49).

Рашидеддинның баяндауынша, Инанч-Білге монғол дәуірінің алдында наймандарды басқарған ұлы хан. Оның балалары Тайан хан, Бұйрық хан, немересі Күшлік хан (*Рашидеддин, I, 1, 137-139*). Найманның халық аңыздары бойынша Инанч-Білге ханның ұлы Күшлік жойқын күшті, ұлы алып ер болған. Өзінің күштілігінен ол Шайтанның өзін ұстап алып, оның сүтінен қымыз ашытқан (*Рашидеддин, I, 2, с. 112*).

Орхон жазуын көп қолданған елдің бірі қыпшақтар. VIII ғасырда қиып түсірген Мойын-Шор тасындағы Ор-



хон жазуы бойынша, қыпшақтар оғыздармен қатар түрік қағанатын елу жылдай басқарып отырған. «Қыпшақ елік ыл Олұрмыс түрік елінде» (*Мойын-Шор*).

Алтай, Жоңғар даласында, Енесейде, жоғарыда көрсеткендей, Орхон жазуы бар құлпытастар керей мен оңгіттердікі. Монғол дәуірінде бұлар және наймандар тегіс несториан дінін қабыл еткен елдер. Бұл әсіресе, олардың крест таңбасынан ашық көрінеді. Сондай крест таңбасы бар құлпытастың бірі Уюк-Архан өзені бойында тұрған құлпытас. Оның бас жағында бұғының, қабанның суретін түсірген. Тастағы Орхон жазуы «Марымыз, Шадымыз». «Мар» Несториан дінін үгіттейтін ұстаз, балаларды оқытқан, Шад – ел басқарушы (*Малов, 14*). Керейлерден қалған Орхон жазуы бар құлпытас Уюк-Туран өзенінің бойында тұр. Басына қабанның суретін түсірген. Жазудың сөзі: «Алтын ілгек кісені белімке бұғындадым». Тастың екінші жақ үстінде керей мен оңгіттердің қолданатын крест



) таңбасы тұр. Бұл таңба қазақ керейлерінде осы күнге дейін сақталған (*Малов, 16-17*). Мұндай крест таңбасы бар құлпытастар Енесей даласында өте көп (*Киселев, ВДИ, 1939, №3 (8), 131; Малов, 97*).

Бұл мәселені тереңінен қарап, әрбір тайпаның өзі жазып қалдырған жазуларын, оның мәдениетке келтірген үлесін айтып шығу ұлы мәселе.

Ескі бітік жазуларды есінен шығармай, оны кейінгіге мирас етіп қалдырған, өз атын Таңбалы Тас жазуына түсірген. Орыс хан, оның баласы Құйыршық, немересі Барақ, оның ұрпақтары, Барақ ханның балалары Жәнібек, Керей, кейін Бұрындық хан, Қасым хан. Аса құнды нәрсе Орыс ханның немересі Темір-Күтлұғ Тоқтамыс хан өзінің жарлықтарын (ярлык)

ойғыр әрпімен қыпшақ-қазақ тілінде шығарып отырды. Шоқан Уәлихановтың зерттеуінше, бұл жарлықтарда кездесетін қиын ескі сөздер қазақ тілінде көбірек сақталған (*Ч.Ч.Валиханов, Письма профессору И.Н.Березину, «проф И.Н.Березин. Ханские ярлыки», т. 1, 121-130, 131-139*). Қазақ ұлысын біріктіруге ең алғаш күш салған Орыс хан (*Жалаури, Родословная казахских султанов. Ч.Валиханов, I, 123*). Орыс ханның екі ордасы болған, біреуі Сыр бойында – Сығанақ қаласы, екінші – Орда-Базар (Ұлытауда). Абдразақ Самарқанди, тағы басқа жазушылардың баяндауынша, Сырдария, Қаратау, Орталық Қазақстандағы көп қалаларды көркейтуге Орыс хан, оның бабалары үлкен үлес қосқан. Орыс ханның немересі Барақ Ұлықбекпен Сырдария қалаларына таласып жүргенде айтқан: «Менің Сығанақта бабаларым Эрзен, Орыс хан Отырарда, Сауранда, Жентте, Баршынкентте қанша медреселер, ханақалар, мешіттер тұрғызды, Сығанақты жаңадан көтеріп Орда қылды. Ескі заң мен шарифат бойынша бұл қалалар ата-бабамның маған қалдырған мирасы. Сондықтан маған тиісті екені даусыз» (*Бартольд, II, г.2, 111*).

Қасым хан осы жазумен қазақтың заң жобасын жасап, оны тарихи дәуірдегі әдет бойынша «жаргу» (йаргу) деп атады. Мәнісі шындығын айыру, қара қылды қақ жарғандай әділдігін табу. Шарифатқа қарсы қойған кеменгердің бұл ойын халық ерекше ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атады. Шарифаттың заңына қарсы қойған бұл заң сахарадағы қазақтар ортасында XIV ғасырдан тараған еді. Бұл тәртіпті Шарафуддин язди «راه خزاقي» – «қазақ жолы» деп атаған (*Зафар Наме, 329*). Шайбани осылар туралы Самарқан



мен Бұқараның ишандарын жиып «қазақты мүсін тасқа табынатын кафір деп атаңдар, оларға газават соғыс ашып, атып өлтіруге болады», – деген.

Ғалымдар «қазақ» сөзін арабтың *قازاق* қаззақ деп айтатын тұрмыс сөзімен былғап «бұзақы» (разбойник), «талағыш» (грабитель) деп ат береді (*Рузбехан, 50*). Бірақ бұл сөздің ерте заманнан келе жатқан ұлыс сөзі «қазақ»-пен еш байланысы жоқ. XIV-XV ғасырларда ескі қазаққа қосылған кейбір жаңа тайпалардың тарихи ізі «Қазақ болу», «Қазақ шығып кету», «Қазақлану» түрінде сақталған (*Валиханов, I, 122*).

XVI ғасырдан бастап «Қазақия» *قزاقستان* Қазақ ұлысы, бұрынғы Дешті Қыпшақтың орнына Қазақстан сөзін қолдана бастады.

---

## ТАҢБАЛЫ ТАС ЖАЗУЫ – ҰЛЫ МҰРА

*(ОРТА ҒАСЫРДА ҚАЗАҚША ТАСҚА ЖАЗЫЛҒАН БЕЛГІЛЕР)*

Қазақстан сахарасындағы мәдениеттің бір жарқын түрі тарихи дәуірлерде осы араны қоныстап келген тайпалардың тас бетіне жазып қалдырған белгілері. Оларды қазақтар «таңбалы тас» үлгісі сақталған: ескі ғұн-үйсіндер пайдаланған руна жазуы, Орхон дәуіріндегі руна жазуы, Шығыс Түркістанда ойғырлар пайдаланған арамей жазу (Жұбан-ана, Ботығай), араб жазулары (Айша-бибі, Бабатша-Хатын, Болған-ана, Көк-кесене тағы басқалар). Бұл тасқа немесе мавзолейдің қабырғасына жазып қалдырған тарихи сөздер қазақ мәдениетінің орта ғасырдағы бір жойқын белгісі. Қазақта жазу болмаған, шикі, тағы ел деп айтушылардың сөзін теріске шығаратын жарқын ашық белгілер. Осындай мыңдаған тасқа жазылған қазақ сөздерін біріктіріп, жеке бір кітап шығарса, қазақты білмейтіндер өзінен-өзі таң қалып жүрер еді. Бұл саяси мәдени тіршілікті жарқын түрде суреттейтін араб харпымен тасқа жазылған сөздер. Бетпақдала сахарасында XI ғасырдан XIX ғасырға дейін кездесіп отырады.



Мұндағы жойқын жазудың тұрған жерін қазақтар ерте заманнан бері қарай «таңбалы тас», «таңбалы жар» деп атайды. Ол Бетпақдаланың ортасын қия кесіп, ұзыннан созылған Шың-жартас, Сарысу өзенінен 20 километрдей жоғарырақ тұрады. Таңбалы жар биік шыңның іргесінде жоғары шалқып тұратын құмайт тастар; ол өте жұмсақ болғандықтан әдемі жазуға өте қолайлы болған. Өте ескі дәуірден келе жатқан «таңбалы тас» жазуы, көп ғасырлар ішінде Қазақстан өлкесін қоныстанған тайпалардың тасқа жазып түсірген мыңдаған таңбалары, ел басқарушылардың қол қойған аттары, ұрандар, тасқа қиып түсірген әдемі өрнектер, «қошқар мүйіз», «түйе табан», «кісінің ізі» тағы басқалар. Мұндай көп таңбалар қазақ өрнегінің үлгілері. Таста ең әдемі сақталған таңбалар XIV-XV ғасырдағы Сырдария бойындағы қалаларды қазғанда жиі кездесіп отырады.

**Қазақтардың араб әрпімен жазған сөздері.** Бұл тасқа жазудың ерекше көрінуі сонша қазақтар әрқашан бас иіп, басшы адамдары таңбасын түсіріп, аттарын жазып жүрген. Таңбалы тастың ұлы атаққа ие болуы, бұл жерде қазақтар үлкен той жасап, ұран шақырып, бір ел болып қосылған жері дейді. Сондықтан бұл тасты көп ғалымдар «тарихтың зор куәлігі» деп атаған /А.Шренк/.

Көп ғалымдардың зерттеуінше мұндай қия тасқа түсірген ғажап таңбалардың тарихи мағынасы орасан зор<sup>1</sup>. Ол таңбалар «находят себе параллели в соответственных знаках орхоно-енисейского алфавита»<sup>2</sup>. Әдемі суретті тамғалар тарихи дәуірде жасаған тайпалардың барлығында болған. Олардың аттың санына түсірген

<sup>1</sup>Киселев, 1951, 606-610.

<sup>2</sup>Бартольд В.В. Собр.соч., т.V. С.581.

таңбалары қытай тарихында жазылып қалған<sup>3</sup>. /IV, 1934,97; Зуев Тамги лошадей из вассальных княжеств, 1960/.

Тастағы жазудың тарихын, мәдениет елесін аңғартуды қызық еткен ғалымдар XIX ғасырдың қырқыншы жылдарынан бері келіп көрген профессор Шренк. Ол Қызылжардан Есіл өзенін өрлеп Ұлытауға келеді. Жол-жөнекей Жезді, Кеңгір өзенін жағалап, Шу өзенінің аяғына дейін жетеді. Көп уақытын архитектура белгілерін зерттеуге арнайды /Басқамыр, Аяққамыр, Болған-ана, Талмас-ата, Аит-булат, т.б./.

Сарысудан Бетпақдала өлкесіне өтіп, таңбалы тасты көріп қуанышқа батады, оның көп жазуларын-таңбаларын қағаз бетіне түсіреді<sup>4</sup>. Бетпақдаланы жақсылап зерттеген атақты инженер Ю.Шмидтің бақылауынша «Таңбалы тас қазақтардың жан-тәнімен ардақтайтын бір киелі тас Сарысу бойындағы Қызылжыңғыл орманына қарсы тұрады»<sup>5</sup>. Мұндай жарқын сөзді таңбалы тас туралы А.Н.Седельников, тағы басқа географтар да айтқан. Бұл жазуды көбінен терең зерттеген Ақмола қаласының әскери дәрігері Л.И.Кузнецов пен Атбасар уезінің тілмәші Х.Бекхожин. Бұлар тастағы араб харпымен жазған жазуларды, қаншама көп таңбаларды суретке түсіріп, кейін совет дәуірінде баспадан шығарды.<sup>6</sup>

Кенес дәуірінде таңбалы тасты әдейі іздеп барып зерттеген ғалымдар Қ.И.Сәтпаев /1928/, географ-бо-

<sup>3</sup>Зуев Ю. Тамги лошадей из вассальных княжеств, IV, 1934,97; 1960.

<sup>4</sup>Архив АН СССР. Ф.317, оп.1,д.7. Дневник записи. Таңбалыжар, с.268,289.

<sup>5</sup>Шмидт Ю. Очерки киргизской степи. 1894, с. 59.

<sup>6</sup>Кузнецов О надписи на камне Тамгалы тас в пустыне Бетпақдала в Атбасарском уезде Акмолинской губернии. Записки Семипалатинского отдела РГО вып. XVI, 1927.



таник В.А.Селевин бұл тасқа өте қызығып, оны бір суретін өзінің еңбегінде басып шығарады.<sup>7</sup>

Таңбалы тас жазуына ерте кезде толық мән берген ғалым А.И.Шренк. Ол кісі бұл жазуды тарихи мотивін айыру үшін қазақ қариялары айтып келген көп әңгімелерді жазып алып отырған. – Қазақтардың қария сөзі бойынша, – дейді ғалым, – ислам дәуірі басталатын кезде бұл жердің көп тайпалары осы арада бас қосып, ұлы мереке жасаған. Барлық тайпалардың ұлыс басқаратын адамдары, атакты билері, асқан ерлері жиналып, қай тайпа қай жерді қоныс етуді шешкен. Әрбір тайпаның өзіне арнап таңба беріп, ол таңбаның суретін осы тасқа жазып түсірген». Таңбалы тас жазуларының мазмұны «Оғыз намеде» айтылатын қария сөзге өте ұқсас. Оғыз әкімшілік құрғанда үлкен жасап, барлық тайпалардың басын қосып, оларға белгілі қыстау, жайлау бөліп береді. Әрбір тайпаға меншікті таңба тартады. Ол кезде «оғыз ұлысы екі ұлы тайпадан құралатын» – «Боз оқ», «үш оқ». Қазақтың үш жүзіне негіз болған осы «үш оқ» елі. Қазақтың қария сөзі бойынша біздің түпкі атамыз уыздардан /оғыздардан/ тарайды. Олар әрі көшпелі, әрі калада отыратын ел болған. Олардың бір ұлысы «үш оқ». Олардың ел басқарушылары мен тарихқа аты шыққандары Алаша хан, Катон би, Майқы би<sup>8</sup>. Осындай бір қария сөзді қазақ халқы «Жиренше шешен» кітабында келтіреді. Абылғазының барлауынша, Жиренше шешен VIII-X ғасырларда Сыр бойын мекендеген Оғыз бен қыпшақтар ортасынан шыққан ойшыл ғалым. Оның істеген көпшілік ісі де айта қалғандай

<sup>7</sup>Результаты бетпақдаланский экспедиции САГУ. Ташкент, 1935, стр.30.

<sup>8</sup>Г.Н.Потанин. Казахско-киргизские и алтайские предания и легенды, 54 б.

жарқын. Ол әрбір тайпаны белгілі аймаққа берік орналастырып, қыс қыстайтын, жаз жайлайтын өлкелерді анықтайды, өздеріне таңба бөліп береді. Суармалы егін салу үшін өзен бойларын тәртіпке түсіреді. Таңбалы тастағы көп таңбалардың мәні осында. Қазақтардың қария сөзі бойынша, «бұл біз таңбалы тастан Сібірдегі қия тасқа түсірген жазу үлгілері сияқты белгілерді табуға үміттендік, ол үмітіміз босқа кетпеді». Ғалым орхон жазуына ұқсас алфавиттен бірнешеуін түсіріп алады. Олардың ішінде —Таңбалы.

А.И.Шренкке еріп жүрген қазақтардың айтуынша, Таңбалы тастағы жазуларды анықтайтын араб харпымен жазылған қазақша түсіндірмелер бар. Тастың жоғарғы төбесінен төменгі етегіне дейін адам қолымен қиын түсірген көптеген жазулар, таңбалармен толған. Әсіресе жалпақ қия тастың барлық бетіне А.И.Шренк қағазды жайып қойып, бірте-бірте суретін түсіре берген<sup>9</sup>.

Зерттеген ғалымдардың байқауынша, мұндағы топталған таңбалар бір замандікі емес, талай ғасырлар ішінде түсірілген. Қазақ қарияларының айтуынша, олардың көбі қазақ облысы болмай тұрған кезде түсірілген.

Х.Бекхожин көшірген таңбалардың ең ескісі түрік қағанаты дәуіріндегі таңбалар, қият ұлысы-қыпшақ, оғыз, қоңырат тайпаларының таңбалары, төбе таңба Жұбан ана, Жошы хан күмбезіндегі кірпіштерде кездеседі. Ай таңба ескі қаңлы елінде басқа тас жазулары сақталған. Ескі ергенек таңба, найман тайпасы ергенекті ие болған. Оның варианты босаға таңба /қазрет/, ергенек /ергенекті найман/ түрік қағанаты

<sup>9</sup>Мұрағат



кезіндегі ел басқарушылар таңбасы. Моңғолиядағы Онгін тасындағы орхон жазуының бас кезінде осы тәрізді таңба түсірілген.<sup>10</sup> Кейін бұл таңбаға сұлтандар ие болды; Қанжар таңба, қылыш таңба ғұн түрік кезіндегі таңбалар, кейін қазақтарға ауысып отырады.

Ескі таңбалардың ең көбі оғыз тайпаларының таңбасы. Махмұд Қашғари мен Әбілғазы суреттерімен салыстырып көргенде, олардың жазуларына дәл келетін таңба Баят Ұлысының, салар қазан таңбасы /Қашғарияда/ – үстін қабырғасына қойған, қазақта адай тайпасына жақын. Бұл таңба Талас өзенінің бойында Енисейде тасқа жазылып қалған.<sup>11</sup> Кете-оғыз таңбасы кейін кіші жүз кетелерінде керей уақтарда сақталды, Шәуілдер таңбасы айт Абылғазыда, Жебеней /Жеменей/ таңбасы Зайсан өр Алтайды қоныстанған ел таңбасы ашамайлы керейлерге өте жуық, Қайы елінің таңбасы жай таңба бұқдіз елінің таңбасы /тізе түк/. Махмұд Қашғариде, қаңлы елінің таңбасы – /күн/ай/, абақ керейлер таңбасы, шекті таңбасы өнгін жазуында.

Орта ғасырдағы қазақ таңбаларынан жиі кездесетіні үйсін таңба. Ол Енисей бойындағы Ұйық Тарлақ мүсін тасындағы таңбамен бірдей. Қыпшақ таңба, арғын таңба «көз», Моңғолия жазуларында сақталған<sup>12</sup>. Қоңырат таңба – босаға /Ергенек көңінің босағасы/ – арғын, қарпық таңбасы «көзілдірік» /Шренк/. Найман таңбасы «бағана», Моңғолия жазуларында. Бұл таңбаларды суретке жарқын түсіруге ұмтылған В.А.Селевинмен біздің экспедиция еді. Бірақ жазу бүтіндей өшуге айна-

<sup>10</sup>Малов С.Е.Памятники древнетюркской письменности Монголии и Киргизии. Стр.9, рис.1.

<sup>11</sup>Там же. С..65, рис.14; Его же: Енисейская письменность.. С.102, рис.22..

<sup>12</sup>Там же. С.13, рис.1.

лып, оның үстіне тағы да жазулар түсіргендіктен оның маңызы азая бастаған.<sup>13</sup>

Ел басқарған адамдарды Таңбалы тастың әрбір жалпақ тасында тарихи адамдардан аты жазылып қалғандары қыпшақ ұлысын басқарған Орус-хан, оның баласы Құйырчик, оның баласы Барақ хан. Бұл бірінші қазақ хандары Әз-Жәнібек пен Керейдің әкесі Қадырғали Жалаиридың суреттеуінше, қазақ хандығы XIV ғасырдың ортасында Орыс ханның өзінен басталады, Орыс ханнан Әз-Жәнібекке дейін төрт ата өткен /Валиханов. I.153/. Жалаири ол заманғы қазақ тарихын жақсы білгендіктен оның әскери құрылысын да ашық түрде айтып берген. «Орыс хан әскерін оң қол, сол қолға бөліп ұстады. Ел ұлысы алаш мыңы бір қауым, үш сан болып құрылды. Олардың ортасында атақты билер, ел басқарушылар көп еді. Алаш мыңы ортасында ел ұлысы тарақ таңбалы жалайыр болды<sup>14</sup>».

Таңбалы тастағы ескі уақыттан сақталып келе жатқан көп тайпалардың таңбаларын, ғажайып қымбат жазуларын жарқын түрде жазып алған Шренк пен Х.Бекхожин. Олардың кезінде бұл тас жазуға ешкім тимеген, олар өзінің ғасырлар бойындағы тарихи бейнесін ашық түрде сақтап келген. Бүгінде олар әбден тозып, жер үріп, жаңбыр шайып, адамның қолымен бұзыла бастаған. Соған орай бізге ең қымбатты материалдар А.И.Шренк пен Х.Бекхожинның жарқын көшірмелері. Бекхожин қазақ халқы шежіре қылып айтатын жазуларды, жыр мен аңыздарды көркем тілмен айтатын қария сөздерді жүйрік білген. «Таңбалы тас барлық қазақ халқының бас қосып, ұран шақырған жері» екенін есінен шығармаған. Осыған орай

<sup>13</sup>Труды САГУ. География. Вып., Фото 3.

<sup>14</sup>Валиханов, I.С.157.



бұрыннан көріп жүрген ғажайып тасты жаңадан тауып, онда қазақ тілі мен XIV-XV ғасырларда тасқа жазылған ұран сөзін Л.Кузнецовпен бірлесіп көшіріп алады. Тасқа араб харпымен жазылған сөз мынадай: қыпшақ, найман, алшын, арғын, қаракесек, үйсін, табын, илахи кар рәсиге Қамша хайа рахмет кыл сен алтауын, екінші түрде айтқанда: о ием, үмітіне жету үшін осы алтауына рахметінді бере гөр.

Бұл /тас бетіне/ бірінші рет жазылған қазақ сөзі, кейінгі заманға дейін сақталып келген. Оны бұрынғы болған түрінде бірінші рет қағазға түсірген баспадан шығарушы Л.И.Кузнецов, аударушы Х.Бекхожин.<sup>15</sup>

Бұл XIV-XV ғасырлар ішінде жазылған тілек сөзі қазақтар әр уақыт оқып шығып «бұл қазақтардың бірігіп, ұран тақырып қосылған жері» деп аңызға айналдырған. Ол аңыз халықтың ойында да, эпикалық жырында да кездесіп отырады. Бұл аңыздың негізгі түбі Алтын Орда мен Шағатай ұлысы тегісімен жойылып, оған кірген халықтар жеке-жеке әкімшілдік құра бастаған кез. Ең соңғы бөлініс қазақ пен өзбектердің, ноғайлардың бірінен-бірі бөлініп шығуы. Бұл кез қыпшақ ұлысын билеп отырған өзбек-қазақ елдерін бірге қосып билеп отырған Әбілхайыр ханның кезі еді /XV/. Мұхаммед Хайдар Дулатидің қазақ тарихын бірінші рет жарқын түрде суреттеуінше, Әбілхайыр XV ғасырдың орта кезінде Дешті Қыпшақты тұтасымен билеп тұрады. Бірақ әкімшілік ісі Жошы ұлысынан қалған елдерге, оның сұлтандарына ұнамады, халық жүдеушілікке түсті. Оның ақша шығарып менменшілік құрған астанасы Ұлытау жерінде Орыс хан жасаған

<sup>15</sup>Записи Семипалатинского отдела русского географического общества. Вып. XVI, 1927.

Орда-базар қаласы, Арғанаты тауының ішінде. Сырдария мен осы араның арасын мекендеген тайпалар үйсін, қаңлы, қыпшақ, алшын, арғын, керей, найман, қоңырат, жалайыр тағы басқа тайпалар. Әбілхайыр бұл кезде Сарыарқаны билеумен қатар Самарқан, Бұхара, Хиваны күш салып, Темір ұрпақтарынан тартып алу-ды мәселе етіп қояды. Хан тым менменшілік жасап елді тықсыра берген соң, қазақтың бір ақыны қолына қобызын алып Әбілхайырдың алдына кіріп барады. Бірақ қобыздың үні ханның көңіліне тамбурдың дауысындай естіле қоймайды. Сонда ақынның айтқаны:

*Тақсыр-ау ұнатсаңыз қаршыңмын,  
Ұнатпасаң жсай жүрген алашыңмын.  
Жолым ақ, қолым таза, ісім ару,  
Бөтенше бола аламын қалайша мен?*

*/Ескі жазу: «Нәсап Мамән»/*

Алтын Орда мен Шағатай ұлысынан қалған елді ол кезде «Өзбек-қазақ» деп айтатын оған маңғыттар да кіретін. Соғыс кезінде қазақтар өзбекті еш уақытта атып өлтірмеген. «Өзбек өз ағам» деп айтатын. Әбілхайыр оларды 20 жылдай біріктіріп биледі. Бірақ ханның менмендік ісі олардың жанына тиіп қинай берді. Жоғары таста жазу қалдырған тайпалар Әбілхайырға бағынбай, толқын шығара берді. Олардың бәрі Жәнібек, Керей, Асан ата бастаған елге қосылып, Жетісуда мекендеп отырған дулаттар ортасына барып бірлесті. Дулаттарды басқарып отырған Шағатай ұрпағынан Есенбұқа деген жан еді, ол Әбілхайырдан ауып келген өзбек-қазақтарды өте құрметпен қарсы алып, оларға Шу өзенінің бойын, Қозыбасы тауларын /бүгінде



Құлжабасы, Хан тауы/ иемденуге береді. Жәнібек Барақұлы, Керей Болатұлы Темірмен өштесетін Орыс ханның немерелері. Олар Хан тауының ішінен үлкен сарай, ат байлайтын биік қоралар салдырған. Олардың орны осы күнге дейін сақталып жеткен.

1468 жылы Әбілхайыр өлген соң қазақ ұлысы күшейіп, Дешті Қыпшақтың барлық елі Жәнібек пен Керейге қосылды. Олар Шудан қайыра Сыр бойына келіп, Сығанақ қаласына орналасады. Осы арада қазақ өзбектен бөлініп, тек қазақпыз деп аталады.<sup>16</sup>

Маржанидың баяндауынша Сырдария, Арка жеріне келіп, Сығанақ қаласын өзінің ұрпақтарына мұра етіп қалдырады.<sup>17</sup>

Орта ғасырдағы ғалымдардың зерттеуінше XIII ғ. Дешті-Қазақ ұлысын жаңадан құруға зор әсер еткен Жошы ханның үлкен ұлы Алшын /орда-Ежен/. Оның сарайы екі жерде болған, біреуі Шыңғыстауда Орда, біреуі Алакөлдiң жағасында Алақамақ. Оның ұрпағынан қазақ ұлысын жасауға тура кіріскен сұлтандар Ұрысхан, оның баласы Құйыршық, оның баласы Барақ хан, одан Әз-Жәнібек пен Ахмет Керей<sup>18</sup>.

Қазақ ұлысының династия түрін ашық түрде жазып кеткен ғалымдар – Әбдіразақ Самарқанди /1413-2482/, Мұхаммед Хайдар /XIV ғ./, Хандемір /Хабиб асснар/, Масгут Кухистани /Тарих Әбілхайыр хани/ Қадырғали Жалаири /XIV ғ./, Хафиз Тыныш /Абдула наме/, Рузбихан /XIV ғ./, Хайдар Рази, Ғафари, Абылғазы, Маржани. Қазақтардың биік сатыға жеткен кезі Жәнібектің,

<sup>16</sup>Мұхаммед Хайдар, тарих Рашиди, институт востоковедения Ан Узб ССР. ф. 1490, ЛЛ. 173 б-174 а.

<sup>17</sup>Мұстафад ал-Ахбар, ч.1.стр.154.

<sup>18</sup>А.А.Семенов. К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана. 20,26,27 және 31 беттер.

Керейдің, Бұрындықтың, Қасым ханның, Ақназардың кезі. Ол кезде олардың астанасы болған қалалар – Сығанақ, Сауран, Түркістан<sup>19</sup>, Ақназардың кезінде Ташкент (ұрпақтары сонда қалған).

Алтын Орда мен Шағатай ұлысынан қалған мұраларға ие болу турасында, Сыр бойындағы, Арқадағы, Жайық, Маңғыстау бойындағы қалаларды сақтап қалуда көп үлес қосқан кісілер: Бұрындық хан, Қасым хан, Тәуекел хан, Есім хан. Мұхаммед Хайдардың барлауынша, Жошы ұлысының соңғы дәуірін басқаруда Қасым ханға жететін біреуі жоқ еді. Ғафаридың баяндауынша, Қасым хан Дешті Қыпшақтың ең ұлы білімпазы еді, 1524 жылы дүниеден өтті.

Жошы ұлысында Қасым ханның тәртібіндегідей ұлы бейне (өзгеріс, бетбұрыс мағынасында болса керек – ред.) жасау бұрын болмаған еді /Хайдар Рази/. Ол өзінің жасына дейін жасап, Сарайшыққа қойылды. Жәнібек, Керей, Қасым ұлы адамдар ұрпағы болғандықтан Сарайшықтағы ұлы қорымға /пантеон/ қойылды. Мұны Қадырғали Жалаири де солай айтады. Оны аса жарқын түрде суреттеген ғалымдардың бірі – Хантемір. «Қасым хан ұлы кемеңгерлік ақылымен, алып туған жойқын ерлігімен Дешті Қыпшақты басқарушылар арасынан бәрінен де ерекше еді. Оның қасына ерген билері де, ел басқарушылары да өзіндей білгіш. Әскері де орасан көп еді. Оларды басқарушысы буынсыз Хасен, бәрі соның айтқанын істейтін. Қасым ханның жойқын күшінен жеңілген Шайбани хан енді Сыр бойына бара алмай, шаршап, Хорасанға келіп,

<sup>19</sup>Қала-жер аттарында, кісі есімдерінде автордың транскрипциясы толық сақталды. – ред.



сол жерде сафавитдер қолынан өлді /Хабиб ассиар/. Шайбанидің өзімен бауырлас қазақ елімен ешбір себепсіз босқа соғысып жүргеніне оның жорығын жазып жүрген аяулы ғалым, Рузбехан разы болмайды. Кейде іші күйіп қазаққа болысып отырады. «Менің байқауымша, – дейді ол, – өз туысқаныңмен алысу өз жерінді азайтқанмен бірдей, қазақтармен соғысуда қандай себеп бар. Мен мұны ханның өзіне айтсам, ол менің жанымды қоймайды ғой»<sup>20</sup>.

Қадырғали Жалаиридің суреттеуінше, Жәнібектің данышпан ұлы Қасым хан Шаған бикемнен туған еді. Өз ұлысында көп әкімшілік етіп, көп көрші елді өзінің айтқанына көндірді. Оның білгіш істері көп жерде мәшһүр болып айтылып отырады. Ең соңында Сарайшыққа орналасты. Қабыры бүгінге дейін сонда тұр. Баласы Ақназар хан сұлтан ханымнан туған еді. Оның басшылық ісі де кемеңгерлік жойқын еді.<sup>21</sup>

Қасым ханның ерекше жері, Орта Азиядағы елдердің бәрімен туысқандық дос болды. Оның одағына күншығыс Түркістан, ойғыр, қырғыз, күнбатыста – ноғай, каракалпақ, Хорезм бірге қосылды. Сондықтан ол мықты болды. Темір ұрпақтарында мұндай достық әдісті қолданған Бабур мен Ұлықбек. Бабырдың сипаттауынша, қазақ хандары мен сұлтандары арасында Қасым ханның кең тәртібіндей біреуі жоқ еді. Оның әскері үш жүз мыңдай еді.<sup>22</sup>

Қасым ханның өзгеше жерінің бірі, ескі билер жасаған қазақтың әдет-ғұрпын заңын қадірлеп, оны шарифатқа қарсы қойды, исламға толық бағынбаған тайпаларды өз еркінде қалдырды. Бұл жағынан оның

<sup>20</sup>Рузбехан. Записки бухарского гостя. 1973, 69 бет.

<sup>21</sup>Бабур наме 1958, 22.

<sup>22</sup>Искендр наме.

идеясы Өзбек ханның ислам дінін қабыл етіп алуына қарсы келіп отырды. Қасым ханның өзі де, елі де көкке, тәңірге, күнге, айға, жерге табынады, аталарының мұрасы болған тас мүсінді қадірлейді, оған бас иеді. Қыпшақтың мүсін тасқа қалай да иіп жүргенін азербайжан ақыны Низами де әдемілеп суреттеген. Исламнан Қасым ханның жақсы көргені арабтардың жазуы. Араб жазуын жастарға ресми хат жазатын абыздарға үйретіп, діннің синкриттік түрін пайдаланады. Абыздар ерте кезден тасқа, ағашқа, теріге, киізге жазу түсіретін ханның білгіштері (бақсы), жазу жазатын бітікшілері. Бітік (жазу) ескі ғұн дәуірінен келе жатқан ескі сөз<sup>23</sup>. Ол Орхон жазуларында айтылып отырады. Көп ғалымдардың зерттеуінше «бітік» сөзі ғұн заманында қытайлар айтатын «піт» сөзінен шыққан, ол ашық бетке жазу түсіретін қаламның ұшы.<sup>24</sup> Бітік (жазылған сөз), бітмек (жазу) тарихи дәуірлерде, әкімшілік құрған ордалардың барлығына белгілі сөз. Олардың аузында айтылатын сөз «ол бітік бітті» – ол жазу жазды.

Моңғол дәуірінен бұрын қазақ өлкесінде жазуды қадірлеген белгілі тайпалар қыпшақтар, қаңлылар, оғыздар, қарлұқтар (қазылықтар), наймандар, керейлер, шектілер, қыяттар, басілілдер, үнгіттер, уақтар. Олардың жазу білетін атақты бітікшілері, абыздары, бақсылары Қазақстанның көп жерінде, әсіресе Жетісуда, Орталық Қазақстанда, Ертіс бойында, Алтайда, Тарбағатай тауында, Қаратауда, Маңғыстауда топ-топ жазулар қалдырып отырған. Ол тастар үш түрлі жазуды еске түсіреді: Орхон жазуы, Ойғыр жазуы (Жұбан-ата, Ботағай) араб жазуы көбінесе ескі ке-

<sup>23</sup>Бартольд, V, 508.

<sup>24</sup>Jhicatori, Über die Sprache der Hiund-nu, s.16; W.Radloff, Alturk sche Studien, – ИАН, Серия VI, т.IV, 1910, N 3, s.319.



шендерде, құлпытаста, кейде таудың қия тастарында (Ұлытау, Байқоңыр, Маңғыстау, Қарқаралы) кездесіп отырады.

Мұхамед Ұндышахтың хабарлауынша, Алтын Орда мемлекеті кезінде әрбір тайпаның адамдары ойғыр жазуын білуді міндет еткен. Кейін араб жазуын білуді де сондай міндетпен тапсырған.<sup>25</sup>

XVIII ғасырдағы абыздар Тәуке ханда, Әбілхайырда, Жәнібекте, Шақшақ елінің биі Бөгенбайда атақты Түлен абыз Төле биде, Қазыбекте болды.<sup>26</sup> Ту баста осыларды бір тәртіпке түсіріп, мұра етіп қалдырған Қасым хан еді. Қасым хан осы жазумен қазақтың заң жобасын жасап, оны тарихи дәуірдегі әдет бойынша «жаргу» /иаргу/ деп атады. Мәнісі шындығын айыру, қара қылды қақ жарғандай әділдігін табу. Шарифатқа қарсы қойған кемеңгердің бұл ойын халық ерекше ұнатып, оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атады. Шарифаттың жолына қарсы қойған бұл заң сахарадағы қазақтар ортасында XIV ғасырдан тараған еді. Бұл тәртіпті Шарафеддин Йазди – «қазақ жолы» деп атаған.<sup>27</sup> Шейбани осылар туралы Самарқан мен Бұхараның ишандарын жиып «қазақты» мүсін тасқа табынар кафір деп атаңдар, оларға ғазават соғыс ашып, өлтіруге болады», – деген фатуа шығартады.<sup>28</sup> Рузбехан кітабын көшіріп жазғанда (Стамбул данасы) Қазақ сөзін бұзып, араб сөзімен ғазан деп жазған. Ол «бұзақь», «ел талағыш» деген ұғымды көрсетеді. Көшіріп жазушы Шейбаниды қолдайтын кісі болу ке-

<sup>25</sup>Hammer-Purgstall, Geschichte der Galden Harde. SPb,1840, s.470.

<sup>26</sup>Русско-казахские отношения XVI-XVIII. С. 351, 353, 358.

<sup>27</sup>Шарафеддин Йазди. Зафар-наме..

<sup>28</sup>Семенов А. Шейбани-хан. С. 71.

рек. Стамбул көшірмесін баспадан шығарған Иран ба-спасы Рузбеханның өз қолымен жазған Ташкенттегі Шығыс институтында сақталып тұрған дұрыс түрін алмай, Стамбул көшірмесіндегі қисық айтқан түрін алған. Бірақ ол сөзде қазақты кемітуден басқа еш бір шындық, дұрыстық жоқ.<sup>29</sup> Осымен байланысты бір ғажап іс, Бұхара ишандарына қарсы жайбарлардың бір ұлы ғұламасы Бұхарадан қашып, тура Қасым ханның қолына келіп тұрады.<sup>30</sup> Бұлардың барлығы таңбалы таста жазылған үміттену сөзімен зор байланысып жатады.

Қасым ханның мұрагері, оның алып ұлы Акназар /1524-1557/, Веляминов-Зерновтың анықтауынша, қазақ ұлысын биік сатыға жеткізушінің бірі. Ежен ұрпағында бұлардан асқан кемеңгер ойшыл болған емес. Олармен қатар түсетін Шығай, Тәуекел, Есім, оның немересі Тәуке. Бұлармен ноғайда, қырғызда, қалмақта бір ауыздас болды. Хива мен Бұхар хандары да дос болып өтті.

Таңбалы тас жазуында қазақтың «үш жүз» деп аталатын тайпаларының көбі кірген. Кірмей қалған қаңлы, қоңырат, дулат. Олар Шағатай ұлысының соңғы дәуірін жүргізген Темір ұрпақтарының қарамағында болғандықтан кірмей қалған. Алыста жатқан керей мен уақ та аталмайды, өшіп қалуы да мүмкін.

Тас жазуда қазақтың тайпаларын ескі дәстүр бойынша алты санға бөледі. Ол Моңғол дәуірінен бұрын айтылатын «алты сан алаштың» бір түрі. Қытай тарихының жазуынша түрік қағанаты біткен соң, Жетісуда, Сыр бойында, Қыр сахарада қоныстайтын

<sup>29</sup>Рузбехан. Записки бухарского гостя. Предисловие Джалиловой. С.50.

<sup>30</sup>Балки, Тарих кыпчаки.



үйсіндер, қаңлылар, қыпшақтар, оғыздар тағы өзге тайпалар өздерін «Аласбіз» деп атайды. Леша /Алаш/ Шуй /Шу өзені река с поколением исин /үйсін/ и исинские тюрки /96/. Далосы есть изменение произношение олосы /Алас/ там жили усуни /Кюнер, 97/. Қаңлы туралы айтқанда былай деген: Казахский аймак считает столицей город Ташигань /Ташкент/. Когда на стоянках умирают князья, то их прах возвращается для погребения в Ташигань. Казахская страна собственно земля древнего Кангюя. Поэтому их Кангюйские сохранившиеся обычай передавались из поколения в поколения до Кидихов /Кюнер, 174/.

«Алтын ұлыс» деп атау Енисей бойындағы «Ұйық Тарлақ» жазуында да айтылған. Жұртты басқаратын Елтуған, Тұтық «мен алты ұлысты басқаратын кісі едім» дейді. Бұл қауымға кіретін ұлыстыр, жоғарыда көрсеткендей, қыпшақ, оғыз, қаңлы, үйсін, дулат, жалайыр, керей, наймандар.

Қадырғали Жалайридың суреттеуінше XII ғасырдың ішінде одан кейін де алты алаштың мықты күші қаңлылар болған. Ол Сыр бойымен Жетісудағы, Алтайдағы, қыр сахарадағы өлкелерді тегіс билеп, Сыр бойында Ташкентті, Шығыста Алмалық қаласын астана етіп отырған. Ол кездегі қаңлылардың ұлы басшысы Озар Тұғрыл хан (1211) Шыңғыспен бір ауызды болып, баласы Сұғанақ Тегінге Жошының қызы Болған бикені алып береді.<sup>31</sup>

Қаңлылардан шыққан кемеңгер жазушы Жамал Қарши, Алмалықта туып-өскен, Мұхаммед Хайдардың айтуынша, оның әкесі Баласағұн қаласының бір ғұламасы, шешесі оғыз қызы. Жамал Қарши ержет-

кен кезде қаңлылар өте күшейіп, тайпалардың көбі қаңлының ханы Озар Тұғрылға бағынып тұрады. Жамалдың өзі Озардың баласы Сұғанақ Тегінге қызмет істейді. Оның әйелі Жошы ханның қызы Болған-бике. Олардың күмбезі қаңлы, қыпшақтардың бір ордасы болған Кеңгір өзенінің бойында Болған-ана деген жерде тұрды.<sup>32</sup> Шарафеддин Йаздидың бақылауынша, қыпшақтарда өзінің ескі әдеті бойынша алты ұлысқа бөлінген. Олардың ең үлкені Қаңлы үлкен қаласы Баласағұн Афрасият нәсілінен қалған. Онда тұратындар қарлық пен қаңлылар. Олардың ел басқаратын адамдары Беріспес Тағай хан, Алаш хан.<sup>33</sup>

Қадырғали Жалайридың суреттеуінше, Орыс ханның оң қолын бастаушылар үш сан қауым алаш мыңы оған кіргендер үйсін, жалайыр, қыпшақ, арғын, қонырат, екінші қолын басқарушылар қаңлы қауымы ертеден келе жатқан ұлы атасы деп саналған. Махмұд Қашқаридың байқауынша /XI ғ./ қаңлы қыпшақтардың ерекше қадірлейтін ұлы адамы. Үйсін мен қаңлыларды ұлы ата деп қадірлеу қазақ арасында соңғы дәуірге дейін келеді.

Қадырғалидың сипаттауынша, «алаш мыңы» – ең белді ру, тарақ таңбалы жалайыр болған. Оразмамбет сұлтанның оң жағында, отырғандар би Қадырғали, Маңғыт Саманай би, сол жағында отырғандар арғын Шыш би, қыпшақ Тоқай би.<sup>34</sup> Бұл тәртіп тарихи замандағы оғыздар, қыпшақтар, қарлықтар, түргештер айрықша қолданған. Оны әсіресе «Оғыз наме» жарқын түрде келістіре айтып бере алады. Сол басшының

<sup>32</sup>Жамал Қарши. Мулхақат ис-Сурах.

<sup>33</sup>Зафар наме, 113.

<sup>34</sup>Валиханов, I, 157.

<sup>31</sup>Джувайни, Жамал Қарши. См Бартольд, I, 468.



екі жағында оң мен солға дәстүрмен отыру ғұн заманында туған. Оны сол дәстүрлі түрінде қолданған ұлыстар қарахан үкіметі, оғыздар, қыпшақтар /Алтын Орда ұлысы/ Шағатай үкіметі, кейін өзбек пен қазақтар. Ең соңғы кезін жазып алған Н.И.Ильминский бақылауынша да ханның екі жағында отырған қадірлі билер, алып ерлер өзінің беделіне қарай дәстүрлі орындарда отырды.<sup>35</sup>

Таңбалы тас жазуындағы үш жүз тайпаларының бірігіп, «алты ұлысты сақтай гөр» деп тілек етуі – ең соңғы рет қазақ болып, этникалық жеке халық болудың ашық бір түрі. А.А.Семеновтың жақсылап анықтауынша «Әбілхайырдан бөлініп Шу бойына барған өзбек-қазақтардың көп заманғы толқындарының ұласып шыққан бір қорытындысы еді. Олар Шу бойында дулаттармен бір қосылып «қазақ» деген атпен Сыр бойына, кең сахарасына қайтып келді».<sup>36</sup>

Тегінде «қазақ» бұл кезде шыққан сөз емес, ол қазақ халқының ойында көп ғасыр бойы айтылып келе жатқан сөз. Халық оны қосып айтуға этникалық мән бермей, көбінесе ұлы тайпалардың аты мен жүруге ерекше мән берген /үйсін, қаңлы, дулат, қоңырат, қыпшақ, алшын, арғын, керей, найман, жалайыр, уақ-меркит, өңгүт, қарлық, жағмауыт, /жакма/, Шекты/. Олар тек қытай әскері басып алуға келгенде бірлесіп, «қазақ» ұранын шақыратын.

«Қазақ» сөзінің көп заман ішінде этнос болмауына себеп болған әрбір тайпаның феодал дәуірінде ұлы әкімшілікке бағынуынан. Олар көп заман моңғол үкіметіне, Алтын Ордаға, Шағатай ұлысына, Темір

<sup>35</sup> Древние обычаи распределеня ..., с. 109-127.

<sup>36</sup> Валиханов. I, 212.

мемлекетіне қарады. Дегенмен Қазақстанның көп тайпалары өздерін көп заман бұрын «қазақпыз» деп келген.

Шоқанның зерттеуінше қазақтың ескі дәуірдегі аты «алаш» деп аталған /жоғарыдан қара/. Түркістанның бір ханы /Қызыл Арслан/ баласы ала болып туғандықтан, оны ұнатпай, Алаша деген ат беріп, Сыр бойынан Теріскейге /Арқа/ жібереді. Ол онда барып «қазақ» болып жүреді. Аз уақыттың ішінде оның қасына көп жігіттер жиналды, өте күшейіп, өздерін «Алаш», «Үш Алаш» деп атайды. Алаша білімпаз, кеменгер болғандықтан оны қадірлеп хан көтереді. Демек, «қазақ» сөзі сол Алаша хан заманынан шығып, сол кезден үш болып отырғанын баяндайды.<sup>37</sup> Шоқанның айтуынша, моңғол дәуірінен кейінгі қазақтар Бердібектен кейін /XVI ғ./ әрбір түрік-моңғол тайпаларынан қосылып жеке бір ел болды. Алайда Фердоусидің айтуынша олар өте ескі жұрт.<sup>38</sup> Сахарада тұратын қыпшақ пен биік тауды мекендейтін дулаттар Левшиннің зерттеуінше өздерін күшті ұлыстан санап, қазақпыз дейді.<sup>39</sup> Тегінде өз тілімен сөйлейтін қазақ тайпасы XIII-XIV ғасырдың өзінде мықты болған.<sup>40</sup> Моңғол дәуіріндегі «қазақ» тайпасының аты 1245 жылы Мамлук қыпшақтары тарапынан сөздік болып басылып шығады. Ә.Құрышжанов, XIII ғасырдың қолжазбасы және ондағы «қазақ» деген сөздің мағынасы.<sup>41</sup> Сөздікте «үйлі қазақ», «үйі бар қазақ» ат үстіне жүретін «үйсіз қазақ» /әскер/ деп жазған.

<sup>37</sup> Валиханов. I, 212.

<sup>38</sup> Валиханов. I, 121-122.

<sup>39</sup> Валиханов. I, 207.

<sup>40</sup> Рузбехан. Мехман «Наме-ин Бухара».

<sup>41</sup> Вопросы казахской филологии, 1964, стр.180.



Бабырдың бақылауынша қазақтар 1356 жылы Шағатай ұлысына қарсы жойқын көтеріліс ашып, одан бөлініп кетуді тілек етеді.<sup>42</sup> XIV ғасырда қазақ халқын жеке біріктіруге зор күш салған атақты ер Айсұлы Амет, Үйсін Майқы бидің ұрпағынан. Аты «Манас» жырында да кездеседі. Ол Алтын Орда ханы Жәнібекте істеп жүріп, Ордадан қырға келіп қазақ хандығын құрады. Амет Жәнібектің қызын алған күйеуі. Аңыз бойынша Жәнібек оны іздетуге Ордадан Алаушин /алшын/ бастаған «үш жүз» жігіт жібереді. Олар Аметтің қасында қалып қояды.<sup>43</sup> Демек, мұның өзі Моңғол дәуірінен бұрын жасалған үш жүзге бөлінген қазақ болып отырудың бір түрі.

Ақсақ Темір Токтамысқа қарсы аттанып бара жатып /1391/ жөнекей қазақ ұлысын қатты қиратып, оның хандары Амет пен Саметті өлтіріп, олардың бақсыларын тегісімен құртып, олардың орнына Машаихтар жібереді. Одан бұрын қазақтардың табынатын иесі атасының аруағы, көк /аспан/, ай, от, жер-су болатын.<sup>44</sup> Дешті Қыпшақ жерін әскери түрде күзетіп отырған елді Шарафеддин Йазди «өлейет Чатур қазақ» дейді. «Сақып қыранның алдынан Орданың тақтың қорғап тұратын Чатур қазақ өлейеті шықты. Олар Сахып қыранның күшіне шыдап тұра алмады. Шатур қазақ елін тегісімен қаратып, мал-мүлкін талап алды.<sup>45</sup>

Шарафеддиннің баяндауынша 1376 жылы Темірдің әскерінде «Қазақ мыңы» болған дейді.<sup>46</sup> Қазақтар, әсіресе, Әндіжанды билеп отырған Темірдің баласы Омар

<sup>42</sup>Вельяминов-Зернов. II, 273.

<sup>43</sup>Коколяшев. Татарская хрестоматия. 1858, 45-50.

<sup>44</sup>Валиханов, I, 212.

<sup>45</sup>Зафар наме, стр. 581.

<sup>46</sup>Зафар наме, стр. 155, 329, стр. 1055, 1198, 120.

Шайхтың төңірегінде көп болған. Шарафеддин оларды «Хоженд қазақтары» /с., 975/, «Әндіжан қазақтары» /329/ дейді. Оған кірген қазақ тайпалары жалайыр, арғын, дулат, қаңлы, сіргелі, қоңырат тағы басқалар.

Темірдің өзінде, не оның бабаларына болысқан қазақ мыңы бір кезде дулат бегі Камериддин Әндіжанға келгенде олар тегісі мен оған еріп кетеді.<sup>47</sup> Міне, бұ да өзбектен қазақтың бөлініп шығуының бір көрінісі.

Қазақ пен қаңлыны жарқын түрде суреттеген ғалымдардың бірі Хорезмдік Мұхаммед Махди хан. Ол кісінің жазуына, сөйлеген сөзіне қарағанда қазаққа өте жақын. «Саңлақ» деген кітабының ашылатын басына Таңбалы тасқа түсірілген түйенің табан суретін қоса берген.<sup>48</sup> Бұл кітапта айтылған, қазақ пен қаңлылар Хорезм мемлекетінде өте күшті ұлыстан саналады. Оғыз наме бойынша қаңлы /қыпшақ/ тайпасы өте мәшһүр ел, егін салғыш, бақылағыш, жол көрсеткіш. Шығырда айтылады: Түзі төрт жүз қаңлы еді.

Күнде қошлақ кашифа /ілтипат/ яғусында көрк асылған. Бойы менен күн құшар /с., 278/.

Қазақ абыройлы ұлы ел, өзі шешен, өзі әділ, игі ел. Шығырда айтылады: Заң еді кім қазақ еркіндесе, тұйық жігіт не шегер еді, сапа жасалуда дархан ағаш сияқтанып тұрады. Хорезм аты менде жақсы пайдалана біледі. /стр.273/.

Қазақтың ерте кезде болуының бір куәлігі XII-XV ғасырларда «Қазақ шығып кету», «қазақ бол» деген бір ұғым болған. Үкімет орталығынан қуғын көрген тегіндер, сұлтандар, билер ордадан қырға

<sup>47</sup>Зафар наме Тимури. Қолжазба. Отдел востоковедения АН Таджикской ССР, 2487, Л., 25 а.

<sup>48</sup>Бу Издание лауэона. Лондон 1960.



қашып» қазақ болып жүретін. Ең ерте кезде /IX-X ғ./ ордадан қашып шыққан Алаша хан сондай сұлтанның бірі. Сондықтан «қазақ болып», «қырда еркін» жүретін сахараны Уәлиханов «рефюже» – «тыныш алатын орын» деген.<sup>49</sup>

Әлішер Навоийдің толғауынша егер «Шах қазақ болып кетсе оған кім әскерін шығарып, кім қылышын көтерер еді?»<sup>50</sup>

«Қазақ шығып» кеткен ісінің бірі Едіге, ол Сарай қаласынан қашып тура қырға тартады. Жамбайдың соңынан қуып, ордаға қайт деген сөзіне ермейді.

Темір Тоқтамысты Алтын Ордадан қуып шыққан соң, ол қашып қырға келіп, «қазақ болып» жүреді. Қашан өлгенше Есіл мен Ұлытаудың төңірегін қоныстайды. Есіл бойында, Сілетіде осы күнге дейін сақталып келген қалаларды /Қайрақты, Қара-оба, Жаңғыз-Тау/ тұрғызатын осы кісі.<sup>51</sup>

Темір ұрпақтарынан «Қазақ шығып» кеткендер Хусайн Байқара мен Алауеддин мырза. Олар Дешті Қыпшақ өлкесіндегі қазақтар ортасына келіп, солар сияқты болып жүрді. Әдебиет, өнер туралы олардың қыпшақ сахарасынан жиып алынған кемеңгерлік ойлары Әлішер Навоий мен Хусаин Байқараға ұлы тірек болады. Оны іс басында отырып жүзеге асырады.<sup>52</sup> Тегінде қазақ тайпалары Шейбанимен алысып жүргенде олар тегісімен Темірдің ұрпақтарын қуаттап, Хусаин Байқараның, Бабырдың, Абусағидттың төңірегіне бас

<sup>49</sup>Валиханов, I, 130.

<sup>50</sup>Абушқа, 322.

<sup>51</sup>Н.В.Сорокин. Погребение Тотамыша.

<sup>52</sup>Әбдіразак Самарханди.

қосып жүрді. Атақты жазушы Махди «менде Хорасан ішінде қазағладұғым болды».<sup>53</sup>

Көп заман «қазақ» болып жүрген кісінің бірі – Шейбани. Оны «дер заман қазақ» деп атаған.<sup>54</sup> Рузбеханның айтуынша, Шейбани көп заман басқаратын ең ұлы хан, Дешті Қыпшақтың ұлы адамдарының бірі Бұрындыққа қарсы шыққан.<sup>55</sup>

Рузбехан Шейбанидың тегін жатқан қазақ халқына қарсы болуына разы болмай, «бұл өзіңізбен туысқан ел, оған неге қарсы тұрасыз?» дегенде, Шейбани Сырдарияның жағасында отырып айтқаны: «Менің Дешті Қыпшаққа қызығатыным оның байтақ жері, мал өсіретін өрісінің кеңдігі, шөп мол шығатын жайлауының тау-тасының сұлулығы. Өзге жер ондай емес», – дейді.

Жоғарыда көрсеткен тегіндердің, сұлтандардың ордадан қашып, қуылып, «қазақ болып кетуі», «қазақылық» (еркіндік етуі), «қазақыланып» – қазақ сияқты жүруі, әдебиетте көптеген ат қалдырады, бірақ олардың қазақтан шығуына келмейді. Орыс тілінде ол сөздер «беглец» (қашақ), «бродяга», «скиталец», кейде разбойник (Ценкер, Вамбери, Бартольд, Фалев, Немет тағы басқалар). Парсы тілінде жазатын автор – (Шарафуддин Язди. Мирхонд, Хантемір) қазақшадан қазақ болып жүру, қазақ сияқты жүру – одан сол сияқты «қазақ» сөзінің мәнін тексеруші ғалымдар бұл сөздің негізі «каз-ак» человек подобный гусю т.е. вольный как птица (Н.И.Веселовский, Лекции, 54), «Қаз-ак» – «белая гусиня» (Чулошников. Очерки, 109), Газы хақ-ислам әсерімен шығарылатын аңыз. Бұлардың

<sup>53</sup>Саңлақ, 50 ч.

<sup>54</sup>Шейбани, Таварих-и гузида-Нурсат Наме Ташкент. 1967; 273.

<sup>55</sup>Мехиан наме Бұхара.



барлығының ешбір ғылыми тарихи негізі жоқ. Алайда көп зерттеген ғалымдардың дәлелдеуінше, бұл тарихи аңызға айналған ескі сөз. А.И.Левшин (II, 41-42) мен В.В.Радловтың (I, 193) бақылауынша «қазақ» сөзі ескі дәуірден үзілмей айтылып келе жатқан тайпаның аты. Көп ғалымдар (Вамбри Марр, Самойлович, Пельо, Рамстедт, Немет тағы басқалар).

Бұл ғалымдардың зерттеулерінше «хазар», «қазақ» тайпалары Каспий теңізінің төңірегінде, Солтүстік Кавказда ерте кезден қоныстанған елдер. Қазақтар Орта Азиядан Алтай, Саян тауларына дейін белгілі.<sup>56</sup> Ең ескі дәуірде қолданған «қазақ» сөзін көп зерттеген ғалымдар Н.Я.Марр. Чехословак академигі Б.Грозный (1879-1952), Вамбери (1832-1913). Олардың зерттеулеріне негіз болған Константин Порфирдің жазулары (905-959). Оның солтүстік Кавказда, Каспий теңізінің өн бойында созылып жатқан «қазақ» деген ойына көңіл бөлген.

Академик Маррдың зерттеуінше қазақ, қазар сөздерінің түбі қас, «каз», демек, «Кас-пи», «Каски», олар «Кавказ», «Каспий» сөздерімен байланысып отырады. «Этноним «кас» отложился в Хазар». Солтүстік Кавказды мекендейтін елдер (шешен, кабарды, карашайлар) Кавказ тауын асып жүріп, оған өз тайпасының атын беріп жүрген. Сондай тайпаның бірі Каски, Косы (қазақ) сохранившиеся в названиях родственных народов Северного Кавказа в числе их и казаков.<sup>57</sup> Енді бір кітабында Н.Я.Марр «каска» «қазақ» сөзінің арғы тегі дейді.<sup>58</sup> Б.Грозныйдың тексеруінше

<sup>56</sup> Самойлович, 13, 14.

<sup>57</sup> Н.Я.Марр. Кавказский культурный мир и Армения. ЖМНП, 1915, стр. 286, Отгиск, 8-9.

<sup>58</sup> Гувкин яфедиди. 1926, 43, 61.

Казхи біздің заманымыздан бұрын Каспий теңізінің батысында тұратын /гун/ тайпасы Қасхи сөзінің түбі де осыдан алынған. Кавказ, Каспий бәрі бір түбірден.<sup>59</sup> Мұндағы бір тамаша жері Солтүстік Кавказдағы осетіндер, кабарды мен балқарларды осы күнге дейін қасақ, кесек деп атайды.<sup>60</sup> Бұл атты кабарды мен балқарлар Марр мен Грозный айтқан ерте дәуірден не қыпшақтар заманынан /X-XV/ сақталған болу керек.

Армян жазушысы Муса Харенидың айтуынша, қазақтар біздің заманымыздан көп бұрын, Иран патшасы Валаристың кезінде /216-197/ Күр өзенінің оңтүстік жағасын қоныстап отырған.<sup>61</sup> Көп ғалымдар қазақ сөзі Солтүстік Кавказда ерте кезден айтылғанын сипаттайды. Оған ерекше тоқтаған В.Ф.Минорский, З.А.Тоган, П.Пельо, А.Н.Самойлович /стр.14/. Араб, Ирак әдебиетін көп пайдаланған Миронский мен Тоганның зерттеуінше қазақтар салжук /IX ғ./ дәуірінен шыға бастаған. Ту баста қазақ сөзін араб жазушылары бұзып жазып «қасақ», «кесал», «ксал» деп отырған.<sup>62</sup> Бұл сөзді дұрыс жазған IX ғасырдың жазушысы Ибн Адхам әл-Руфи. Онда «қазақ язылмыш» деген.

Қазақтар арабтар келмей тұрып хазарлармен байланысты болған. Хазарлар ортасында «қазаруғ», «берішлік» деген екі ұлы қауым болған. /Бір тамаша жері Беріш осы күнге дейін кіші жүз ұлысының бір тайпасы/. Бұл ерте кездегі қазақтар Моисей Хоренскийдің жазуында да айтылады. Оның баяндауынша, бұл қазақтар біздің заманымыздан бұрын Иран патшасы

<sup>59</sup> Вестник древней истории, 1947, I, стр.263.

<sup>60</sup> История Кабардино-Бархарской АССР. 196., т.1.с.68.

<sup>61</sup> Вахушти. География Грузии. Тифлис. 1904, с.32.

<sup>62</sup> А., 1930, 73-90.



Валеристың кезінде /216-197 ж/. Күр өзенінің оңтүстік жағын қоныстап отырған ел екенін айтады. /172, 469/.

Осыған орай «қазақ» сөзі Солтүстік Кавказ жеріндегі халықтар арасында да аз кездеспейді. Оны біз әзірбайжан, құмық, балқар, қарашай әдебиетінен жақсы көреміз. Ең тамаша жері Әзірбайжанда бір үлкен аймақ «казах» деп аталады. Мүмкін, ол Муса Хоренди жазған «қазақтарды» ізі болуға тиісті. Құмық, қарашай, малқар, ноғай тілінде сөйлейтін «қазақ» сөзі көбінесе қыпшақтар арқылы тараған болуы керек.<sup>63</sup> Бұл айтқан елдердің қолөнері, кілем тоқуы, өрнек салуы, киіз басуы қазақтарға өте жақын. Оның барлығын олар қыпшақтардан алған.

«Қазақ» сөзінің ерте кезде шыққанын дәлелдеген ғалымның бірі француз академигі П.Пельо. Ол ғалымның зерттеуінше қазақтар Каспий мен Арал теңізінің бойында мекендеген халық. Бір өзгеше ой «қазақ» сөзінің ең ескі түрі XIII ғасырда Енисей өзенінің бір тарауы уйық Тұран бойында тасқа жазған түрі. Ол былай деп жазылған: «Қазғақ оғлы – қазғақ оғлум». С.Е.Малов екі жазу берген: «кызғақым, қазғақым<sup>64</sup>».

«Жамиғ ат-тауарихтың» баяндауынша: «Жалайыр халқы бисайар көп еді, төрт жақтан жауар-қарасын жияр еді. Бір ұлығ су ағар еді, оның жағасы толса онда көңілі тынар еді... қытай әскері сал бойлап Келеуренді кешті, Жалайырды шапты, қамшы бойлы ер ұлды қоймады, анден бір күрең жалайыр қашып қашып құтылды, арып-ашып Қаратауға келді, Сырдария бойында Хожент қаласында тұрды, көп аңыздар, қобызбен тартатын күйлер таратты». Дервин Әлидің айтуынша, Жалайырдың ең атакты күйшілері Хұсайын Әлиді Қазан университетінің кітапханасындағы «Жамиғ ат-тауарих» Москва нұсқасынан жазып алынған болу керек. Халфиннің хаттарында соған жауап бергендей.

Кітапханадағы ең күрделі жазудың бірі «Ақмолланың өмірбаяны, жыры», (№114), онда бірінші бетте «Қазак» деген сөздің қалай шыққанын талқылау, Маржанидің асқан ғалым екенін суреттеу бар.

*Қазақша шығыр жаздым  
ашық қылып,  
Хасиеттілердің жүрегін  
ашықтырып.  
Тахиқларны көрген соң  
қуанамын,  
Кітаптарын қараймын  
ғашық болып.*

«Алтын сақина» төрт перделі драма, жазушы Жахунда Назар ұлы, 40 бет, №1336.

«Тұрмыш» жазушы Мақым Қалтаев, қазақ ақыны, Қараөткелдік (Целиноград) 22 бет, №1337, тоғыз сурет қосқан.

Нұсқасын Мақыш қарындашпен жазып, оны басқа біреу сиямен көшіріп отырған, бірақ жақсылап көшіре алмаған, оның жазғандарын Мақыш қайтадан түзетіп отырған. Суреттердің тізімі мынадай:

1. Қыз.
2. Кемпір мен келін.
3. Зілиха ханым.
4. Мәжнүн хатын.
5. Аяр Зура.
6. Хатын.
7. Мазлұм.
8. Алпыс сегіз жастағы қарттың қызға көңілі шапты.
9. Жүректі қатын.



«Тұрмыш» – Мақыш Қалтаев шығарған жазба журнал.

«Айқын қыз бен Жарылғасын қожаның айтысқаны». 21 бет. №1548, жазушы Шаймәрден Нұрмұхамедұлы Байкеев (Көкшетаулық).

Оразғалиев Әбубәкір, «Әдебиет қазақия» 10 бет. Д.153. 1908 жылы Қазанда басылған.

«Шопан ата» – әдебиет қазақия, халық фольклорынан құрылған жинақ (ертегі, аңыз, мақала, жұмбақ, өтірік өлең), 56 бет. Д.166, жинаушы: Зариф Ташкенди.

«Қисса-и әкият» (Мықтылық). Жазушы Мұқаш, 46 бет, №1322.

«Хикаят Көрұғлы сұлтан». Жазушы Хасен Мирбаба ұғлы. (Көкшетаулық), 90 бет, №90. 1880 жылы жазылған, эпикалық жырдың қазақша айтылуы, Көрұғлының асқан ерлігі суреттеледі.

«Бозұғлан». Ахмедбек – Жүсіпбек. 80 бет, д. 97. Жазушы – Ешпай қазақ Көзбергенұлы (Маңғыстаулық), 1889 жылы жазып бітірген, бірнеше рет Қазанда басылды.

Адай Нұрым ақынның Серкеш еліндегі Рахматуллаға шығарғаны. 7 бет, №1308, баспаға жіберуші астрахандық Сапарғали Жанұзақов, 1903 жылы жазылған. Нұрымның тілі аса көркем, бірақ мазмұнын дінмен араластырған.

Қожбанов Досжан. Жаз басында болған ғаламатлар. 17 бет. №1309, жазылғаны 1902 жылы баспаға жеткізуші Сапарғали Жанұзақов:

*Салмақты ауыр тиді  
жаздың басы  
Жауынды жәйсіз еді  
күздің басы,*

*Алдыңғы қарт ізімен  
келе жатыр  
Кешегі санға ілінген  
елдің жасы.*

«Қисса-и Ягор сері». Жазушы Абдулла (Омскиден). 1870 жылы жазылған. №1313. Али мен Ягордің күрескені. Қолжазба өте көркем, білетін кісінің қолынан шыққан.

Сарсекей Артықбаев. «Хақаят үні». (осы күнгі бозбаланың қылып жүрген жұмыстары). 12 бет, №1303.

*Сарсекей Артықбаев  
менің атым  
Хан-қара, бай, патшаға  
болдым жақын.  
Кеудеме қыдыр дарып  
қонбаса да  
Ажыбай ата-бабам  
қолдай гөрсін.  
Мұнан соң тағы да  
жаза берем  
Жүсіпбек Мәулікейдей  
болмасам да.*

Сарсекей Баянауалық Қанжығалы (Ажыбай) Шақшап болысынан, «Дала уәлияты» газетіне көп жазушының бірі. Жүсіп Көпейұлымен айтысқа түскен.

Мәулікейдің жазғандары – «Ғарып бірлән Шах Сәнәм». 56 бет, №1513, 1880 жылы жазып бітірген.

Дәптердің екі тысында Мәулікейдің қарындашпен жазған таңбалары бар – «Ялутур уезі, Тобыл губер-



насы, Саинкул аулының Мәнжіл медреседе тұрғушы Мәулікей Юмашев ұғлы». Соңғы бетте айтқаны:

*Әгәр сен сақласаң гафлет йолдан,  
Атым дүр Мәулікей бін Юмашев,  
Ялутур уйезінің Тоблық тұрағыдур,  
Ол елде көрмедім еш жаманшылықты.*

2. «Қисса-и Сеидбаттал». Мәулікейдің өз қолы, 25 бет, №1289, 1870 жылы жазған. Кітаптың басындағы эпиграфында айтқаны:

*Ялутур уйезінде туған жерім,  
Саинкул ескі болыс тұрған жерім.  
Қазақта 12 жыл бала оқытып,  
Семейпалат, Омск жүрген жерім.*

*Бу қиссаны қазақтан көріп жаздым,  
Бірін-бірі күндеген,  
Бір орында тұрмаған,  
Сол себептен қорқамын,  
Алуан-алуан жан шықты.*

Кітапхананың ғалымдарының сыртына жазып қоюынша Сеидбатталды Мәулікей 1870 жылы қазақшадан татар тіліне аударады.

3. «Әсиет кітабы».

4. «Қара құл».

5. «Мінәжат».

6. «Ірбіт бәйіті». 10 бет, №1405.

7. «Салсал». 100 бет, Мәулікейдің өзі жазған емес, қазақ тілінен көшірген. Қазанда бірнеше рет басылған.

Олармен бірге жазылған эпикалық жырлар арабтардың Орта Азияны, Қазақстанды жаулап алуымен байланысты VII-VIII ғғ.

«Қисса-и Зарқұм». Жүсіпбектің жазуы 96 бет. №1292, Қазанда тоғыз рет басылған. Мазмұны түрік қағанаты мен оғыздарды басқаратын Зарқұм мен арабтардың әскер басылары – Омар, Осман, Әбубәкір, Әлидің қырғын соғыстары суреттеледі.

Зарқұмның атақты ел басқаратын балалары Жанабіл, Бисар соғыста асқан ерлік көрсетеді, соғысқа пәлен лек әскермен шығады, олардың ішінде бойы таудай, аузы үнгірдей көзге ерекше түсетін атақты ерлер аталады. Ең алдымен Жанабіл Омармен айқасады. Оны көтеріп аспанға атады, Жанабілге қарсы Әли шығады. Оны күрзісімен ұрған кезде Әли дүлдүлімен бірге жерге кіріп кетеді. Өлмей қалады. Одан шығып жаяу алысады, жүрген жерлері қазылып ор болып қалады. Бір кезде Әли Жанабілді көтеріп аспанға атқан кезде ол көрінбей жоқ болады. Әлиге қарсы қағанның өзі шығады. Басы күмбез ақ үйдей отырған еді, оның келбеті орасан зор күшті еді.

*Қолында найзасы бар*

*екі жүз кез,*

*Мың батпан қолындағы*

*күрзі таяқ.*

*Екі иінінің арасы*

*елу кезден*

*Пішіні сол кездерде*

*тажалдай-ақ!*



Бірақ Әли оны да жеңіп шығады. Ақырында Зарқұм арабтармен сағысын қойып, олармен дос болып өтеді. Тегінде арабтарға қарсы Орта Азияны қорғауға Орхон өзенінен Күлтегінге келген (Орхон жазуы), бірақ еш нәтиже болмаған соң қайтып кеткен.

«Салсал» ода осы сияқты ерте кезде болған қырғын соғыстың суреті.

«Қисса-и Рүстем» жазушы Хасен Мирбибиұлы (көкшетаулық), тығыз қағазға жазған әдемі қолжазба, 116 бет, №1488, 1900 жылы жазылған.

*Мұны жазған Молла-Хасен*

*менің атым,*

*Өзім өлсем – өлмейді*

*жазған хатым.*

*Фазыл інім қалаға*

*бара қалсаң*

*Жібергіл баспашыға*

*аманатым.*

*Бұ Рүстем тамам болды*

*қолыңа ал,*

*Бір Құдайға тапсырып*

*поштаға сал.*

*Мәулікей баспасынан*

*кейін болмас,*

*Молла-Хасен Серкеш деп*

*атымды сал.*

*Ұғылы Абутали*

*Молла Фазыл*

*Фазыл інім сөзімді*

*қылсаң қабыл.*

*Сен едің Тобылдағы бір*

*асыл зат*

*Өзіңе ілтифат қып*

*жазамын хат.*

*Қазанға бара алмаймын*

*бастыруға,*

*Баспаға жіберіңіз*

*сізге аманат.*

Бұл Рүстем Фирдаусиде жазылған Ирандардың атақты әскер басы. Олар түрік қағанатымен соғысып, Афрасияпты Самарқаннан, Ташкенттен қуып шығады. Афрасияп Арқаға шығып, қыпшақ ортасында тіршілік жасап жүреді. (Махмұд Қашқари).

«Қисса-и Наушируан». Жазушы белгісіз. Иран аңыздарынан алынған жыр. 30 бет, д.111. Қазанда екі-үш рет басылған.

*Сөйлейді әрбір адам*

*көрген жерін,*

*Әр жерде тамаша етіп*

*жүрген жерін.*

*Асығып бұл қиссаны*

*жаза салдым,*

*Түзетің ойыңыздан*

*қалған жерін.*

«Қисса-и Мәлік-Хасен». Жазушы атын қоймаған. Көркем эпикалық шығарма. 1883 жылы жазылған. 35 бет. №1312. Қазанда көп рет басылған. Мазмұны: патша түсінде бір шарбаққа кіріп, ішінде сейіл құрып жүрген екен, айтып болмайтын істер кездесіпті.



«Қисса-и Өсербай Қуанышұлы», жазушысы белгісіз. Көркем эпикалық шығарма. 15 бет, №1319, Қазанда басылып шыққан.

Әбдірахман Жүсіпұлы (Қарқаралы уезінен) – «Қисса-и Өндірбай» 1900 жылы жазған, көркем шығарма, 35 бет, №1492, соңында жазғаны:

*Қазақта кім бар еді  
Құнанбайдай,  
Жатарқан әбзел етін  
патша Құдай.*

Абдірахман Жүсіпұлы, – «Қазақша бәйіт» (Серғазыны жоқтау) 1898 жылы жазған, 65 бет, №1508. Хұсайыновтерге жазған хатында сұрағаны:

«Физзатлу Шамситдин Хұсайын ұғлына. Бу бәйітні тезлік илән басмағыңызды үміт етемін. Әгәр Петрбордан рұхсат алсаңыз Ірбітке қарсы жіберіңіз». Демек, Ірбіттің жәрменкесіне апарып сатуды мақсат еткен. Тамаша қолжазба, Қазанда басылып шыққан.

Ержанов Бибатыр. «Оқуға махаббат». Жазушы мұғалім. Балаларды оқуға шақырады. 42 бет. д. 1291, жақсы қарасөз бен өлең аралас жазылған, қазақша қара сөздің бір жақсы үлгісі. Оған бір мысал кетірейік:

«Ей құрметті жаңа өспірім мейірбанды жақсы балалар, оқу оқып, жазу жаза біліп, бек өнерлі болыңдар, бақшадағы жемісті ағаштар сықылды болыңдар». Кітап 1912 жылы Қазанда басылып шыққан. 30 бет. Осы күнгі сияқты Ержанов те баланың елге пайдалы, өнерлі, іске ер болуын талап еткен.

Жәнібеков Ж. «Айна». Балаларды оқуға, білімге шақырады, 28 бет, д. 152, 1908 жыл Қазанда басылған. Бірінші сөз: «Ғылым оқу».

*Мынау түскен қар балам,  
Енді оқуға бар балам.  
Қарыңа боқшаңды сал балам,  
Сабағыңды біл балам.*

Қазақ балаларын білімге, іскер қылып шығаруды тәрбиелейтін жарқын шығарма.

Құдайбердин Ш. «Қазақ айнасы». 1904 жылы жазылған, 50 бет, д. 210, 1912 жылы Семейде басылған нақыл сөздер.

Құдайбердин Ш. Жолсыз жаза, яки кез болған іс. («Еңлік – Кебек») Семейде 1912 жылы басылған 17 бет. д. 210, Эпиграфында айтқаны: «Бұл әңгіме 1780 жылы шамасында Шыңғыс тауында Матай мен Тобықты арасында болған іс».

Соңында айтқаны:

*Өткен адам болады  
көзден таса,  
Өлді, өшті оны ешкім  
ойламаса.  
Ол кеткенде белгісі  
жоғалмайды,  
Керектісін ескеріп  
ұмытпаса.*

Мұнда Шыңғыс тауының қия тастарында ескі билердің ұйғаруымен жоқ болған Еңлік пен Кебектің



белгілерін еске түсіреді. Оған ұлы акын Абай да, кейін Мұхтар да неше рет барып өзінің жазуларына үлгі етіп алатын қолжазба. Шәкәрімнің өзінікі.

Тайыр Жомартбаев. «Қыз көрелік». Үлкен поэма. (роман) 1912 жылы Семейде басылған. Қолжазба Тайырдың өзінікі. 44 бет, д. 209.

Тайырдың туған жері Мұқыр болысы, тұрған жері Жаңа Семей, «Қыз көрелік», жырын осында отырып жазған.

«Менің мақсатым: малды, бай кісінің қатыны болу емес, кімде өзінің білмеген халықтың көңілін, көзін ашпақшы болса, сол уақытта мен сол кісінің ғұмырлық досы боламын», – дейді.

Тайыр Жомартбаевтың елге көп үлгі берген бір атақты жыры – «Балаларға жеміс» 1912 жылы Семейде басылып шыққан.

«Балаға атаның айтқан сөзі» – деген жырында былай деген:

*Қарашығы көзімнің  
нұры балам,  
Сабақ көңіліңді қой  
болма алаң.  
Мыс басың алтын болар  
ғылым білсең,  
Біз мұнда дұғадамыз  
ата-анаң.  
Қарағым алаң болма  
оқы – сабақ.  
Өсірдім оқысын деп  
қақпай қабақ.*

*Өзіңнің адам болу  
қамыңды ойла  
Қызмет қып таппай-ақ қой  
маған тамақ.  
Сабаққа көңіліңді қой,  
оқы шырақ,  
Жалқау боп өз құрбыңнан  
қалма жырақ.  
Осы күн тілімді алып  
оқымасаң  
Өскен соң өкінерсің  
сонда бірақ.*

Демек, Тайыр Жомартбаев қазақ халқының рухани тіршілігін көтеріп, көп бұқараны зор мәдениетке шақырушының бірі екені көрінеді.

Қазан мұрағатында сақтаулы тұрған көркем жазулардың бірі – «Ер Тарғын». Сөз толғауын жылқы жылы Табын еліндегі атақты Марабай ақыннан жаздырып алған. Бастырушы: Н.И.Ильминский. Баспаға рұқсат берген (цензор) Готвальд, қазанда 1862 жылы басылған. (Госархив татарский АССР архив проф. Н.Ф.Катанова ф. 969, оп.2, д.43 «Ер Тарғын»).

Екінші қолжазба – «Қасым Абулхайырұлының зынданда жатып айтқаны». (Проф. Н.Ф.Катановтің мұрағатында сақтаулы).

Қазан университетінің кітапханасында сақтаулы жатқан ескі қолжазбаның бірі – «Бақырған кітабы», ескі қыпшақ (кейін қазақ, қарақалпақ) тілінде жазылған мөлдір аңыздар, өсиет сөздер – адалдық, сүйіспеншілік, адамшылық қасиеттер сөз болады. 90 бет. №52, Қазанда 1860 жылы басылып шыққан.



Бақырғанның шын аты – Құл-Сүлеймен. Әдебиетте «Хакім ата», ол өзінің Қожа Ахмет Яссауиді ұстазым деп таныған.

Кітабының көп жерінде Қожа Ахмет Яссауиді бар дүниеге мәлім болған, оларға үлгілі сөз қалдырған ұлы ойшылдардан екені айтылады. Бақырған жас кезінде Түркістан қаласында Қожа Ахмет Яссауиден тәрбие алып, кітабын осы арада жазса да кейін Қарақалпақ жеріне барып, Бақырған да қайтыс болады. Оның жазған «Бақырған кітабы» орта ғасырдағы қазақ мектебіне жарқын үлгі берген. Рухани тіршіліктің бір әйгілі түрі.

Демек, Қазан университетінің кітапханасында сақталып тұрған бір саласы, рухани тіршіліктің шамшырағы. Мәдениет дүниесі. Ғалымдар оны ұмытпағаны дұрыс.

---

## ОРАЗМҰХАММЕТТІҢ КІТАПХАНАСЫ

*(КҮМІС САНДЫҚ ІШІНДЕГІ КӨРКЕМ МҰРАЛАР  
ТУРАЛЫ)*

Оразмұхаммет Шоқан сияқты қазақ сұлтандары арасынан ерекше шыққан, көп оқыған, көпті көріп білген, қазақша, түрікше, орысша жақсы сөйлей білген, білімпаз, жүйрік кісінің бірі. Ол өзінің жас өмірін, кемеңгерлік ісін бір ғана орыс мәдениетінің күшеюіне арнап, оның саяси тіршілігіне, әскери жұмысына арнайды, бар жігерін, ойын, әдісін сол кезде белең алған оқиға «бұлғақ толқынына» (смутное время) жұмсайды. Ол қазақ мәдениеті, тарихы үшін де көп күрделі дүниелер қалдырды. Әсіресе XV-XVI ғасырдағы қазақ халқының жазу мәдениет үлгілерін жарқын түрде суреттейтін, оның білім көзінің бірі – Оразмұхамметтің сирек жолығатын ғажайып кітапханасы болатын. Ол кітапхана Оразмұхамметтің Мәскеуге баруымен байланысты XVI ғасырдың соңғы кезінде (1588-1603 жж.) топталды. Қазақ тілімен жазылған орта ғасырдағы кітаптарда, қолжазбаларда көп жыл ішінде Қазақстандағы туысқандарынан келген хаттарды ардақты Оразмұхаммет, қазақ әдеті бойынша өзінің бір күміс сандығында ұстап, көзінің ағы мен қарасындай



сақтап келеді. Әшекейлеп қаптаған сандықты күмістің ауырлығы 71 мыскал (300 грамм) ішіне бірталай кітап сиятын көркем қазына.

Оразмұхаммет қайтыс болған соң, оның арнаулы кітапханасы күміс жәшік – «Серебряный ящик с книгами и списками на казахском языке», белгілі нөмірмен (№38) патша мұрағатына тапсырылып, XVII-XVIII ғасырларда осында сақталып келеді [1]. Россияда Ғылым академиясы құрылғаннан кейін, мұрағатта сақталып тұрған Оразмұхамметтің кітапханасын – күміс жәшігімен, кітап қолжазбаларымен бірге 1736 жылы үкімет Ғылым академиясына сыйға тартып, кейін Азия мұражайында сақтаулы тұрады. Бұл кез Кіші жүз қазақтарының Россияға қосылып, Россия елшілері Мамет Тавеккеловтың, И.И.Кирилловтың, В.И. Татищевтің Орынбор қазақтарының ортасында істеген кезі. Бір қиын жері, Оразмұхамметтің жәшігін таба алмаған кейбір шала дүрсін ғалымдардың ой тартуынша – бұл кітапхана Наполеон соғысы кезінде жанып кеткен деп анықтады. Бұл әрине дұрыс айтылған ой емес. Ол соғыста Академияның қазыналары – Ломоносовтың шығармалары тегіс аман қалды. Наполеон әскері Петербургке бара алған да жоқ. Бұл ойдың қателігі, әсіресе күміс жәшіктің яки Оразмұхамметтің кітапханасының 1840 жылға дейін сақталып келуі.

Жәшікті бірінші рет ақтарып, оны толығымен суреттеген академик С.М.Френ [2], ол 1822 жылы, Азия мұражайы ашылған кезде. Кейін В.Дорнның зерттеуінше, жәшіктегі ең бағалы материалдың біреуі ғана қазақ тілінде жазылған Оразмұхамметтің шежіресі. Қазақ хандарының шежіресі [3]. Патша мұрағатының жазуы бойынша, Оразмұхамметтің кітапханасы ең алғаш 1575-

1584 жылдары жиыла бастаған. Онда сақталып келгендер қазақша кітаптар, қолжазбалар – «книги и списки (поэм) казахские при Касыме цара» [4]. Бұл жәшікті толық зерттеген атақты ғалымдардың біреуі В.В. Вельяминов-Зерков. Ол кісінің анықтауынша, мұнда жолығатын жазулардың көпшілігі қасқа жолды Қасым ханның кезінде (1480-1523) өрбіген, халыққа әсер еткен ойлар [5]. Бір өкінішті нәрсе – Азия мұражайына түскен бұл жәшік өткен ғасырда жойылып, оның ішінде сақталып келген қазақ жазулары тегісімен татар тілінде жазылған, дәстүрге айналған. Оразмұхамметтің жәшігінде қандай кітап болғанын Күншығысты зерттеу институтында істеп отырған түркологтар ешқайсы айттып бере алмайды. Алайда Френнің жазуымен салыстырып, бұл мәселенің анығын ашу – бір зор ғылыми жұмыс, әсіресе XVI ғ. қазақ жазуы мен әдебиеті тарихы үшін.

Оразмұхамметтің кітапханасын жақсылап талдау үшін ең алдымен оның өзінің кім екені туралы бір ауыз сөз айту керек. Ораз XVI ғасырда қазақ қауымына көп еңбек сіңірген әскербасы Ондан сұлтанның баласы, сол кездегі қазақ ханы Тәуекелдің немересі. Әкесі Күншығыс Түркістанда Қытайға қарсы соғыста қайтыс болып, жас бала хан ағасы Тәуекелдің қолында тәрбие алады. Түркістан, Сауран, Ташкент қалаларында оқып, білімге ақылы, ойы молынан бөгеді. Қасында кеңес беретін кеменгер ғалым Қадырғали Жалаири бірге болады. Ғалым өзінің келістіре жазған сирек кітабында өзін өте кішіпейіл түрде суреттеп, Ораздың болашағына үлкен мән береді.

– «Бұл тауарих, – дейді, – Оразмұхаммет, хан хазіреттерінің ата-анасынан қулық қыла келген Жалаир



тарақ тамғалы ерді». Демек, Қадырғали Жалаири және оның ата-бабалары көп заманнан халықтың атақты билері тәрбиеші үлгі беруші болып, бала оқытуда, жақсы адам тәрбиелеуде көп ой бөлген, данышпан кісілерден екені байқалады. Мұны орыс ғалымдарында өте жеткізе айтқан. Демек, Жалаиридың ол кездегі мұсылманша оқып жетілген биіктігі өте жоғары еді [6].

Қадырғали Жалаиридың тәрбиесінде Оразмұхаммет өте зерек, өткір болып өседі. Сыр бойындағы қала мәдениетін (Түркістан, Сауран, Отырар, Сығанақ, Ташкент) жақсы түсінеді. Бұл қалаларды меңгеруші оның ағасы Тәуекел. Ол бұл қалаларды көркейтуге, Сауран қаласына биік мұнара тұрғызуда, мешіт салуда көп еңбек сіңірген кісі. Ол кісінің өзіне арналған хан сарайы, мешіті, топтаған күмбездері болды. Оразмұхаммет осыларды көріп өсті. Інісінен жетім қалған жас баланы ағасы әлпештеп, білімге, өнерге, құс салуға үйретеді. Ол кезде жаз айында ел Сырдариядан Арқаға көшіп, Есіл, Ертіс, Тобыл өзендерінің аяғына дейін жайлап қайтатын. Бала Есіл, Ертіс, Тобыл өзендерінің бойын шүйіп бір ғана сұңқар салумен әуестенеді. Ол жердің тарихи адамдары көбінесе керейлер. Шыңғыс заманынан кейін осы жайлауда қоныс етіп қалған. Осы аралы қызықтап, олардың басшысы керей Тұғрыл ханның ұрпағы Сеит, бараба тайпалары мен керейлерді билейтін алпауыт бек Оразмұхаммет осының қарамағында болып, уақытын саят құрумен, құс салумен өткізеді.

Әлде бір күні Оразмұхаммет ұшқан сұңқарының соңынан еліктеп Тобыл қаласына таяу барып қалады. Осы арада олардың алдынан Тобылды басқаратын воевод Чулков шығып, Оразды, оның ақылшысы Қадырғалиды және керейлердің атақты ханы Тұғрылды

Сейде ұрпағы үшеуін ұстап, сол бетімен Мәскеуге жібереді [7].

Мәскеуде Оразмұхамметті үлкен мерекемен қарсы алып, сый тартып, өзіне жеке үй беріп, жақсы орындарға отырғызады. Тойда, мерекеде, жиылыста патша (Федор) оны өз қасына отырғызып, жібектей аялайды. Қадырғали Жалаиридың қолмен жазылған Абдразақ Самарқандидың кітабының (Матда ас-Садин) соңында мынадай жазу болған:

اسم پادشاه مسکاو فیدر ایوانوویچ الو س  
اق مات ایسم ایچی که قوالیامیت  
برس فدراویچ امیر اخور الامیر

Есім патша Маскау Федор Иванович улу бий, Есім елші Вельямин, Борис Федорович әмір ахрур ал-амир В.В.Бартольд (VII, 317) мұны жазушы Федормен тұстас кісі (1584-1598 ж.) «и относится к одному и посольств этир царя в средней Азии», точно Казахстану, к послам Тауекель ханы, побывавшего у его племянника Уразмұхаммеда.

Ондай елшілерден Кулмагамбет, Байқарым Караманов и Байборы Таишев (*собрание князя Хилкова с. 258, 446, 487, 488*).

Қазақстаннан, Орта Азиядан барған елшілер Федор Иванович кезінде көп болған, олар «Иран мен дипломаттық, сауда қатынасы» деген жинақта жиі кездеседі (1890). Мұнда не деген: «Қазақ сұлтаны Оразмұхаммет бұрын Сібірде тұрушы еді, кейін ол



сұлтан Сейтек мырза мінберге ұлы патшаның қолына келді. Бүгінде Мәскеуде тұрады, екеуі де ұлы патшаға қызмет атқарады» (с. 119).

Жүйрік туған Оразмұхаммет Шоқан сияқты орыс әдебиетін тез түсінді, ережелерін жақсылап біліп алды, танылмаған ешнәрсе қалмады. Он жылдың ішінде оның биікке өсуі сонша, орыс мемлекетіне күш беретін бір қайраткер болды. Ол кездегі үлкен оқиғаның бірі – Швеция үкіметінің Балтық теңізінің түбіндегі елдерге шабуылы еді. Ол кездегі патша Федор Иванович Швеция жорығынан аттанғанда Оразмұхамметті өзінің мықты, білгіш әскер басы етіп [8] алды. Ол Балтық теңізінің маңында болған жорықтардың көбіне қатынасты.

Қадырғали Жалаиридың жазуынша, Борис Годунов патшалыққа отырған соң, 1598 жылы Оразмұхамметті Қасым қаласының ханы етіп көтерді. Білімпаз жас сұлтан өзінің бар өнерін, ақылын осы қаланы көркейтуге жұмсады. Ол үшін Сырдария бойындағы сәулет өнері әр кезде есіне түсіріп, соның үлгісімен құруды мақсат етті. Ең алдымен хан сарайын тұрғызып, оны үлкен кеңес үйіне айналдырды. Сарайдың ішін, тасын тегіс әдемілеп суреттеп, арабша жазумен өрнектеді. Әсіресе кіретін қақпасын, сыртқы еңсесін келістіре көркемдеп, әдемі оймышқа бөледі. Бұлардың барлығы осы күнгі Қожа Ахмет Яссауидың күмбезіне дәл келеді.

Сырдарияның сәулет өнерін Ораз жас кезінде есінде тұтқандықтан, оны Қасым қаласына апарып көтереді. Бұл қалада әдемілеп салған үйдің бірі – мұнарасы биік көркем мешіт. Оны тұрғызған кірпіштің ұзындығы 13 дюм, о да Сыр бойына барған шындықтың бір түрі. Хан сарайы XVII ғасырда бұзылып біткен. Оның күншығыс алдында құлпытасқа жазу түсірген билердің

көп күмбездері болған. Оразмұхамметтің өз күмбезі Староспаский бейітіне қойылған. Бір кезде ол көркем, сұлу күмбездің бірі, кейін бұзылып біткен. Мұндай әдемі үлгімен Оразмұхаммет салдырған оймыштар, тастар, жазулар Қасым қаласында өте көп болған. Оларды өз заманында өнер үлгісімен жазып кеткен атақты ғалымдар П.Паллас, В.В.Вельяминов-Зернов, Хусаин Фаизханов бұл тастардың үлгісіне, оның әдемі жазуларына аса қызығуы сонша, Хусаин Фаизхановқа кеңес беріп, соны жақсылап зерттесе қандай жақсы болар еді деген тілек білдіреді.

Зерттеушілердің барлауынша, хан сарайы билер кеңес құратын, Түркістанда, Сауранда, Күлтөбеде, Отырарда кездесетін сарайларға ұқсайды. Оның кең отыратын залдары көп, биі жиналып басқосуға арналған. Бұл тәртіпті Оразмұхаммет бабасы Орысханның мұрасынан анықтап білген. Қадырғали Жалаиридың, тағы өзге жазушылардың суреттеуінше, Дешті Қыпшақта, оның ішінде Орысхан билеген Ақ ордада қауым екіге бөлініп оң қол, сол қол болып басқарған. Қадырғали Жалаиридың жазуынша, Орысханның ордасына қауымдар, әсіресе Қанлы елінің бектері, билері (толық екі сап), қауым «алаш мыңы»-арғын, қыпшақ, қоңырат, үйсін, найман (үш сан), қашаған қауым (өзбекпен аралас), бәрі де бұ заманға дейін белгілі елдер. Орысханның ордасында билік айтып, шешіле сөйлейтін атақты билер көбінесе Жалаиридан шыққан, оның ішінде ең жүйрігі Қадырғалидың бабалары Софыбек, Етеуілбек [10].

Ескі жазуларға қарағанда Оразмұхаммет Қасым қаласында жалғыз болған жоқ, қиырдағы тайпалардан көп биді өзінің қасына шақырып, оң қол, сол қол тәртібімен билік құрды. Бұл туралы Қадырғали ашық жазған. Оның



ордасында сол қолын басқарғандар Қыпшақ, Ноғайбек би, арғын Шишбек биі, оң қолында Жалаир Қадырғалибек, Еспай маңғыт Саманай бек [11]. Демек, Оразмұхаммет өте білгіш жүйрік кісі болғандықтан өзінің қырмен байланысын ешуақытта ұмытпаған. Әсіресе, тамашасы оның ағасы Тәуекелмен тығыз байланыста болғаны. Мұндағы ең қадірлі нәрсе – сол кездегі мәдениетке үлгі болған Сыр бойындағы қалаларға ең көп тараған тарихи, әдебиет, шежіре туралы айтылатын кітаптардың ең сирек жолығатын түрлерін жиып алуы. Сырдариямен байланысудың мәдениетке үлгі болатын бір келісті түрі – XVI ғасырдағы қазақтардың араб әрпімен жазған хаттары, оларда араб жазуы ғасырлар бойы өз арасына толық қалыптасып, қазақтардағы жазу мәдениеті өзбек, түркімен, татар сияқты бір қалыпқа түскенін көрсетеді.

Қазақтардың араб әрпімен жазған хаттарының ең ескі түрінің бірі XVI ғасырдағы қазақ ханы Тәуекелдің орыс патшасына Федор Ивановқа жазған үлкен хаты. Бұл хатты Тәуекел аса көлемді түрде жазып, 1594 жылы Мәскеуде Құлмағамбет жырау бастаған елші жібереді. Хаттың негізгі сюжеті 1588 жылы Тобыл өзені бойында құс салып жүргенде ұстап әкеткен інісінің баласы Оразмұхамметті босатып алу еді. Тәуекелдің хаты қазақ әдеті бойынша кең толғаумен қариялар келістіре айтатын тақпақ сөзбен, мәтел жырмен қазақ тілінде әдемілеп суреттелген фәлсасафалық мәні бар, терең хаттың бірі. Бұл хатты Құлмағамбет жырау өзінің толғауымен патшаның алдында оқып шығады. Бірақ өкінішті жері хаттың қазақ тексті бергі кезде жоғалып кеткен, сақталғаны тек қана Вельямин Степанов аударған орысша көшірмесі [12].

Ерте замандағы ой қазынасының бірі – Оразмұхаммет пен Құлмағамбет жыраудың кездесуі, жыраудың Қазақстан туралы толғау жырлары, оны Оразмұхамметтің сүйіне тындауы. Ең тамаша жиналыс 1595 жылы 20 қаңтар күнгі әңгімелері. Оразмұхаммет Россияда үлкен орында қызмет істеп жүрген, екі елдің тұрмысын да жүйрік білетін кемеңгер кісі. Бұл кезде ол 23 жаста. Құлмағамбет жыраудың желпініп айтқан толғауына қатты көңіл қойып, Қазақстан қандай түрде өркендеп келе жатқанын білу үшін жырауға бірнеше сұрақтар қояды. Жырау оны қара сөзбен, толғаумен, жырмен асқақтатып айтады. Оның қазақша айтқан ойларын Вельямин Степанов орысшаға айналдырып отырады [13].

Оразмұхаммет жырауға қойған сұрақтарынан бірнеше мысал:

– Сонша алыс жолды менгеріп жүріп келгендеріңізге зор алғыс айтамын. Тәуекел ханның неше баласы бар, аттары кім?

*Жырау:* үлкен баласының аты Құдайназар – 10 жаста, екінші баласы – 8 жаста, үшінші баласы – 4 жаста. Олардың баласы жақсы тұрады, тегі құшақтап, алдыңнан бас иеді, сенің көзіңді көріп қуанғысы келеді.

*Оразмұхаммет:* – Тәуекел, Қызылбас елшісі келіп тұра ма?

*Жырау:* – Тап сондай, келіп тұрады.

Ол кездегі терең жазылған хаттың бірі Оразмұхамметтің ағасы Тәуекелге жазған хаты. Хат көркем тілде қазақша жазылған, терең фәлсафалық хат. Қазақ әдебиетінің орта ғасырдағы жазба түрінің бірі. Хаттың бастауында былай деген: «Бір ауыз сөз айтпаған кісіні Құдай да сүймейді, ол адамға да керегі



жоқ. Сенің анаң Ас-ханым, қарындасың Алтын бике, менің анам сенің келінің – Алтын ханым, бақ бике солардан сансыз сәлем».

Хаттың қазақ тексті сақталмаған, тек орысша аудармасы бар [14]. Бұл хаттан көрінетін шындық. Оразмұхаммет Мәскеуде, не Қасым қаласында тіпті жалғыз тұрмаған. Оның әкесі Ондан сұлтанның бұрынғы үйі тегісімен оның қасына барып қосылған. «Сенің анаң Аз-ханым, қарындасың Алтын бике, менің анам сенің келінің Алтын-ханым» солардан сәлем деу мұны ашық сипаттайды. Аз-ханым атақты Шығай ханның бәйбішесі, Тәуекел мен Ондан сұлтанның шешесі, Алтын бике сол Аз-ханымның қызы, екеуі де ұл Онданның қолына болған. Алтын ханым Оразмұхамметтің өз шешесі – Онданның бәйбішесі.

Демек, Құлмағамбет елші Мәскеуден Сауранға қайтарында Оразмұхамметтің үйінде тұратын ұлы ана Аз-ханым, Ондан сұлтанның бәйбішесі Алтын ханым тағы басқалары Сауранда тұратын кісілердің бауырларына көптеген сый тарту жібереді. Сый тартқан кісілердің бірі Тәуекел ханның өзі, оған Алтын-ханымның атынан әдемі бұлғыннан жасаған қамқалы тон жібереді, інісі Есім сұлтанға кейін еңсегей бойлы ер Есім – қазақ ханы – алтын етік Ибраим, Құдайназар, Махмұд тағы басқаларға да көп тарту жібереді [15].

Оразмұхамметтің Қасым қаласында жасауымен байланысты өзгешеліктің бір түрі мешерлердің шығуы. Тіл, тұрмыс жағынан ескі мешерлер қазақ тіліне өте жақын. Кейбір ғалымдар мешер тілі ескі қыпшақ тілінің қалдығы деп анықтайды. (В.В.Радлов, «Кодекс куманикус»). Тарихи материалдарды салыстырып қарағанда, Қасым қаласында жасаған Оразмұхамметтің үй-іші,

ұрпақтары қырдан шақырған билер, бектер тобы, әскери ұландар тегісімен өзгеріп мешерге айналғаны көрінеді. Бірақ олар Сырдария бойындағы қалаларда болған мәдениет түрлерін Қасым қаласында көрсете білген.

Оразмұхамметтің Мәскеуде тұруымен байланысты елшілік ісі Россия мен қазақ хандығының арасында күшейе бастайды. 1595 жылы Құлмағамбет елші Мәскеуден Сауранға қайтарында елші болып сайланған Вельямин Степанов онымен еріп Қазақ хандығына келеді. Екі ай бойы Сауран қаласында Тәуекелдің сарайында жатып кеңеседі. Тәуекелдің Вельямин Степановты қалай қарсы алғанын елші былай деп суреттеген.

«Тәуекелдің қысқы, жазғы ордасы бөлек. Жазғы ордасы үлкен алты шатыр, оның сыртында қаладағы ордасы тұр. Хан сарай алдындағы артық шатырында отыр. Оның қасында Сүтемгеннен басқа ешкім жоқ, ең жақын адамы Ысмайыл батыр екені байқалады [16]. Степанов 1595 жылы Мәскеуге қайтады. Тәуекел онымен бірге Мұрат сұлтан бастаған қазақ елшілерін жіберіп Оразмұхамметке арнаған кітап қолжазбаларын толтырып бірге қосады (қара: Статейный список бытности Степанова в Орде 1595-1599 гг.)». Бір кемшілігі Сауранда отырып ел билеген Тәуекел ханның ісін, қаланың тұрмысын, елін, ондағы мәдениет түрлерін, биік мұнарасын, Степанов толық жазбаған. Ондай үлгілер Сырдария қалаларында XVIII ғасырға дейін сақталып келеді [17].

Оразмұхамметтің қазыналарының ішіндегі ең күрделісі оның күміс жәшікте сақтап келген кітапханасы ағасы Тәуекелдің ұйымдастыруымен, XVI ғасыр соңында қазақ тілінде тәртіпке келтірілген



кітаптар, қолжазбалар, барлығы патша мұрағатында №38 жәшікте сақталып келген. Академик Френның зерттеуінше, бұл жәшікте төменде көрсетілген кітаптар қолжазбалар, шежірелер топталған: Тарих Түркістан Мұхамед бин Госман [18], Тарих ал-Измин Женди (Сырдария) [19], Тарих-ал-Чингиз Хайфизи Ташкенди [20], Тарих Чингиз-хан [21], Дастан нәсіл Чингиз хан [22], Кисса Чингиз хан [23], Тарих ал-Жошы молык (Дешти-кыпчак) [24] фи Баян Дастан Чингиз хан [25], фи Баян дастан Ақсақ Темір [26], фи Баян Дастан Едіге мырза [27], Токтамыс, Темір, Едіге [28], «Тарих Капраун» деген кітапта мынадай жыр айтылған.

Байлар – байлар балішер орта сыра ішер, қыз алмаған жас жігіт қызды құшып қымыз ішер [29]. Оразмұхамметтің жәшігінде сақталған кітаптардың барлығы Азия мұражайында, кейін Күншығыс институтында болып келді. Олардың ішінде «Насап наме» [30], Дастан Едіге би» [31], «Дастан Айса ұлы Ямет» [32], «Дастан Ақсақ Темір» [34], «Сиыршы» [35], «Дастан қызы Көрпеш-Баян сұлу» [36], «Тарих Рашидди» [37], тағы басқалар. Мұнда «дастан» деп жазылған кітаптардың аттары тегісімен Қадырғали Жалаиридың жазғаны сияқты соның стиліне келеді. Мәселен: «Дастан Орысхан», «Дастан Оразмұхаммет», «Дастан Едіге би», «Дастан Темір құтлық хан», «Дастан Шығай хан», тағы басқалар. Бір тамаша жері Оразмұхамметтің кітапхана жәшігінен акад.С.М.Френ көптеген қазақ шежірелерін табады, олардың ішіндегі ең ескісі «Қиян Домбауыл мерген шежіресі» [38], «Алаш мыңы» [39], «Үйсін Майқы би шежіресі» [40], «Қыпшақ Құрлеут шежіресі» [41], «Қыпшақ ордаш Құлмұхаммед би» [42], «Боденстай Белгітай шежіресі» [43], «Едіге би шежіресі»

[44], «Едіге би» [45], «Орақмамай» [46], тағы басқалар. Бұлардың барлығы XV-XVI ғасырларда, одан бұрын да қағаз бетіне түскен халықтың әдемі қария сөздері, кейін оларды Г.Н.Потанин қазақ қарияларынан жаңадан жазып алып халыққа таныстырады [47]. Қазақтарда сақталған Шыңғыс хан шежіресін – «Шыңғыс наме» кітабын топтаған қазақ ғалымдары жарыққа шығарып жүрді, солардың ішіндегі аса қадірлісінің бірі А.В.Васильев пен Балғынбаев бастырған «Чингиз наме» [48] оған В.В.Бартольд көз қырын салды [49].

Оразмұхамметтің кітапханасында сақталған кітаптардың ең бағалысының бірі өзіне дос болған серігі, әрі атақты биі, көркем тілде қазақша жазатын асқан жазушы Қадырғали Жалаиридың шығармасы. Оның кітабы 1598 жылы жазылып біткен, әуелдегі аты қандай екені белгісіз жазудың бас-аяғы жоғалып кеткен. Оны бірінші рет бастырған И.Н.Березин, Рашидеддиннің үлгісіне қарап бұл шығармаға да «Жамич ат-тауарих» деп ат берген (шежірелердің жинағы). Қадырғали бұл кітабын өзінің жақсы көрген досы Оразмұхамметке арнаған. «Бұл тарих Оразмұхамметтің ата-анасынан құллық қыла келген Жалаир тарих тамғали ерді «Шыңғыс наме» кітабінен фарсы тілінен түрк тіліне үлгірді. Каусын, соңғы заманда болғанларыны өз ойынан тәснп қалды». Кітапта Россия патшасы Борис Федоровичке зор алғыс айтады. «Патша хазретлері Борис Федорович ұлуғ бек ақ хандур. Мемлекеттің күшті иесі айналасы алты хан, төңірегі төрт хан, дүниенің төрт бұрышын билеген хан, халамықын әділлік пен Сұрған хан, жетімдерге рахым қылып, шығайларды тойдырған хан, жеті ықылымды тегіс алған хан тақты Қазань, тахт Хажы тархан, тахт Тура тахт Сарай».



Патшаның ұлы мерекесін сол кездегі жыраулардың тілімен толғайды. «Кеше күндіз ғайш уа ғұжратқа шырқамыш қылды, ол заман улуг ғазым тойлар қылды, бал арақты хисапсыз құйды, жылқы уа қой, сиыр бисаяр көп өлтірді».

Қадырғалидың осылай келістіре сөйлеуіне қарағанда ол сол кездегі атақты жазушының бірі болған. Бұл кітаптың тілі, мазмұны, оны жазушы бүтіндей ерекше болғандықтан, Шоқан оған зор ғылыми мән беріп, бұл қазақ тілінің жақсы бір мұрасы деп білген оның түсіндіруінше: – В отношении сведений о киргизах самое первое место занимает «сборник летописей» издания Березина, замечательных тем более, что представляет единственно памятники прошедшей жизни казахов. Он написан в конце царствования Бориса Годунова... В нам степных уподоблений поговорен без дна [50].

Қадырғали XVII ғ. басында Россияда болған бұлғақ туралы бір ауыз сөз айтпайды. Ол бұлғаққа Оразмұхаметте қыза қатынасып өзі Лже-Дмитридің қолымен өледі. Оны жазбауына қарағанда Қадырғали XVI ғ. соңында қайтыс болған сияқты. Бірақ оның кітабы сол кездің өзінен көзге түсе бастаған. Оған бірінші көңіл қойған жазушы Әбілғазы. Бұл кісі Қадырғалидың кітабын Есім ханның үйінде қонақ болып Түркістанда жатқанда оқыған болу керек. Есім Тәуекелдің інісі Оразмұхаметтың ағасы. Мәскеуден қазақ елшілер алып келген Қадырғалидың кітабы, Есімде болуы айдан анық. Сондықтан бұл кітапті Әбілғазы бір ғана Түркістан қаласында оқыды [51]. Орта Азияда өзге қалаларда бұл кітап болмаған. Россияда бұл кітапты жақсы білген П.И.Рычков [52]. Н.М.Карамзин [53]

олар танысып, керек жерін пайдаланып отырған. Әбілғазы оқып шыққан бұл кітаптың көшірмесін Ибрагим Халфинның френге жазуынша 1819 жылы Қазақ университетінің кітапханасы сатып алады. Ол кітапты Ибрагим Халфин жақсылап оқып шығып, Әбілғазының шежіресімен салыстырып шығады, сол кітаптың мазмұнымен және Әбілғазыны пайдаланып «Ахуал гингиз-хан уа Ақсақ-Темір» деген кітабын жазады. Френ Қадырғалидың бұл екі тізімінде жақсы білген. Бірақ ол кісінің зерттеуінше, ең жақсы нұсқасы Оразмұхаметтің жәшігінде сақталған Қадырғалидың өз қолымен жазған нұсқасы. Френ Ибрагим Халфинге кеңес беріп, Әбілғазыны осы нұсқамен салыстырып көріңіз», – дейді. (*Ибрагим Халфинның Х.Д.Френге жазған хаттары Архив Акад. наук, ф.778, оп.у.339, М. 16-17*)

Қадырғалидың жазғандарын да, Шоқан айтқандай, ең қызықтысы XV-XVI ғасырдағы қазақ тарихы, Шоқан оны қазақтардың жеке тұрған бір белгісі – «Единственные памятники казахов» – деп анықтаған [54]. Бұл тартуға кіретіндер «Дастан Орысхан», «Дастан Құтлық Темір», «Дастан қазақ ханаларының шежіресі», «Дастан Оразмұхаммет Ондан сұлтан», «Дастан Тоқтамыс хан», «Дастан Едіге би», «Дастан Әбілхайыр хан», (қазақ хандарының шежіресі тура XIV ғасырдан, Орыс ханнан бастайды) жазушының суреттеуінше, «Жошының әскері екінші ұлы Батуға қалды, халық оны «Саиын хан» айтады. Ол Саиын Шамал тарауындағы олейтлерді, Ыбыр-Сібірді, башқұртты, Қырымда Дешті Қыпшақты тегіс өзіне қаратты, өзі Еділ бойында опат тапты» [55]. Әбілхайыр Ташкент, Түркістан өлейетінде патша ерді. Аның қабірі Сығанақта тұрды. Әбілхайырдың



Нұрадын мырза ұғла Уақас бекпен бисияр махаббатлігі бар ерді. Андағ ойтұрлар кім: «кесенің бір жағынан болды біреуі ішсе, бір жағынан екіншісі ішер ерді» [56]. Уақас Едіге бидің немересі, Нұрадының баласы, қырдағы көп манғыттың көсемі. Олар Әбілхайырды жақтаған. Тоқтамыс Сарайдан қашып Шамал таратына келді. Көп уақыт ашаршылықта болып жүрді. Соңынан (Темірге) кісі салды, әуелі Жетім батырды, одан кейін Төбел батырды, одан кейін арғын Қара қожаны салды. Өздері бірнеше нөкерлерімен (Есіл бойында) жатып жүрді. Едіге ұлы Нұрадын мырза көп әскермен келіп Тоқтамыстың (Есіл бойындағы) қарауылын басып алды. Жетім батырды тағы өзгелерін өлтірді, ғафыл болған ханды сол жерде опат қылды [57].

Бұлардың барлығын Қадырғали өзінің көзімен көргендей ашық жазады. Өйткені, бұл оқиға халықтың ойына толығынан орналасқан көркем қария сөздің бірі болған. Қазақ шежіресі бойынша Тоқтамыс пен Едігенің қабірі Ұлытаудың ең биік шыңында, биікте тұрғаны көрінеді. Қазір тас оба түріне айналған. XV ғасырдағы қазақтар оны «Едіге тауы» деп атаған.

Ең мазмұнды тарих «Едігенің шежіресі». Едіге атақты би, XIV ғ. соңында Темірқұтлық ханмен бірігіп істеді, Темірқұтлық Орысханның немересі, Темір – Мәліктің баласы еді. Едіге би 63 жасында опат болды (1419 ж). Оның арғы атасы Баба Түктес Қаратауды, Құмкентті мекен еткен данышпан кісі. Баба Түктестің төрт ұлы бар еді, бірі – Еділмен Меккеге барып патшалық құрды, бірі қағбада өлді, бірі – Үргеніште жатыр, бірінің аты – Терме Еділ-Жайық бойында тіршілік етті. Терменің ұлы Қырбыжы, оның ұлы Исламқия, оның ұғы Қадырқия – бұлар тегісімен Еділ

мен Жайықта жасаған. Қадырқияның ұлы Құттықия ол Қаратауда, Құмкент қаласында жасаған, көп жыл Орысханмен істесіп, ең соңында Орысхан оны Шаһыд /жок/ қылады.

Құттықияның ұлы Едіге, әкесінің намысын жоқтап Орысханмен өштесіп өтеді [58].

Қазақ хандарының шежіресін Қадырғали XIV ғасырдан, Айса ұлы Амет, Орысханнан бастайды. Оразмұхаметтің шежіресінде былай деген: «Дастан Оразмұхаммет, хан бін Ондан, Сұлтан бін Шығай хан, бін Жәдік хан, бін Жәнібек хан, бін Барқ хан, бін Құйыршық хан, бін Орысхан. Орахмұхамметтың бәрта ұруғлары бір дастан бір ықлымда келді. Нешік кім Орысханнан Жәнібек ханға дейін төрт ата өткен. Олар өткен заманда жат қылынып ерді, енді Жәнібек /эз-Жәнібек/ ханның ұғландарын бұ заманда тағы жат қылдық. Аның ұғлы, немерелері үлкен ұруғ болып өтті, бұ заманға дейін өте мәлім, белгілі дұр. Олардың әрбір аталары өз өлейетінде падишалық қылып, атағы шығып өтті, аты шулылары көп болды. Ең алды Қасым хан Жәнібектің Жаһан – бикем деген ханымынан туған. Неше уақыттар атасы ұлысында патшалық қылды, жанындағы өлейеттерді өзіне қаратты. Оның хикаяты әр жерде келур, машһур турур. Билахыр Сарайшықта опат болды. Бутуы аның қабірі Сарайшықта турур. Аның ұғлы Ақ-Назар хан, Ханық сұлтан ханымды туған. Аның хикаяты Мағлұм, Машһур тұрур. Ақ-Назар хан өз араларында бұлғактық болып опат тапты. Аның ұғланларындан патшалық бүгүн тайды. Қасым хан заманында оның Машһур ұғлы Жәдік хан ерді (Ногай)Шығым мырзамен ұрысып, Жыланды төбеде шаһид болды. Аның қабірі Үргенчте Бақырған атада.



Жәдік ханның хатына, қамасы көп еді, ұғланлары һам көп еді. Аты шулы Машһүр ұғланлары бұлар туыр: Тоғум хан, Бөкей сұлтан, Шығай хан, Мәлік сұлтан, бұ кісінің анасы Абай хан бикем туур».

Қадырғали Жалаири өз замандағы халық шежіресін бұлтарусыз, болған қалпында жазады. Оның айтуынша, Жәдіктің баласы Тоғум ханның ұрпақтарын «тоғыз сары» деп атаған, оларға патшалық тимеген. Бұрындық жомарт кісі еді, нәсіліне мәртебе тимеді, Таир біраз хандық құрып, патшалық ісін білмеді.

Қадырғалидың аса қадірлеп айтқаны, әсіресе, ел басшысы – Оразмұхамметтың бабасы Шиғай хан. Бұл кісінің хикаяты әр халде ерлік ісі мен Мәшһүр болуы. Шиғайдың қабірі Күміс кенте, Ғали атаның фанасында туур.

Шиғай ханның қатындары көп еді, мағлум машһур үш ордасы бар еді. Олардан туған ұғланлары – Сенд – құосұлтан, Ондан сұлтан, Алтын ханым бикемден туған ерді. Тәуекел хан, Есім сұлтан, Сұлтан Сабырбек, бұ ұшысының анасы Жигатның Жақсы бикем еді. Али сұлтан Шахим сұлтанның анасы Бұрындық ханның қызы Дадам ханымнан туған ерді. Ондан сұлтанның хикаяты әр жерде жолығып отырады, бисайыр ұлу батыр ерді, Шиғай ханның уақытында қолбасшы әскер еді. Билахыр қалмақ шаһид қылды. Отыз жасында опат тапты. Оның қабірі Қожа Ахмет Яссауи фанамнда дәфін болды. Оның қатыны, қамасы көп ерді, екі ұлуғ ордасы бар еді. Хатыны Алтын – ханым Осек ұғлы Болат сұлтанның қызы, ұғлы Оразмұхаммет Тәтті ханымнан туған ерді, Оразмұхаммет сегіз жасында ұлуғ бабасы Шиғай ханнан жұда болды, он үш жасында өз бабасы Ондан сұлтан шахид болды. Одан қалып, бірнеше

уақыт тарлық көріп, Сейд бидің алдында кіріптарлық шекті. Одан 16 жасында бүкіл христиан патшасы Борис Федоровичтың құллығына хазір болды [59].

Бұлай XIV ғасырдың соңында әдемі оймен қазақ тілінде келелі сөз жазып қалдыру, қазақ халқының тарихын, шежіресін, тұрмысын әдемілеп суреттеу – бұл сарқылмайтын мәдениет дүниесінің келісті бір түрі деуге болады. Ой жүйесінің әдемі құрылу тілі, көркемдік бейнесі Қадырғалиды сол кездегі кемеңгер кісінің бірі етіп сипаттап, оның білгіш, жүйрік, оқымысты кісі екенін көрсетеді. Кітап бойынша Қадырғали араб, парсы, түркі, орыс тілдерін бірдей жақсы білген. Оның көп оқығандығы кітаптың әр жерінде, «бұл мәселе көп жерде кездеседі» деуінде ашық көрініп тұрады.

Сөйтіп, Қадырғали Жалайыр тайпасынан шыққан қазақтың бірінші ойшы ғалымы, данышпан жазушысы, өрнек қалдырған мәдениет мұрагері. Өзінің жазуында да Жалайыр тайпасын жоғары көтеріп ардақтаған. «Алаш мыңы арасында ұлығы тарақ тамғалы Жалаир болғай». Оның жазғандарын қазақ жазу мәдениетінің бірінші үлгісі деп тану керек.



### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Акты, собранные в библиотеках и архивах Российской империи археографической экспедицией. т. I. Спб. 1836, стр. 333, 339.
2. С. М. Frachn. Uras – Mufammedis chan Kasimowienis gum Academic imp Seint. Museo Agintico asserv Aur. SM. Memoires de st. peterourg, t. VII, 1822, h-497-522 tabl XIII, С. М. Frachn 6 Antiquet Muhammedanus Monumenta Vasia Explicuit, particular II. Peboroli, 1822, p. 1-26.
3. Darn. Das AsinCische Myseum der Kaiserlichen academic der, Wissenschaften Zur St peterlury, 1846, стр. 6, 28, 133, 169.
4. Акты, собранные в библиотеках и архивах археографической экспедицией. т. I. Спб. 1836, стр. 339, № 289
5. В. В. Вельяминов-Зернов. Исследования о Касимовских царях и царевичах. ЗВО, ч. X. Спб. 1864, стр. 111-112.
6. Библиотека восточных историков. Сборник летописей с русским предисловием. Издание И. Н. Березина. т. II, ч. I. Казань, 1834 г., стр. VI; Березин, И. Татарский Летописец. Москвитаник, 1851, № 24.
7. Карамзин Н. М. История государства российский, т. X. стр. 16, 114.
8. Тағы сонда, стр. 63.
9. С. Н. Терпигоров. Лакейская столица. Исторический Вестник, т. XXXII, № 4-6, Спб. 1888.

10. Библиотека восточных историков. Издание И. Березина, т. II, ч. I. Казань 1854, стр. VI.
11. Тағы сонда, стр. 14 Л
12. ЦГАДА, ф. 122, 1595, оп. 1, д. 2.
13. Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Алма-Ата, 1961, стр. 3.
14. Тағы сонда, стр. 11-12.
15. ЦГАДА, ф. 122, 1595, оп. 1, д. 2, ЛЛ. 45-48.
16. Тағы сонда. ЛЛ. 91-94.
17. А. Добросмыслов. Города Сыр-Дарьинской области. Ташкент, 1910, стр. 109-110; К. А. Акишев, К. М. Байпаков, Л. Б. Ерзакович. Древний Отрар. Алма-Ата, 1972, стр. 201-212.
18. Архив Академии наук СССР ф. 778, оп. оп. д. 20, Л. 12 (архив акад. Френа).
19. Сонда, Л. 10
20. Сонда, Л. 13
21. Сонда, Л. 13
22. Сонда
23. Сонда
24. Сонда, Л. 13, 21
25. Сонда
26. Сонда
27. Сонда
28. Архив Акад. наук (архив Френа), ф. 778, оп. I, д. 137, Л. 1-30.
29. Архив АН СССР, ф. 778, оп. I. д. 20
30. Архив Института востоковедения, колл. 321
31. Сонда, № 590
32. Сонда, № 590
33. Сонда, № 590
34. Сонда, № 590
35. Сонда, № 1
36. Сонда
37. Архив АН СССР, ф. 778, оп. I. д. 122, ЛЛ. 47-48



38. Там же, д.123, Л.57 об.  
 39. Сонда, Л.54-57.  
 40. Сонда  
 41. Сонда, Л.52  
 42. Сонда, Л.48-58  
 43. Сонда, Л.Л.72-72  
 44. Сонда  
 45. Сонда, ЛЛ.93-95 об.  
 46. Г.Н.Потанин. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки. Живая старина, год XXV, 1917, вып. II-III, стр.47-52 (Чингиз наме. Домбаул, Боденстай-БельгІтай).  
 47. А.В.Васильев и Балгныбаев Чингиз – наме  
 48. В.В.Бартольд, т. V  
 49. Ч.Ч.Валиханов. Собр.сочинений. т.І, стр.121-130, 142-164  
 50. Абулгазы. Родословная тюрков. Румянцевское издание, стр. 22-23  
 51. П.И.Рычков. История Оренбургская. Оренбург. 1896, стр.70  
 52. Н.М.Карамзин. История государства российск, т. X, с.123  
 53. Ч.Ч.Валиханов. Собр.сочинений. т.І  
 54. Кадыргали Жалаири. Жамих ат-таварих 102-бет  
 55. Сонда, 105-бет  
 56. Сонда, 105-бет  
 57. Сонда, 141 бет  
 58. Сонда, 14 б.-140 бет  
 59. Сонда

## МАЗМУНЫ

Древние казахские племена и образование казахского ханства.....	6
Саки .....	8
Гунны .....	17
Усуни .....	37
Канглы .....	49
Огузы .....	57
Карлуки .....	61
Дулаты и жалаиры .....	67
Аргыны .....	71
Найманы .....	75
Кереи (керейты) .....	81
Кипчаки .....	89
Алшыны .....	102
Объединение древних племен в эпоху Западно-Тюркского каганата .....	106
Союз «Алаш».....	120
Завершение консолидации древних племен....	129
Казахское ханство .....	139
Тарихи дәуірдегі қазақ тайпаларының жазу мәдениеті .....	168
Таңбалы тас жазуы – ұлы мұра .....	241
Найман, керей, өңгүттердің жазулары .....	272
Найманы.....	289
Петроглифы с тотемом волка тотем племени шапырашты .....	297
Тарихи дәуірлерден сақталған мәдениет .....	313
О значении эпиграфических памятников Казахстана .....	331
Древние караванные пути через пустыню Бетпак-дала .....	343
Адайда .....	363
К вопросу о социальной структуре тарханных грамот и пайзе .....	369
Қазан университетінің кітапханасындағы қазақ қолжазбалары .....	392
Оразмұхамметтің кітапханасы .....	425



**Ә.Х.МАРҒҰЛАН**  
**ШЫҒАРМАЛАРЫ**

**Он үшінші том**

**Жауапты шығарушы - «Алатау»  
баспа-полиграфиялық корпорациясы**

*Президенті Ы.С.КЕНЕНБАЙ*

*Редакторы - Қ.Ә.БӘКІР  
А.Г. ПОЗДЕЕВ-БАШТА  
Беттеген - Ә.А.БАТЫРБАЙ  
Көркемдеуші - В.В.СТЕНЯКИН*

Теруге 05.06.2012 ж. берілді. Басуға 08.08.2012 ж. қол қойылды.  
Пішімі 84x108/16. Қаріп түрі "Times New Roman".  
Шартты баспа табағы 23.52, қосымша жапсырма 6.72.  
Таралымы 2500 дана. Тапсырыс № 983

ISBN 9965-807-63-9



9 789965 807633



«Алатау» Баспа-полиграфиялық корпорациясы.  
Алматы қаласы, 050026. Төле би көшесі, 130 «А».



АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды.  
Алматы қаласы, 050026. Мұқанов көшесі, 223 «В».  
тел.: 378-36-46, e-mail: ao@almatybolashak.kz



